

84
M

МАҒЗҰМБЕК
МАШАЙЫҚҰЛЫ

ҰЛЫТАУДА
ҰЛАР БАР...



Мағзүмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ

ҰЛЫТАУДА ҰЛАР БАР...

Жезқазған, 1999 ж.

Осы кітаптың жарық көруіне қамқорлық жасаған Жарқынбек Бөлендинге, Сайлау Обайдуллинге, ағалық алғысымды жеткіземін.

Осы кітапқа үлес қосқан адамгершілігі асқан, жаны жомарт, пейілі кең азамат Богдан Қамысқановқа, ардақты ағамыз Майтон Алпысбаевқа, Ұлытау қорық-музейінің ұжымына, жеке кәсіпорын басшысы Жексен Әбілғазинге ризашылық білдіремін.

Автордан.



АҚЫНДЫҚ КӨКЖИЕК АЙШЫҚТЫ БОЛҒАЙ

Адамгершілік қасиетімен, кісілік келбетімен өз ортасына сыйлы атанған Мағзұмбек Машайықұлының ақындық бетпердесіерте ашылған десем артық айтқандығым емес. Аудаңдық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде үзбей жарияланып жүрген өлең, балладалары қалың оқырман жүрегіне жол тауып, қалам иесінің қарымын бірден байқатқан еді. Жаңа туындыларды, әсіресе еңбек адамдары жылы қабылдай білді. Өйткені, олар әр шығармадан өздерін, өздерінің жасампаздығын таныды.

М. Машайықұлы өмірде де, өлеңде де қарапайымдылығымен дараланады. Ол нені жазсада, нені айтқысы келсе де аптықпайды, апырақтамайды, Халықтық жатық тілмен дәл жеткізуге ұмтылады. Тіршіліктегі қандай бір шақтарда да үлкенге-құрметпен, кішіге — ізеттілікпен қараудан аспаған. Өзгеге сене біледі, өзгені де сендіре алады. Мұның өзі ақын туындыларының бойынан аңқып тұрады. Осы жинақты парақтаған жанның Мағзұмбектің жан сарайына үңілгендей болатыны да сондықтан. Ал, ақынның жан сарайы әлемдік кеңістіктің бір тұңғығы екені тағы шындық:

«Ойламай жеке бас қамын,
Күндемей бағын басқаның.
Жамандық төнсе біреуге,
Жуытпай оған жасқадым.
Адалдықты ту етіп,
Жамандыққа баспадым

Адамдық ардан аспадым», —

дейді Мағзұмбек бір өлеңінде ағынан жарылып. Бұл - ақынның ұстанған өмірлік кредосы. Ол жүріп өткен жолында осы бағыттан ауытқымауға, осы соқпақтан жаңылыспауға тырысады. Дегеніне жетеді де. Оған дәлел "Ұлытауда ұлар бар"... жинағы. Шындыққа сүйенсек, М. Машайықұлының өз ұлары бар. Онысы - ақындық қасиеті. Міне соны

ардақтай білген жан бүгінде өз биігіне жеткен деп толық айта аламыз.

«Ашылмай аран арамға,
Болмасын азға таласу.
Ас болар әркез адамға,
Қайғысыз ішкен қара су», —

дейді ол тағы бірде. Бұл да ақын жанайқайының жаңғырығы Ол баршамызды елдікке шақырады, жылымыққа алданыпжылы дүниені суытпауға үндейді. Өлең әлемінің заңдылығы, жандылығы осында.

Кезінде Мағзұмбек Машайықұлына ақын-жазушылар Мақұт Бексейітов. Жайық Бектұров сәттілік тілеген екен. Баспасөз беттерінің қиындылары оларды бізге жеткізсе, Біз үлкендердің аманатын ақтау жолында ақын туындыларын көпшілікке тарту етіп отырмыз. Қабыл алыңыздар, құрметті оқырман қауым!

**Төкен ӘЛЖАНТЕГІ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, Төлеген
АЙБЕРГЕНОВ, атындағы
сыйлықтың лауреаты.**

ТАТУЛЫҚ

Тойларыңды бөлініп тойламашы,
Ортақ бізге әжемнің қойған асы.
Татулыққа не жетсін тіршілікте,
Бір-біріне жамандық ойламашы,

Бұл жалғанда кіріптар пенделік жоқ.
Еш нәрсеге ешкімде кенделік жоқ.
Алшы достым қолыңды қақпаймын мен,
Менде болса дүние сендегі жоқ.

Өмір алтын тірлікте ұямыз ғой,
Татулық шығар биік қиямыз ғой,
Бірімізді — біріміз күндемейік,
Дүние кең бәріміз сиямыз ғой

Мансап, шенге байлыққа қызықпайық,
Қуанышты бірлесіп қызықтайық.
Демегі жібер досыңның қолтығынан,
Андаусызда аяғы кетсе тайып
Азаматқа, достарға осы лайық.

МИНЕЗДЕМЕ

(Мөрлібек Мұратбаевқа)

Терен ойлы, ақылды, салмақты адам,
Адалдықты кіршіксіз ардақтаған,
Кешірімсіз кісіге екі жүзді,
Өтірікші, опасыз, арды аттаған.

Бақ қонды деп басыма тасымайды,
Қиындықтанкездескен жасымайды,
Сәтсіздікте, байлықта, қонған бақ та,
Еместігін біледі басы-байлы.

Бір қалыптан қашан да өзгермейді,
Алып-кашты арада сөзге ермейді,
Жан біткенге жасайды жақсылықты,
Даласындай жазира дархан пейілі.

Қарапайым, жоқ ешбір кісілігі,
Үлкенді аға етеді, кішіні іні.
Әділетті ту етіп ұстаған жан,
Терен адам теңіздей түсінігі.

Азаматқа айқара ашық құшақ,
Ұстай алмас тұлпарды ешкім тұсап.
Білетінбіз шынға ерлеп шығарынды,
Қап түбінде жатпайды алмас пышақ.



АР - ТАРАЗЫ

МИНАЖАТ

Бисмилла рахман — иррахим,
Сыйынады бір ақын.
Жар бол өзің жасаған.
Досымнан көп қас адам,
Өзін бол басшым асабам.
Жауыздар жортса шаң емес,
Жамандық ұшар шашадан.
Өмірдің қадірін білмейді,
Бақ-дәулетке мас адам,
Тамағы тоқ, көйлек көк,
Рухани бірақ аш адам,
Қалмай жүріп соңынан,
Ызыңдар жаман масадан.
Жақсының қадірін білмейді,
Жамандық қуған нас адам-
Шапағатонда болмайды,
Жүрегі беріш тас адам.
Айтқаныңа түсінбей,
Балшықтан құйған мүсіндей
Немесе тастан қашаған.
Аққа қара жапсырар,
Қөңілі кір лас адам.
Шаш ал десе ондайға,
— Дейді бірден бас алам,
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Отыз үш мың сахабам.
Тоқсан тоғыз машайық,
Сондайлардан сақтай гөр.
Тас атқызбай тасадан.
Ғайып ерен, кырық шілтен,
Қызыр — Ілияс, Қәмел — пір,
Ақындарды қолдай жүр,
Жар бол өзің жасаған.
Табылады бәрі де.
Болса ден сау бас аман.

БОРЫШЫҢ

Адам боп келдің жалғанға.
Адам боп өту борышың.
Үзікке барып жалғанда.
Әлсізге бер қол ұшын,
Қалады атың артыңда,
Кетсебасың сол үшін.
Елің үшін тартынба,
Тартынсаң елдің қорысың.
Ағайын-туыс, дос-жаран,
От басыңның сорысын.

АЛТЫН ЖИМА

Алтын деген әсекі,
Кіреді адам ажары.
Алтын деген бәсеке,
Қызадыөмір базары.
Сол алтыннан болып жүр,
Талайжанның ажалы.
Сыртынан торып, толып жүр,
Ауғандар оған назары.
Алтын деген жылтырақ,
Адамның сол тажалы.
Көміржисаң үйіңе,
Жаныңды сенің жылытады,
Алтын жисаң үйіңе,
Өзіңді түбі кұртады.

ӨМІР СОҚПАҚТАРЫ

Біз кетеміз, қалмайды өмір тоқтап.
Пәни дүние қайғырмас бізді жоқтап.
Келгеніңді жалғанға білер ұрпақ,
Өшпейтіндей артыңда қалса соқпақ.
Олай болса, мен осы не тындырдым,
Не нәрсені бүтіндеп, не сындырдым.

Ертең менің артымда із қалмаса,
Неге келдім өмірге, не үшін жүрмін.
Бәйтеректей саялы жайқалмасам,
Нық тұрмасам дауылда шайқалмастан.
Мен кектенде еске алып айта жүрер,
Бір ісіммен еліме байқалмасам,
Ауытқысам әділет ережеңнен,
Құлы болсам құлқынның кенезем кең.
Маған мұндай тірліктің қажеті не,
Өзгелермен жүрмесем терезем тең
Мықтыларға жағынып, бұраңдасам,
Теніп келген қауіпті бұра алмасам
Азаматпын деп қалай айта аламын.
Берік ұстап сөзімді тұра алмасам
Көтеретін жүгімді шақтамасам,
Өзіме артқан сенімді ақтамасам
Өзгелердің өзіме сеніп айтқан,
Құпиясын ішіме сақтамасам.
Өзімшалқып тұратын күйді издесем.
Қалғанын біреудің кигізбесем,
Қақ, дәулеттің мен үшін керегі не.
Бір пайдамды біреуге тигізбесем,
Өмір күрес кезекпен жыға алмасам.
Биігіме көздеген шыға алмасам.
Иттірліктің құдай-ау, керегі не.
Бір қажетін біреудің шығармасам.
Кесек тұлға бола алмай ұсақтасам,
Бір аттайтын жерімді үш аттасам.
Мүсәпірлік, тірліктің керегі не,
Жоқты тауып, барымды ұқсатпасам,
Қарасынан тұрмасам ойын ұғып,
Біреу сыйлап тұрмаса біреу ығып.
Дастарханды жинатпай біздің үйге
Біреу кіріп жатпаса, біреу шығып.
Ауқымымды тарылтпай кең алмасам,
Тіршілікте өзіме сене алмасам,
Мұзда жүрген адамдай тайғанактап,
Қиындықты кездескен жеңе алмасам,
Мұның бәрін әшейін қиялдасам,
Бір арнаға жинақтап құя алмасам.
Неге жүрмін, жер басып адам болып,

Құлқынм мен ләпсімді тыя алмасам.
Келгенім жоқ дүниеге өтінішпен,
Алып келді тағдырдың соты күшпен.
Мағынасыз өмірдің керегі не,
Өтер болса күндерім өкінішпен.
Өмір қысқа, ойласам уақыт тар.
Болсын әр кез адамға құдайым жар.
Алашағым аз емес бұл өмірден.
Өтелмеген әлі көп борышым бар.
Сондықтан да шамды кеш сөндіремін,
Асығамын, ісімді өндіремін.
Тәлкегіне тағдырдың көне алмаймын,
Мен оны өз ырқыма көндіремін.

* * *

Мықтымын ба мен осы осалмын ба,
Бойымдағы барды елге тоса алдымба?
Өз есемді өмірден ала алдым ба.
Кінәм жоқ па, ағайын, дос алдында?
Ағымына уақыттың ере алдым ба,
Айтарымды айттым ба, ел алдында?
Көмек сұрап алдыма келгендерге.
Қол ұшымды тартынбай бере алдым ба?
Ашам деген есікті аша алдым ба.
Асам деген асудан аса алдым ба?
Құдай берген дарынның арқасында,
Лепіргеннің екпінін баса алдым ба?
Аз, ба, әлде, есемді мол алдымба,
Оралып қалған жоқ па тораңғыға?
Отбасына қуаныш сыйлайтұғын.
Жақсы жар, ардақты әке бола алдым ба?
Бар ма, менің тірлікте тындырғаным.
Лайлағаным көп пе, әлде, тұндырғаным
Сүйреп шыға алдым ба шын басына,
Шынырауда шындықтың шыңғырғанын.
Осындай бір кеудемді кеулеп сұрақ,
Жүрем кейде мазасыз күйге ұшырап.
Мұндай сәтте оңаша отырамын,
Кетпес үшін бөлініп ой пышырап.

Жайдак мініп шабамын қиял атын,
Ел алдында ісім жоқ ұялатын.
Қолдан келсе жасадым жақсылықты.
Бір адамға болған жоқ қиянатым.
Әулиелік жоқ менде, бақсылық та.
Молшылықтан тап болдық тапшылыққа
Қанағаттың кемесін қайырылтпай,
Арым тұрды әрқашан сақшылықта.
Түскенім жоқ біреудің бақшасына,
Қызықпадым дүние - мал ақшасына,
Жұлып тастап отырдым, екі адамның,
Арасына біреулер қақса сына.
Жақсы — жаман айырдым ара-жігін.
Аттағам жоқ адамның ала жібін,
Алтынына біреудің қызықпадым,
Ауырсынбай көтердім сана жүгін.
Бір адамға жамандық ойламадым,
Арақ ішіп, құмар да ойнамадым,
Бір қалыпты қарсы алдым, сабыр сақтап,
Болса да, болмаса да ойлағаным.
Мықтыларға жалпақтап, жағынбадым.
Қарсы жүздім алапат ағынға мың.
Талай рет сең соғып сүйектері,
Қақ бөліне жаздады қабырғамның.
Оған бірақ жабырқап, жасымадым,
Төгілері ақиқат тасығанның,
Айламды асырамын дегендерді,
Қарусыз ақ, қаламмен басып алдым.
Бақ, — дәулетке семіріп, мастанбадым,
Күндемедім біреудің асқан бағын.
Кімнің болсын кінәсін бетіне айттым,
Бір құдайдан басқадан жасқанбадым.
Өмірге адам екі рет жаралмайды,
Өлім анық, ешкім шет қала алмайды.
Неден қорқам, алса алар қызметімді,
Ал, тілімді суырып ала алмайды.
Жаяу кесіп өтсем де Қарақұмды,
Ешкім жұлып ала алмас қаламымды.
Денім сау, тіл мен жағым аман болса,
Қаймықпай қақ жарамын қара қылды.

Озғаным жоқ әдеттен, салтты бұзып.
Өзімді-өзім тоқтаттым кетсем қызып.
Өткеніме отырдым есеп беріп,
Тастағам жоқ санамнан бірақ сызып.
Іліккем жоқ ешкімнің өсегіне,
Аунағам жоқ біреудің төсегіне.
Жаяу жүріп, қалжырап шаршасам да,
Мінгеспедім басканың есегіне,
Таза ұстадым кіршіксіз арымды мен,
Кейіткем жоқ ата-анам, жарымды мен.
Дұшпаныма жамандық тілемедім.
Досым үшін қиямын жанымды мен,
Ел көрмесе еңбегің жемісті емес,
Жақсы ісінді ешкім де теріс демес.
Жоқ демендер, менде мін, толып жатыр.
Мен де адаммын, күнәсіз періште емес,
Бәйтерек те әйтеуір бір күн сынар,
Соғып тұрған жүрек те бір күн тынар,
Мынау қысқа өмірде адамдардың,
Жақсылыққа болса екен жаны құмар.

ДЕГІЗБЕЙІК АҒАЙЫН

Мақсат деген бір биік шың болады,
Оған шығу адамға сын болады.
Біреу тартып етекпен, бірі итеріп,
Қарға адым жер жүруің мұң болады.
Жете беріп басына сырғып түсіп,
Кейдетіпті жігерің құм болады.
Әлсіздердің шындығы өтірік болып,
Әлділердің өтірігі шын болады.
Жалғыз ауыз сөзі оның матап тастар,
Үзілмейтін тікенек сым болады.
Сондықтан да әлдіні әлсіз көрсе,
Бір ауыз сөз айта алмай жым болады,
Сөйтіп кейде жігерің құм болады.
Біз кетеміз жеткенде мезгіліміз,
Келедіертең өмірдің тың қонағы.

Қалдырмасақ мұра етіп жақсылықты,
Сол ұрпақтар ойлашы кім болады.
Дегізбейік ағайын, дегізбейік,
«Аруақ арты осылай жын болады».

НЕГЕ БҰЛАЙ?

«Ақымақпын ақылды емеспін мен»,
Дейтін адам табылмас кеңес кіммен.
Ондай жанды көрмедім естімедім,
Кезденбері ер жетіп, мен ес білген,
Аз ба, көп пе, өлшемей ақыл сана,
Данышпанбыз жатқан бір өңшең дана-
Періштеміз сүттен ақ, судан таза,
Анадан туғандаймыз жаңа ғана.
Бадырайған көрмейміз мінімізді,
Ғайбаттаймыз жақсы аға, інімізді,
Жамандауға келгенде шебер-ақпыз,
Шығармаймыз мақтауға үнімізді.
Бұғып жүріп жақсыға тас атамыз.
Тамағына у салып асатамыз.
Кетпесін деп биіктеп өзімізден
Кедергіні жасаймыз, жасатамыз.
Тасқа мініп тұлпарды тағаламай,
Өзімізді, өзіміз бағаламай,
Інілерің тартады етегінен,
Күншілдікпентобықтан қағады ағай,
«Адам жаман» тура айтып, анық басқан,
«Жақсы ағамыз» жамандар жалықпастан.
Үлгі алатын ағаның сиқы осындай,
«Шіриді деген осы, балық бастан».
Көре алмаймыз біріміз-бірімізді,
Ұсақтаймызуатып, ірімізді,
Айқын көріп тұрсақ та жақсылығын,
Дәріштеуден қашамыз тірімізді.
Тіршілікте еңбегі бағаланбай,
Өкінішпен өтеді саналы ағай.
Өлгеннен соң мақтаймыз, тұс-тұсынан,
Шулап ұшқан теңізден шағаладай.

Қуратқан соң су құймай терегіне
Үңілмедік айдынның терегіне,
Кезі барда бір жылы сөз айтпадық,
Өлгеннен соң мақтаудың керегі не?
«Адамдардың жаны бір кемедегі»,
— Дег қолтықтан кезінде демемеді,
Сыйласпаған ағайын тіршілікте,
«Құм құйылсын көзіңе» деген еді,
Мықтыларға көлгірсіп, бұраңдаймыз,
Өлсіздерге ысқырған жыландаймыз,
Қара қылды қақ жарып, кесіп айтып,
Тура қарап, қасқайып, тұра алмаймыз,
Неге бұлай, жалтақпыз, қорғалаймыз,
Жақсымызды көтеріп, қолдамаймыз,
Өзімізді итеріп кеудесінен,
Өзгелерге жағынып жорғалаймыз,
Жатыр міне осында сорымыз да,
Қарайықшы оң менен солымызға.
Бірлік болса бақ дәулет қолымызда,
Кім көлденең тұра алар жолымызға?
Өзгелергеағынан жарыламыз,
Өзімізгенеліктен тарыламыз,
Өзіміздікі, іші тарлық, күншілдіктен,
Айтшы ағайын, біз қашан арыламыз?

ШАЙҚАЛМАСЫН ТЫНЫШТЫҚ

Айқастарда жауыздармен канқұйлы
Қас қағым сәт адамды ажал аңдиды
Отан үшін, қасиетті халқы үшін,
Талай қыршын тайсалмастан жан қиды.
Талай үйдің шырақтарын сөндірді,
Ел басына қауып-қатер төндірді.
Тиген оқты елемеді батырлар,
Бейбіт күнде ауырсынған шеңгірді.
Халық күші бір арнаға тоғысты,
Қолдардан оқ, жанарлардан шоқ ұшты.
Саптан шықпай таңып алып жараны,
Отан үшін жауынгерлер соғысты,
Соғыс жұтты жиырма миллион халықты,

Құдай, аруақ барына бек сенемін,
Жырымен тапқан сырқат сексен емін.
Татымсыз жыр жазуға Жамбыл жайлы,
Бабамның аруағынан сескенемін-
Қалай дәріптесек те жарасады,
Биіктеткен жырымен аласаны.
Кремльде қаратқан елді аузына,
Бөрік киген қазақтың кара кара шалы.
Хан емес ол қайқиып таққа отырған,
Оның жыры соғыста сапқа тұрған.
Отаны үшін, халқы үшін қасиетті,
Жалғыз ұлы Алғадай болған құрбан.
Барлық ұлттар жаттаған өлендерін,
Батырлыққа бастаған өрендерін.
Қасиеттерін бабамның түгендеуге,
Жетпейтінін білемін өрем менің.
Жырға бөлеп өтіпті даламызды,
Жақсылардың артында қалады ізі.
Жамбыл туған халықтан айналайын,
Айналайын қазақтың кара қызы.
Құдай да оның жырларын ұнатқан шығар,
Жұмақтың рахатына батқан шығар,
Тайыр, Сайын, Құләшті қасына алып,
Пейіште де жыр жазып жатқан шығар.
Жамбыл жырын Ұрпақтар оқыр әлі,
Өсиеттерін көңілге тоқыр әрі.
Сарқылмайтын артында мұра қалған,
Бабамның торқа болсын топырағы
Әмин!

МЕЙМАН

Мандай тіреп келсең есік қақпашы,
Достарға ашық біздің үйдің қақпасы.
Кірдің бе үйге, босағада кідірмей,
Төрмешық, қабағыңды бақбашы,

Отыр дәм тәт, дархан дастарханымнан,
Аярым жоқ, адал, жақын жанымнан,
Жүрегімде жалындайды бір сезім,
Жаралғандай жаным от пен жалыннан.

Дүниесі болмаса да қаттаған.
Жоқ болса да, өрісте мал қаптаған.
Бір күн ішер асы болса өзі ішпей,
Атам қазақ қонағына сақтаған,

Бұл дастархан сан ғасырдың елшісі,
Жоқ қой одан ас ішудің ерсісі.
Ықыласпен асын беру мейманға,
Атамның бір бөлінбеген еншісі.

ТӘТЕМЕ

Ақ жарқын, ашық мінез жайраңдаған.
Кірбіңсіз қабағына қайран қалам.
Жаны мөлдір өмірде жандар көп қой,
Өзіңдей болсын бірақ қайдан маған.
Жанарың жан біткенді алар баурап,
Жанардан мейірімің тұр алаулап.
Жанынның шуағына құндақталып,
Көңіліңнің көгалында жатам аунап.
Сен бердің жаған «Ерке бала атағын»,
Күлкіңнен көрем әмсе дала таңын.
Мәп-майда Сарыарқаның самалындай,
Маңдайдан сипап өтсе алақаның.

ІНІМЕ ХАТ

Жарқынбек Бөлендинге

Жастайыңнан өрт едің, жігерлі едің,
Арғымағын уақыттың жүгендедің
Ақылды, алғыр азамат болып өстің,
Егескенге есеңді жібермедің.
Биігіне өмірдің ентеледің,
Күткен жерге ентелеп ерте келдің.
Еркелетті ел-жұртың, ата-ананың,
Туды саған олар да еркелер күн.
Құдай берсін бауырым, берсе нені,
Құдай берген жігітке ел сенеді.
Жаратушы жар болып, ел қолдаса,
Екпінінен асқар тау теңселеді.
Бағалама бақытты асырып та,
Қалма жаным, тоқырап, басылыпта.
«Ұлық болсаң, кішік бол»—дейді атамыз,
Менмендікке бой ұрма асылыққа,
Жұртты өзіне кезін бұл қаратағын,
Жастан кеттің доп қуып, шар ататын.
Баста бақыт тұрғанда, қолда билік,
Тисін елге шапағат, шарапатың,
Тербеткендер бір кезде бесігіңді,
Сыпайылап атанды есіміңді.
Кеше саған менсінбей қарайтындар,
Бүгін қағып кіреді есігіңді.
Қарайды олар сенің қас қабағына,
Тұлпар болған, кешегі «жабағыға».
Іші күйіп біреулер көре алмай жүр,
Жебе салып көздейді садағына.
Айтпаса да- жүрегің сезеді ғой,
Кейбіреулертілдерін безеді ғой.
Сәл нәрсеге ренжіп кейбір аған,
Атпаса да мылтығын кезеді ғой.
Құдай қақса атқан оқ дарымайды,
Арқаңды аяз, ел панаң қарымайды-
Тәуба-тәуба, тәубадан жаңылмайық,
Алла деген азамат арымайды.

Көрсетпе сен біреуге кесіріңді,
Ойланып айт өзіңнің кесіміңді.
Ашу дұшпан, ақыл дос, арандама,
Болу керек азамат кешірімді.
Бүтіндей сал, тұрғанды сынайын, деп,
Сүйеніш бол, тұрғанға құлайын деп,
Жан біткенге қайыр ет қолдан келсе,
Күлдіре біл тұрғанды жылайын деп.
Мұндай істі жалықпай қайталарсың,
Ұрпаққа ертең ұялмай айта аларсың,
Жамандықтың бетін сен айналайын,
Тек қана жақсылықпен қайтарарсың.
Біреу кейір — бірдеме алмадым деп,
Біреу кейір — маған үй салмадың деп.
Түк таппаса ағайын өкпелейді;
Жеңілдеп кетті алдында салмағым деп
Деме мұның бәрі де құр далбаса,
Ағайындықкөрінбес бұлданбаса,
Жақсылығың жасаған көрінбейді,
Өкпелейдімыңды алып, бірді алмаса.
Ешкім тарылта алмайды кең даланы,
Кең даладан алмаған кем қалады
Бар болған соң сұрайды соның бәрі,
Өзіңде жоқ болса олар неңді алады?
«Атың барда жер таны желіп жүріп
Асың барда ел таны беріп жүріп».
—Деген сөзін бабаңның есінде ұста,
Үйрене бер жақсыға еріп жүріп.
Жүгің ауыр бауырым жолың ұзақ
Құрылады жолыңа талай тұзақ.
Бәріненде өтеді аман алып,
Көпшілікпен бірге бол кетпе ұзап,
Ауыр жүкті қайыспай көтерер нар,
Азаматсыңөзіңде нар кіші бар
Кем болмайсың кең болсаң, ойла осыны
Болсынәр кез өзіңе құдайың жар
Өзгертпеалған өзіннің бағытыңды,
Қиындықтыңқұрсауыағытылды,
Ақтап келе жатырсың ел сенімін,
Баянды етсін жаратқан бақытыңды.

Асылды тот баспайды,
Жақсыдан бақыт қашпайды,
Ақылды адам қашанда,
Әділетке бастайды.
Арнасынан аспайды.
Кеудесіне нан пісіп,
Бақ конды деп таспайды,
Жамандармен андысып,
Абыройын шашпайды.
Жаман ойды жолатпай,
Өріге сырып тастайды.
Сырға берік болаттай,
Құпияны ашпайды,
Іс түскенде басына,
Аптығып қорқып, саспайды,
Жамандардай болмайды,
«Байтал түгіл бас қайғы».
Астына төзім төсеніп,
Басына үміт жастайды,
Ашуланса жақсы адам,
Онысы көпке ұласпайды.
Ашуланса жамандар,
Дүниені ластайды.
Жаманның еріп тіліне,
Жақсы адам от баспайды.
Қиянатқа қимайды,
Өзін тежеп, өзгенің,
Сезімін қатты сыйлайды.
Көкірегіне тек қана,
Жақсылықты жинайды.
Іс түссе егер басына,
Досытігіл жасайды,
Жақсылықты қасына,
Мұратыңа жетесің,
Жақсылықты қасың да.
Су түбіне кетесің,
Жаманмен болсаң «ашына»,
Жақсы адам екі айтпайды,

Кездессін қандай кедергі,
Алған беттен қайтпайды,
Алды-артын болжап баптайды
Досын жерге қаратпас,
Сыртына өсек таратпас.
Сәл нәрсеге ренжігі,
Жауына досын талатпас,
Бірін-бірі көрмейтін,
Қабырғаны қалатпас.
Құлақпен естіп көз көрмей,
Алып қашты сөзге ермей,
Өтедімынау өмірден,
Бір қалыптан өзгермей.
Кісіге тез жанасып,
Тұрады саған жаны ашып.
Көрсетпейді менмендік,
Өзгемен жүрер санасып.
Қара қылды қақ жарар,
Жақсылық пен жамандық,
Келген жерде таласып.
Жайдары, ашық, әзілқой,
Жақсыадамға тұрады,
Осындай мінез жарасып.

ЖАРАЛЫ КИИК

Бір киик суық жақта қыстап қалды
Ақ қарға сыртқы түрі ұқсап та алды.
Жібермей жылы жаққа жануарды
Жалғыз оқ жамбастағы ұстап қалды
Жаз бойы сол жарадан азап шекті,
Ере алмай табынына жасын төкті
Қорғасын жамбастағы сыртқа теуіп
Қыс түсе жазылдыдерт болмай кекті
Пана іздеп жағалады қыстақтарды,
Шылбырын үміт шіркін, ұстатпады.
Ит үріп, қасқыр ұлып, суық қысып.
Анталап, ажал қоршап, қыспаққа алды.

Қар жауып, басқа, көзге сабалады,
Таянтпай қыстаққа иттер абалады.
Бір пана табармын деп осы өңірден,
Жануар биік тауды жағалады
Бораннан келе жатыр киік ығып,
Аңдамай биік шыңға кетті шығығып.
Паналап бір жартастың ығына кеп,
Жануар тыныс алып жатты бұғып.
Көгалдай болды оған тас та мына,
Ойламай ұйықтап кетті бас қамын да.
Бөрілер таң сәріде ізге түсіп,
Жем іздеп, шықты тауға ашқарында.
Жатқан жоқ киік бірақ жауды тосып,
Бөрілер кезді тауды тауға қосып.
Қиіктің түсті үстінен жатқан ұйықтап,
Жануар бір дыбыстан тұрды шошып.
Жан-жағын қоршаған жау шебі жауып,
Жауыздар тояттамақ ебін тауып,
Жазықсыз жау таңдады қос қарашық,
Білді бұл еместігін тегін қауіп.
Бір жағы құлама күз, жан-жағы жау.
Бұл да өлім, мынау биік күздан құлау.
Қарады дүниемен қоштасқандай,
Шақырып қойнауына тұр шыңырау.
Жаулары қазір мұның көзін жоймақ-
Паршалап жылы-жұмсақ етке тоймақ.
Міз бақпай тұра берді мерт жануар,
Кім білсін өмір жайлы кетті ме ойлап.
Табады жанға қайтып сая мына,
Шынымен соңғы демі таяды ма?
Өмірін сан ажалдан алып қалған,
Сенетін өзінің төрт аяғына.
Сұм ажал көлеңкедей жүрген еріп,
Тұр оны сарайына қамап берік.
Ажалды шаңға көміп кетер еді,
Жазықта төрт аяққа тисе ерік.
— Уа, тағдыр, тіршілік пе қимағаның,
Жазықсыз жанға ажал ма сыйлағаның.
Дарығай, өкінішті-ақ, өкінішті-ақ,
Мынау кең дүниеге сыймағаным.

Қалайша бұл өмірді жүйелермін,
Қоршаған қорқыныштан жиі өлемін.
Дос етіп неге бәрін жаратпаған,
Жер басқан тіршіліктің иелерін.
Дегендей жан-жағына қарап баяу.
Құтпейді келе жатқан жаудан аяу.
Жылт етті жүрегіңде үміт оты,
Арасы екі шыңның екен таяу,
Бөрілер бермеді оған қашуға ерік,
Көріне келген ажал секілденіп.
Бар күшін жинап киік секіргенде,
Келесішыңға аман түсті келіп.
Желді есіп желісімен жүйткіп ақты,
Табиғат өшкен отын қайта жақты.
Тұяқпен еркіндіктің күйін шертіп.
Қос шегі сары даланың бебеу қақты.
Бөрілер де секірді, кетті құлап,
Сүйегі күл-күл болып жатты сұлап.
Білмеді жауларының не болғанын,
Құралай үрей қуып кеткен жырақ.
— Қу құлқын не мықтының жанын қинап,
Сен үшін талай дүние қалдау қирап.
Өзіңе құл болғанның бәріне де,
Тынасың ақырын да ажал сыйлап.
Айлакер түз тағысы мынау көкжал,
Құтылар таба алмады құлқынға амал,
Уа, жастар, мирас үшін жаздым мұны.
Демеңдер не деп отыр бұл қара шал.
Өтпеңдер қу құлқынның құлы болып
Өсіңдер елдің ерке ұлы болып.

АТАЙДЫҢ МҰҢЫ

(Баллада)

Алған соң қыс суығы қыспағына,
Қіріскен жұрттың бәрі қыс қамына.
Әлім қарт көптен сыртта көрінбейді,
Белінің ұстамасы ұстады ма?
Бүтіндеп терезенді, қаптап есік,

Жататын кейде аралап ағаш кесіп,
Боз талды тандап қиып, кештірген сон,
Беретін біреулерге жасап бесік,
Жұмысын көрген емес бір түгесіп,
Бой бермей кәрілікке жүр тіресіп,
Аяқта саптама етік, баста тымақ,
Жүретін тыным таппай, жұртқа ілесіп.
Үстінде шолақ тоны киген тыстап,
Кейде бір отыратын бүркітке ұқсап.
(Осынау қажымайтын, қайратты қарт,
Отырып қалушы еді белін ұстап.
Шығарар әңгіме айтса шұрайын тек,
Білейін сырқатының сынайын деп,
Үйіне кешке қарай іздеп бардым,
Атайдың қал-жағдайын сұрайын деп,
Отыр қарт, шарт жүгініп шаншылардай.
Қондырған тұғырына қаршығадай,
Сезбеді келгенімді, селт етпеді,
Күйде екен ауыр ойдан жаншылардай.
Бөлуге қарттың ойын тырыспадым,
Алады жиі-жиі тыныстарын.
Өткізіп біраз уақты сезбеген соң,
— Ассалаумағалайкүм — деп даустадым.
Жалт қарап-Уағалайкүмүссалам — деді,
Жүрмісің аман-есен балам—деді.
Келін шайпау, бала ынжық, кемпірім жоқ.
Атаңның көрген күні қараң деді.
Кейде бір ойға малтып, тұншығамын,
Адамға қиын екен бұл шырағым.
Жүрсің ғой ел аралап көпті көріп,
Қоятын өзіңе бар бір сұрағым.
Десем де шыдамадым: сұранайын,
Қыз жат болды, секілді ұл ағайын.
Сүйіп тиген баламды келініме,
Мен неге айтшы осы, ұнамаймын.
Ибасақтап, атам деп елең етпей,
Үлкендік ақылымды керек етпей.
Алшаң-алшаң басады аяқтарын,
Осы үйді ұстап тұрған кереметтей.

Қайын апа- именбейді қайын ағадан,
Бейтаныс секілді олар, қаймана адам.
Былжырап отырады, ұлы үнсіз,
Сияқты шикі өкпе, қайнамаған.
Адамды менсінбейді, қайқандайды.
Өңінен бір жылылық байқалмайды.
Шапылдап ақыл айтсаң шыға келер,
«Мұның не? қой!» — деп ұлым айта алмайды
Осыдан үш күн бұрын көңіл алаң,
Қасыма сүмірейіп келді балам.
Жеткізді келіннен бір суық хабар,
Ақылсыз адамдарға қайран қалам.
— Бұлдай ма, сені өмірге әкелгенін,
Сата ма баласына әке еңбегін?
Мен мұнда шал бағуға келгенім жоқ,
Осы үйден кетсін депті әкең сенің.
Қаладан ашылыпты қарттар үйі,
Әкеңнің жаман болмас оңда күні,
Ертерек орналастыр алып барып,
Қайраты қайтпай тұрып, барда двойы
— Қөңілімді сен үйленіп демдеп едім.
Жеткендей қолым үлкен шенге менің,
«Әкеңді үйден қуып шық» — дегенге,
Қарағым әйеліңе сен не дедің?
— Миымды жеп бітірді күнде менің,
Тілімді шешілместей күрмегенмін.
«Кетпесе әкең үйден, мен кетемін»,
Деген сон амалсызда үндемедім.
— Бишара кеткен екен балам әрің,
Бір ауыз сөз айтуға жетпесе әлің.
Аяңдап келін маған жеткен екен,
Байды да, басқаның да жеңіп бәрін.
Уақыт өміріңді ұрлайды екен.
Баяндап баста бақыт тұрмайды екен.
Әкелдім дүниеге, өсірдім мен,
Ал келін саған несін бұлдайды екен?

Бұлдайды қай еңбегін маған келін,
Бұл үйді тұрғызып па, төгіп терін.
Әкеңді үйден қуып шық демейді,
Шынымен сүйіп тиіп, сыйласа ерін.
Кездесе жаман болып әйелің жау.
Арылмас от басынан жанжал мен дау.
Алмасам өлемін деп, болмай алдың,
Шырағым енді көрген күнің мынау.
Сен үшін шыбын жанды қинап едім,
Жалғызым жамандыққа қимап едім,
Ер жетіп, ие болар ұлым бар деп,
Тірнектеп дүние-мал жинап едім.
Мен сені беттен қақпай, еркін еттім,
Өзгеден кем қылғам жоқ, тең түлеттім.
Өз қолың өз аузына жеткен кезде,
Әкеңді келген екен тентіреткің
Тұнығын көңілімнің лайламаған,
Артатын үлкен үміт қайран анаң,
Құлыным мықты азамат болады деп,
Мақтанып отыратын жайда маған.
Ардақтап, аялады анаң марқұм,
Біз үшін жоғары еді сенің нарқың,
Апталы азамат боп шығар дедім,
Қалаулы халықыңа жүзің жарқын.
Өзіңнен ақталмады тосқандарым,
Кеткен-ау, орындалмай басқа арманым
Мынау үй, мынау мүлік кімдікі өзі,
Сендердің барма мұнда қосқандарың.
От едім жалындаған сөніп келем,
Бірқына кәріліктің көніп келем
Сен мені бақпай-ақ қой, бөлек үй бол,
Дүние-мал керек болса бөліп берем.
Алдыңнан келін түлкі еткен бұлан,
Ойрандап от басынан шығарды лаң,
Мен сенің бақытыңа тілектеспін,
Қайтейін іштен шыққан шұбар жылан.
Орнынан тұрып кетті, үндемеді.
Шерімді қайтіп балам үрлемеді.
Тып-тыныш күндеріміз өтіп жатыр.

Ойласып жүрген шығар бірдеңені.
Қарағым міне, осылай жағдай қиын,
Кетеді ойлағанда ашып миым.
Армандап, келін алсам деп жүргенде,
Көрдің бе, құдіреттің тартқан сыйын?
Барады қалай болып жастар тегі,
Ұят пен бұзылды ма, иман шебі?
Азайып кетті мүлде үлкен сыйлау,
Болуға тиісті ғой мұның шегі,
Бұл бізді қандай шепке жеткізеді,
Жас керуен қалай қарай бет түзеді.
Кетеді өз баласын өзі тастап,
Қарттарынүкіметке өткізеді.
Бар ма еді, мұндай әдеп-салтымызда,
Бұл індет қайдан келді халқымызға.
Бір күні біз де өтерміз дүниеден,
Қалады қандай ұрпақ артымызда.
Төрімнен жақын менің көрім енді,
Даланың ұлығандай бөрілері.
Білмеймін, мүмкін олай емес шығар,
Ал бірақ, маған солай көрінеді.

— Тұрсам да біліп істің бел алғаның,
Сөзіне қарияның ере алмадым.
Күрмеле берді тілім менің мүлде,
Атайға нақты жауап бере алмадым.

МЕН ДЕ ШӘКІРТ БОЛҒАНМЫН

Өздеріңді көріп қатты толғандым,
Жанарымда сағыныштан толған мұң.
Еске түсіп тебіреніп тұрмын мен,
Өздеріндей кеше шәкірт болған күн.
Кітап салып әжем тіккен қалтаға,
Келуші едім артып алып арқама.

Соғылғанда жез қоңырау сыңғырлап,
Жапырлай кеп отырушы ек партаға.
Ол кезде біз көрдік талай қиындық,
Заман солай, демейді ешкім күйімді ұқ.
Ұстаздарды көретінбіз құдайдай,
Қысылғанда тек соларға сыйындық.
Айтқандарсын өсиет деп тындадық,
Білдік білім, шығатынын шыңға алып,
Ұстаздардың арқасында біз бүгін,
Азамат боп шықтық міне, шыңдалып.
Бар өмірін тәрбиеге арнаған,
Тасып, асып кетпейтін бір арнадан,
Ізгілікті сіңіретін бойыңа,
Ұстаздардай жаны жомарт бар ма адам?
Мынау мектеп, бар білімнің анасы,
Жетіледі мұнда адамның санасы.
Не бір дана, данышпанды шығарған,
Азаматтың құтты мешітханасы.
Уақыт жүйрік аялдамай зырлайды,
Білдірмейді, өмірінде ұрлайды.
Жастар өсіп, карттар көшіп кетеді,
Заман мынау бір қалыпта тұрмайды.
Өмір керуен суыт жүріп, алға асып,
Жатар дүние бірден-бірге алмасып.
Үзілмейді тіршіліктің тынысы,
Ұрпақтармен жатар дәйім жалғасып.
Сендерсіндер орнымызды басатын,
Біз аспаған асулардан асатын.
Біз тапсырған аманатты құрметтеп,
Біз ашпаған жаңалықты ашатын.
Алдарында бабаң салған жолың бар,
Сендер үшін жинап кеткен қорым бар.
Соны сеніп тапсырады аға ұрпақ,
Сол сенімге лайықты болыңдар.
Кездесеміз Сіздерменен әлі де,
Тоқтатайын кете бермей әріге.
Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, бақ-дәулет,
Тілеймін мен бүлдіршіндер бәріңе,

ҰСТАЗДАР АМАНАТЫ

Жолдама алып қолыңа,
Шықтың өмір жолына.
Албырттыққа салынбай,
Қара оң мен солыңа.
Азамат бол саналы,
Ардақта ата-ананы.
Елің үшін еңбек ет.
Сонда бағың жанады.
Мығым бол әр бір ісіңе,
Қиянат қылма кісіге,
Үлкендерді құрметтеп,
Ізет көрсет кішіге.
Жамандықты жаттама,
Біреуді сырттан даттама,
Жолда жатса біреудің,
Ала жібін аттама.
Жүректе тұрсын мейірім,
Қең болсын әркез пейілің.
Ақылға жеңгіз ашуды,
Аз болсын босқа сейілің.
Өшірме жанған жалынды,
Жадыратар жаныңды
Берекесі үйіңнің,
Сыйла сүйген жарыңды.
Халқыңа сыйла барыңды,
Кіршіксіз сақта арыңды.
Елің мақтан ететін,
Азамат бол дарынды.
Қиындықтан жасыма,
Бақ қонды деп тасыма.
Алдыңа келсе кешіріп,
Жақсылық жаса қасыңа,
Келеді бәрі басыңа.
Бұл өмірден адам жоқ,
Күні жетсе көшпейтін.
Тірлікте жүрсең адам боп,
Атың қалар өшпейтін.

Барыңа ет қанағат,
Шықпасын ешбір жамап ат,
Ұстаздарың осыны,
Етеді саған аманат.

АРДАГЕР

Он сегізде сұм ажалмен беттескен,
Бұл қария Отан үшін от кешкен.
Таң қаласың қалай тірі қалған деп.
Шұрық-шұрық тұла бойы оқ тескен.
Денесіне қарау қиын ойланбай,
Етін кесіп түрлі ою ойғандай.
Жыртық-жыртық ескі киім сияқты,
Олақ біреу жамау жамап қойғандай.
Айтсақ егер әділетті төресін,
Мықтылықтың түсінесің өресің.
Фашистердің салған елге ылаңын,
Осы қарттың бойынан да көресің.
Білеміз біз ерлік мәңгі өлмесін,
Тілегіміз бейбітшілік төрлесін.
Мынау қария көрген сұмдық соғысты,
Қазіргі жас, кейінгі ұрпақ көрмесін!.

АБЫРЖЫМА АҒАЙЫН

Кейдемені жүр күдік мендейтін боп,
Барады адам—адамға сенбейтін боп.
Бірге туған бауырлар, шақырмаса,
Бір-бірінің үйіне енбейтін боп,
Бақыт деген байлық пен сендейтін боп.
Үлкендерге кішілер сендейтін боп,
Бала әкеге, жұбайлар, туыс, достар,
Бір-біріне барады сенбейтін боп.
Таба алмай жүр біреулер дауылдан ық,
Олар келіп ықтаса ауырладық.
Атамыздан мұраға қалған бізге,
Қайда кеткен құдай-ау, бауырмалдық,
Осы дей ме, қалатын кезім ұмытып,
Кейбіреулер кетеді сөзін жұтып.

Жамандықты есіне ұзақ сақтап,
Жақсылықты кетеді-ау, тез ұмытып.
Біреу тұрар бірдеме алғысы кеп,
Біреу тұрар аяқтан шалғысы кеп,
Біреулердің — біреуге айтар бүгін,
Алғысыннан о, тоба! Қарғысы көп.
Дастарханнан асыңды бірге татып,
Күліп — ойнап жүргендер бірге жатып,
Әлде қалай күн туса, екіталай,
Өзпайдасын ойлайды, кетер сатып.
Тіршілікте мұндайлар аз ба мына,
Тағдырдың пешенеге жазғаны ма?
Қолында бар адамдар қарамайды,
Біреудің жүрегiнiң сазғанына.
Көзiңе елестейдi сан құбыжық.
Сәт сайын мынау дүние сан құбылып,
Шарықтаған бағаға iлесе алмай,
Сан сүрiнiп келемiз, сан жығлып.
Өткен iстi белiнен бiрақ сыздық,
Пайда болды «көзсiздiк», «құлақсызды»
Бiр нәрсенi орнынан таба алмайсың,
Белең алды өмiрде тұрақсыздық.
Дүние кымбат болып тұр адамнан да,
Жеркенбейдi бiреулер арамнан да.
Осы бетпен тоқтамай кете берсе,
Қауiптi бұл Семей мен Аралдан да,
Кеттiк қазiр бәрiмiз бетiмiзбен,
Ет кессе де сезбеймiз етiмiзден,
Кәсiп қылып ұрлықты бiреулер жүр,
Саудагер болып барамыз шетiмiзден.
Адамдардың тарылып күллi өрiсi,
Қабiлетi азайды, үлгерiсi.
Қынбатшылық, тапшылық қысып елдi,
Қиындан бара жатыр күн көрiсi.
Келiппiз-ау, дүрлiккен дүрмекпенен,
Талайлар жүр тiрлiктен дiрдектеген.
Бiрақ күнде құрдымға құлап кеттi,
Жетпiс жылғы дүние тiрнектеген.
Дүкендердiң бос қалды сөрелерi,

Қамтып қалды жеткендер өрелері.
Алып-сатар, комерсант қаптап кетті,
Солар бүгін өмірдің «төрелері».
Болдым деп жүр біреулер аллаға
«елші»,

Екі адамның кездескен біреуі емші,
Біреулер жүр ойына келгенді істеп.
Мұным ұят, демейді, мынау ерсі,
Құлақ аспас адамның шағымына,
Кездестік бір заманның ағымына.
Ішінді арақ, ауанды атом жайлап,
Дерт көбейіп барады тағы мына.
Ғалымдардың қайтарып меселдерін,
Толып кетті белгісіз кеселдерің.
Талай жандар ауырмай өліп жатса,
Соқыр—мылқау, көбейді мешелдерің.
Қор азайып барады суалып су,
Нәр азайып, жер тозып, қуарып ну.
Ерте ойламай осылай болатынын,
Енді өкініп жатырмыз, болып у-шу.
Сауап дедік жасаған күнәні біз,
Бәріне де өзіміз кінәліміз.
Бүтіндеуге жарамай жатыр бүгін,
Бүлдіруге жараған құралымыз.
Ойып алдық, салдық та өктем күшке,
Сойып алдық, «көк қошқар» көктен
түссе.

Кейін керек болар деп ойламаппыз
Өкінгенмен пайда жоқ өткен іске.
Оралмайды ол кезең өтті, кетті,
Алды-артына қарайтын мезгіл жетті.
Бәрі келер қалпына бірлік болсын,
Жақсылыққа мінекей бұрдық бетті.
Болсын әркез күдіктен басым үміт,
Ертен мұнын бәрі де болар ұмыт.
Қиындықтың сонында рахат бар,
Абыржыма, ағайын, қайырым құт.

БӘРІ ДЕ КЕРЕК ӨМІРДЕ

Жаны бірдей тірлікте,
Кәрінің де, жастың да.
Береке — ырыс бірлікте,
Қажеті бар тастың да.
Итүріп келсе қасыңа,
Қолыңа тас аласың.
Пана болар басыңа.
Тастан да, үй саласың.
Жамандыққа зорлама,
Асыра сілтеп асқынба,
Біреуді мас деп қорлама.
Аруағы бар мастың да.
Жеркенішті сезінбей,
Болса да қанша оңбаған,
Дүниеге келген өзіндегі,
Екенін ойла ол да адам.
Ажыратпа жігінді,
Болсын деп тіле ол да аман.
Маскүнемнен бүгінгі,
Шығар ертең оңды адам.
Төбемде тұр көк аспан,
Жер жатыр аяқ астында.
Ойла, асудан көп ассаң,
Аяқты түзу бастың ба?
Тілейтіні амандық,
Арудың да, саудың да,
Ойлаған саған жамандық,
Пайдасы тиер жаудың да.
Өзінді — өзің тексеріп,
Отырасың ақталып.
Жауыңның барын ескеріп,
Жүресің дәйім сақтанып.
Тигізбей кесір ырысқа,
Қерек кейде ұрыс та,
Сол арқылы ұғасың.
Өз ісің дұрыс, бұрыс па?
Токтықтың қадірін білесің,
Әлде қалай ашықсаң,

Уақыттың қадірін білесің.
Әлде неге асықсаң.
Уайымға көмілме,
Көрсен егер жоқтықты,
Келген соң мына өмірге.
Керексіз нәрсе жоқ тіпті.

ОЙЛАУШЫ ЕДІМ, ДҮШПАНЫМ ЖОҚ ДЕП МЕНІҢ

Бәрі түгел өмірде басы аманның,
Жақсылыққа жалықпас асабамын.
Қанағатпен тойғызып қарынымды,
Табағынан біреудің асамадым.
Ешкімге өзім жамандық ойламадым
Жоқ деуші едім менің де қас адамым,
Көпшілікке ұнау да оңай емес,
«Жел тұрғызсаң» жөнелер борай егес,
Көзім жұмсам көлбеңдеп көлеңкелер,
Маңайымды тұрады орай елес,
Бәрі туыс, бәрі дос сияқты еді,
Болып шықты шынында олай емес.
Жау көп екен аңдыған ақын жанға,
Шығады екен ондайлар жақыннан да.
Қабаған ит секілді арыс-арыс етіп,
Сирақтан да тістейді, тақымнан да,
Құдай оның бермесе санасына,
Пайда аз екен көп айтқан ақылдан да.
Алла бастан бағыңды алмасын де,
Пенденің алдына адам бармасын де.
«Адам күні адаммен» деседағы,
Жаманға күніңді Алла салмасын де.
Әлде қалай үзілген үмітіңді,
Құдай — Аруақ жар болып жалғасын де.*

Сен біреуді қолда, мейлің қолдама,
Қауіп төнсе қорға мейлің қорғама.
Азаматтың асқақтатып мерейін,

Мінгізбей-ақ қойшы оны жорғаға
Тек өтініп сұрайтыным адамдар,
Бір-біріңді ешқашанда қорлама.

КЕЗІ БАР...

Көтере алмас жүгі бар,
Атанның да, нардың да.
У татитын кезі бар,
Тәп-тәтті шырын балдың да,
Сырт айналар кезі бар,
Туысың, балаң, жардың да.
Алданатын кезі бар,
Кіршіксіз таза ардың да,
Еритін бір кезі бар,
Мәңгі мұз бен қардың да.
Ашығатын кезі бар,
Тамағымол, тоқтың да.
Бай болатын кезі бар,
Қолында тұлдыр жоқтың да
Тәуелдісің адамдар,
Тағдырыңның алдында.
Қандай жағдай болса да,
Топан су жерге толса да,
Табылатын қасыңнан.
Борыштысың өмірлік,
Ата-анаңның алдында.

ОЙЛАН, ДОСТЫМ

Менмендігің жүр-ау, достым, байқалып
Өткенкүннің альбомын көр қайта алып
Басқа қонған бақытыңа мастанба,
Толған нәрсе төгіледі шайқалып,
Кісілігің көкірегіңді кернейді
Ақылыңа ашу ырық бермейді
Қонарыңда думандатып келген бақ
Кетерінде қолын бірақ сермейді.
Біл осыны, ойлан, достым, тереңнен.
Өмір-ана жандарымыз ғой төл емген.
Мықты болып тау қонара алмайсың,

Күннің көзін жаба алмайсың денеңмен,
Теңіз суын тауыспайсың қасықтап,
Таусылады төгілсе егер тасып бақ.
Маңайыңда жанашыр жан қалмайды,
Менмендікпен кетсең егер қашықтап.
Шықпасыншы адамшылық санадан,
Сабыр сақта, аспа, достым қанадан.
Бар адамды өзіңдей көр қашан да,
Бәріміз де тудық асыл анадан,

БАРЖАҚСЫ

Жоқтан құдай сақтасын,
Қымбат та болса бар болсын.
Көп болсын, досың жақтасын,
Жүректе ұят, ар болсын.
Сөнбеуін тіле жарықтың,
Қиындық болса мейлі,
Мейірімді, жомарт халықтың,
Тарылмасын пейілі.
Ашылмай аран арамға.
Болмасын азға таласу.
Ас болар адал адамға,
Қайғысыз ішкен қара су.
Жазыпты баста несібе,
Иеміз бізді жасаған,
Ұста, осыны есіне,
Болсын деп тіле бас аман.

ЖОМАРТТЫҚ

Терезесі қазақтың қағылмайды,
Өйткені есік ілгегі жабылмайды.
Қанға сіңген қасиет қашан келсең
Қабақ шытпай, қарсы алып қабылдайды.
Дастарханы кеткенше жиналмайды,
Үйге сыйсаң көпсініп қиалмайды
Барын тосып алдына бәйек болар
Жасалмаған мейманға сый қалмайды.
Пейілі кең жазира даласындай.
Бала келсе күтеді баласынбай.

Ақ дастархан ас толы алдыңдағы,
Жомарттықтың секілді анасындай.

БОЛМАСА ЕКЕН ӨМІРДЕ ТАСТАНДЫЛАР

Бас деген мекен еткен «Астананы»,
Адамды ми мен ақыл басқарады.
Тұрады жүрек нәзік махаббаттан,
Жақсылық осы жерден басталады.
Бәрі де махаббаттан басталады,
Озбырлық зұлымдықтан басқалары.
Ұқпайтын топастар бар мұны бірақ,
Көр соқыр, көкірегі тас қараңғы.
Нәпсі деп махаббатты ұғынатын,
Өзінің жарынан да шығынатын.
Бір сәттік қызығы үшін арын сатып,
Жандар бар зұлымдыққа сұғынатын.
Арға емес нәпсісіне жүгінеді,
Жүрегін гүлше ұсынып жүгіреді,
Өзініңдегеніне жету үшін
Ботадай боздап, бордай үгіледі,
Албарын зұлымдықтың ашып тұрып,
Кіруге албырт жасты асықтырып,
Сүйеді қыз ернінен үлбіреген,
Сәбиді табанына басып тұрып.
Сұр жылан қыздың ернін тұрған шағып,
Тілінен у сорғалап тұрар ағып.
Жылынып отырады қызуына,
Арудың абыройын отқа жағып.
... Сенеді, аңқау бақыт байланады,
Мөлдіреп тұрған тұнық лайланады.
Осы бір сәттен бастап қайран өмір,
Қайғы мен қасіретке айналады!
Тағдырынтәлкек қылып, еткен ермек,
Ластап, ар-намысын кеткен жерлеп.
Артына қайырылышта қарамайды,
Кетеді қолын бұған бірақ сермеп.
Осындай адамдардан қара жүрек,
Тараған кесел енді барады үдеп,

Тезірек табылмаса індет емі,
Бұл СПИД, рактан да қауіптірек
Осылар арды атып құлататын,
Зарлатып махаббатты жылататын.
Осылар сәбилерді жетім етіп,
Біреудің қамқорлығын сұрататын.
Осылар не сұмдықты бастатын,
Жүректің орнында тас жататын.
Осылар нәрестені шырылдатып,
Апарып күл — қоқысқа тастататын.
Төменде жер, төбеде аспан тұрар,
Сейілсе екен, көңілді басқан мұнар.
Ата-ананың мейірімін көрмей өсер,
Болмаса екен өмірде тастандылар,
Бәріне кінәлі ме, жігіт қана,
Қыздар-ау, айналайын қайда сана,
Күреспедіңкезінде арың үшін,
Несінеарланасың болуға ана.
Кезінде ұялатын, ұялмадың,
Жар сүйіп, болуды ана қиялдадың.
Бала деген ананың бауыр еті,
Бала үшін асыл ана қияр жанын.
Шығудың өзі де ерлік түскен ордан,
Жақсы ғой, орға түспеу келсе қолдан,
Бойыңды билемесін жалған намыс,
Балаға болу керек ана қорған.
Өзіңді ең алдымен өзің кешір,
Кездесті, көтере біл қырсық, кесір.
Жазықсыз нәрестені жетім етпе,
Өтсең де өмір бойы өзің жесір.
Демеңдер жер жарылып аспан құлар,
Адамды азғын дейді басқан құмар.
Халқымның бұрын сөздік қорында жоқ,
Деген сөз қайдан келді «тастандылар».
Өмірде болмаса екен тастандылар
* * *

Албырт сезім тұрады қызықты аңсап,
Сол сезіммен аяғын басар жаңсақ.

Етіүйреніп алған соң азғындыққа,
Мұның өзін көреді биік мансап.
Ешнәрсені жатсынып көрмес таңсық,
Езгілейді аяусыз арды жаншып.
Қызығы өтіп, «қиямет» жеткен кезде,
Бос күбідей піспексіз қалар қаңсып.
Тілің тәтті, болмасын дінің қатты,
Алмаңдаршы опасыз деген атты,
Өмір бойы ардақтап өтейікші,
Тіршілікті өрбіткен махаббатты.

ЖАЯЛЫҚ ҚАСИЕТИ

Ұқсайдықалықтаған көңіл құсқа,
Бір тұтам әттең дүние-ай, өмір қысқа,
Осынау қысқа ғұмыр көпшілігін,
Өткізіп алыпшыз-ау қашылыста.
Замана керуені тынбай көшіп,
Лақтырып уақытты құмдай кесіп.
Сәбилер бүгін туған жөргөктегі,
Ертең-ақ азамат боп шығады өсіп.
Бұлар да, кейінгі үлкен өмір легі,
Бір кезде бізде сәби болдық тегі.
Отырмыз бүгін міне азамат боп,
Ата-ана қабыл болып ақ тілегі.
Осыны жандар бар-ау, түсінбейтін,
Өмірді өзінше ойлап, мүсіндейтін.
Жалғанның аптабында жақынына,
Жарына көлеңкесін түсірмейтін.
Басынан жақсылығы артылмайтын,
Төбеттей қотанға үрген арпылдайтын.
Ойласам төбе шашым тік тұрады,
Жандарды жамандықтан тартынбайтын.
Қарамай өз басының лайығына,
Мінеді кез келгеннің қайығына.
Ойына келген істі орындайды,
Бармайды еш нәрсенің байыбына.
Жұмыстан қайттым бірде досымды ертіп,
Келеді ол ерсіл — қарсыл сөйлеп серпіп,
Жақындап келген кезде жолдағы үйге,

Бетіне шыға келді ашу дерпіп.
Жүзінен көңілділік болды ғайып,
— Мына үйге салу керек — деді айып.
Қаптатып баласының жаялығын,
Қояды көше жаққа күнде жайып.
Жайғанды көрсетейін, көше жаққа,
Ұятсызақылы жоқ ақымаққа.
Осындай адамдардан ұяламын,
Ілесіп жүргеніне біздің сапта.
Жұлынды өртеймін деп бәрін жиып,
Бәкі алды, тастаймын деп жібін қиып.
Шап беріп, білегінен ұстай алдым,
Тұрды ол терісіне әзер сыйып .
— Ақымақ, тоқта! — дедім есіңді, жый,
Өзіңде бар ма, сірә, ақылмен ми.
Жаршысы жақсылықтың жаялықтар,
Қішкентай нәрестелі екен бұл үй.
Баланы баласыздар армандайды,
Қөңілі еш нәрсеге алданбайды.
Жаялық ұстамаған адамдардың,
Өмірі бір үзігі жалғанбайды.
Ал, сенің мұның қалай тулағаның,
Ашумен өзіңді — өзің улағаның.
Жаялық жайған жіпті кескілеуің,
Тамырын аналардың турағаның.
Өсті ғой жаялықтан өркені елдің,
Төсеніп, сен де жаттың, еркеледің,
Жаққаның жиып алып оны отқа,
Өзіңнің төсегіңді өртегенің.
Қай дана, сұрасаң да қай алыптан,
Бәрі де өсіп шыққан жаялықтан.
Тынымсыз күндіз анаң жуып жайып,
Атырған тал бесікті таянып таң.
Дүниеге келген сәтте, төсегенбіз,
Көгерген жаялықтан көсегеміз.
Ойлама оны жай бір шүберек деп,
Бұл біздің ең алғашқы төсегіміз.
Бөлеген жаялықпен құндақтаған,
Кезі жоқ дымқыл тисе құрғатпаған

Ананың мейірімі бұл тұнып тұрған,
Жаялық сондықтан да қымбат маған.
Ананың ұшан теңіз еңбегі бар,
Өсірді, болды лайық ерге сыңар.
Анамның ақ сүтінен, жаялықтан,
Дарыған қасиеттер мендегі бар.
Жүрсең де ұят емес етіп тұмар,
Қөруге жаялықты әркім құмар.
Қу дала құлазыған баласыз үй,
Секілді адамдары сынған шынар.
Таусылмас балалы үйдің базары да,
Қіреді отбасының ажары да.
Артында ұрпағы бар адамдарды.
Алланың қорқыта алмас ажалы да.
Жайған жаялықты емес айып,
Қойсын деп тіле мұны әр үй жайып.
«Өзіңнің балаң жоқ па?» — дегенімде,
Бұрылып жүре берді ол, сәл мұңайып.
Байқамай ет қызуден түстім іліп
Өтті күш өзегімді кетті тіліп.
Кешірдостым, сен мені кешіре гөр,
Қатты айттым, қалдым оның кештеу біліп.

ҚАМҚОРШЫ ҚАРТ

Күн батқан, түспеген кез қараңғылық,
Әлде бір ой көңілді алаң қылып,
Көз салып жан-жағыма жайбарақат,
Келемін бақ ішінде сараң жүріп.
Ауасын жұтып әсем кешкіліктің,
Келемін арасымен көпшіліктің.
Өрімдей жаңа өсіп келе жатқан,
Тоқтадым қасына кеп көк шыбықтың.
Тұрғам жоқ обалына қарайын деп,
Ойладым кесіп ала салайын деп.
Қызықтым солқылдаған көк шыбыққа,
Тұрғандай бір кәдеме жарайын деп.
Суырып қалтамдағы пышақты алып,
Тоқтадым кесейін деп үш оқталып.

— Кеспе! — деп айқай салған өктем дауыс,
Саңк етіп дәл қасымнан естілді анық
Барлық көз маған түсті жалт бұрылып,
Өтіп бара жатқандар қалды тұрып.
Ентелеп бір ақсақал келе жатыр,
Екпіні жіберердей мені ұшырып.
Алпыстан асып қалған кәрі кісі,
Байқалды қайтпаған әлі күші.
Бәкімді келген бетте алды жұлып,
Бұзылып төне түсті қарттың түсі,
— Ақымақ, нең бар, — деді, бұл шілікте,
Сен де бір көк шыбықсың тіршілікте.
Өзіңдей мұның да бар келешегі,
Дегенде кетті денем түршігіп те.
Мәпелеп өз жаныңды аялайсың,
Ал мынау көк шыбықты аямайсың.
Терек боп, өсіп ертең тербелгенде,
Сен бұған ұялмай кеп саялайсың.
Өзіңдей мұның да бар келешегі,
Өмірденбар, алашақ, берешегі,
Өмірдей жігіт болып тұрсың бүгін,
Осындай сәби едің сен кешегі.
Дейікші бұл шыбықты кесіп алдың,
Сонда сен бұдан ненің өшін алдың?
Балғынның өміріне балта шабу,
Жұмысы боларма осы, есі бардың?
— Білгеннің сөзін тындап мақұлдаған,
Сол — деді, өмірдегі ақылды адам.
Шырағым, бұл сөзімді ақыл депұқ,
Құрғақ сөз екен демей тақылдаған.
Назары көпшіліктің ауды маған,
Сан сұлу көз қадалды жаудыраған.
Қария кетті етімді сылып алып,
Тек қана сүйек қалды саудыраған...
Аяңдап айлар, жылжып, сан жыл өтті,
Өмірді көктем келіп сан түлетті.
Сол бақпен тағы келе жатыр едім,
Бір ағаш баяу ғана сыбдыр етті.
Жайқалып маңайына шөп шығыпты,

Бұтақтап құшақ толы көп шығыпты.
Төсіне шүпірлеткен еркелеткен,
Баяғы дәл өзіндей көк шыбықты.
Бір кезде келді мұны кесіп алғым,
Тиеді енді бұған есі бар кім.
Өмірін осы ағаштың сақтап қалған,
Данышпан қарияны есіме алдым.

БІР СӘТ

Бір сезім бойды билеп алды дағы,
Көңілдің аласұрды арғымағы.
Қалықтап қиялымның қарлығашы,
Шабыттың сылдырлайды бал бұлағы.
Бойыма пайда болып көңілділік,
Қарайды бар тіршілік, өмір күліп.
Табиғат музыкасы сүйемелдеп,
Шырқатып ән саламын төгілдіріп.
Арғымақ тоқтар емес алып қашқан,
Сұқтана көзін сүзіп қалыпты аспан.
Кей бір сәт осындай бір күйге түсем,
Бұл маған мінез емес қалыптасқан.
Бұл бір сәт, ой сезімге елте тұғын,
Бұл бір сәт, жүректе өлең дертте тұғын,
Бұл бір сәт, ақ жолына шабытымның,
Бұл бір сәт, көңіл мұзын ертетұғын.
Табиғат осы сәтін бере берсе,
Үнемі ойға шабыт келе берсе,
О, шіркін, жырлар едім өмірімді,
Шабытты бере берсе, бере берсе.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЗАЯ КЕТЕДІ...

Жаманға өткен жақсылық зая кетер,
Сәл нәрседен жалт беріп тая кетер.
Өзің берген «сүйен» деп балдағыңды,
Өзіңді ұрып, жығатын таяқ етер.
Жақсылықты жанымен түсінбейді,
«Бәрінеде жетеді күші» — дейді.
Ол сен үшін — жалынға шарпылмайды,
Ол сен үшін — суыққа үсінбейді.
Ісі түссе көзден жас сорғалайды,

Қауіп төнсе өз басын қорғалайды.
«Жаны тәтті жаманның» дегені рас,
Мысық көрген тышқандай жорғалайды.
Саған қонған ол үшін бақ та қайғы,
Қондырмауға тырысып, қақпалайды.
Қиып жүре береді жамандыққа,
Жақсылықты есіне сақтамайды.
Жаман достан осылай арандайсың,
Сезіміңнен алданып, аландайсың,
Ісің түссе асқақтап шыға келер,
Бір суыртпақ жіп сұрап ала алмайсың.
Ойламайды ертеңін, алдағысын,
Аз күндік азық етер алданышын.
Баға жетпес қасиет адамдағы,
Арзанға айырбастар, Ар — намысын.
Тәтті мен ащы дәмін сезінбейді,
Ләпсіні де шынайы сезім дейді.
Бір адамға жақсылық жасамайды,
Жамандықтан тартынып, безінбейді,
Туған ата-анаға қараспайды,
Жақсылығы басынан әрі аспайды.
Опа, ұят, болмайды ондайларда,
Өзінің жарыменде жараспайды.
Жүрмейді ол ақылдың ырқыменен,
Оның айтар ләпсі мен құлқыны өлең.
Жамандардың болмайды, ен — таңбасы.
Жаман ат, алар мінез — құлқыменен,
Бұған ешкім әрине, таласпайды,
Жаман адам жақсымен жанаспайды.
Ешкім оны шеттетіп тұрмаса да,
Өзін-өзі қатардан аластайды,
Сен оған да көмектес, болысыңыз,
Шықпаса да сәтті боп ол ісіңіз.
Қолдан келсе жақсылық жасай беру,
Азаматтық абзал борышымыз.
Сан жыртылып көңілім, жамалды мың,
Көріп кейбір пенденің жамандығын,
Жақсы болсын мейлі ол, жаман болсын,
Тілейік жан біткеннің амандығын.

СӘБИЛІК КЕЗ

Кезі екен өлім — өмір арпалысқан,
Ақпанның сары аязы арқа қысқан.
Бұралқы қой торыған аш қасқырдай,
Еліме бейбіт жатқан тап берді дұшпан.
Бұлт пен шаң, түтінменен араласқан,
Ақ үйдің түндігін жел ала қашқан.
Айырылып ару жардан, бала әкеден,
Қайғырды бұлт жамылып қаралы аспан.
Лезде жүре берді бүлініп көк,
Түскендей аспан жерге тілініп кеп.
Найзағай жарқылдады, күн күркіреп,
Долданып соқты дауыл жұлынып кеп.
Домалап тау қаңбақтай тас бораған,
Көзінде қарақаттай жас толы анам.
Өміріне жұбаныш боп мен туыппын,
Кезінде айналасын от ораған.
Сәбилік сыбағамды кем алғаным,
Әкенің құшағына ене алмадым.
Күн шықпай кеткен анам, кешке оралып,
Уақытылы ақ мәмамды еме алмадым.
Осылай өтті сонау сәбилік кез,
Қуанам өткеніңе соның лез.
Артыма алаңдамай сондықтан да,
Асыға алға қарай аттаймын тез.
Дайынмын бейбіт өмір күресіне,
Адамның бақыт тиген үлесіне.
Осы күн ет жүрегім дір етеді.
Сол өткен сәбилігім түссе есіме.
Ал қазір өмір бізге күлсін дейді.
Еш бір жан бұл өмірде күрсінбейді.
Естісем әлде кімнің күрсінгенін,
Менің де ет жүрегім дүрсілдейді.
Адамды жайламасын қайғы құрттай,
Уайымның өтсін ешкім уын жұтпай.
Дүниеден алсын әркім өз есесін,
Өмірде жүрсін адам қабақ шытпай.

ӨМІРДІҢ ЖАЗДЫМ ДАСТАНЫН

Ойламай жеке бас камын,
Күндемей бағын басқаның,
Жамандық төнсе біреуге,
Жуытпай оған жасқадам.
Адалдықты ту етіп,
Қиянатқа баспадым,
Адамдық ардан аспадым.
Ашуға бойды алдырып,
Ешкімге ызғар шашпадым.
Кісініңкөңілін қалдырып,
Бақ қонды деп таспадым.
Қалын кілем — қара жер,
Көкшатыр болды аспаным.
Төсіме жұлдыз қондырып,
Басыма айды жастадым.
Аға деп сыйлап келеді.
Кейінгі толқын жастарым.
Уақытқа бермей есемді,
Қырықты сырып тастадым.
Ақ кіріп самай шашыма,
Егде тарта бастадым. —
Мен биыл 50 жастамын!
Қиындықтан қашпадым,
Қопардым таудың тастарын.
Алғашқы еңбек жолымды,
Шоферлықтан бастадым.
Биікке созып қолымды,
Өмірдің жаздым дастанын.
Өтірікші, — өсекші,
Күншілгеменің қас жаным.
Бір ізбен жүріп еңбекпен,
50-дің алдым асқарын.

Тілерім бақыт адамға,
Ашық болсын аспаным, —
Мен биыл 50 жастамын.
Уақыт шіркін тез екен,
Өткердім жартысын ғасырдың
Бағасын білер кез екен,
Жасық пенен асылдың.
Өсірген мені ата-анам,
Алдыңа бүгін бас ұрдым.
50-ге бермей ерікті,
Дариядай шалқып тасырмын,
Жартысындамын ғасырдың.

1989 жыл.



ТУҒАН ЖЕР-
АЛТЫН ТҰҒЫРЫҢ

ТАУДАН ТАМҒАН ТАМШЫ СЫР

толғау

Көсілген Ұлытаудың кең даласы,
Көл көсір байлық толы айналасы.
Көргенде қасиетті қарт Ұлытауды,
Қазақтың қызықпаған қай баласы.
Көмкерген етектерін аршалары,
Шыңына өрмелеп кім шаршамады.
Құмартып көремін деп келгендерді,
Күлімдеп қарт анадай қарсы алады.
Мейман боп келгендерге бізге жиі,
Ауылдың көп алдына тартар сыйы.
Сары қымыз, сары қазысын ұсынады,
Соңынан қоса жүрер ән мен күйі.
Тау емес, тарих бұл жиған қаттап,
Қойыпты сыртын алтын, мыспен аптап.
Кейінгі ұрпақтарым мұра етсін деп,
Кетіпті бабаларым бізге сақтап.
Ешбір жау өте алмаған мұны аттап.
Өтпеген қыста суық, жаздағы аптап.
Бүлінбей сол қалпында жеткен бізге
Мұрасы жинап кеткен бабам баптап.
Жағалап жүрсең таудың кенересін,
Сырына өткен өмір кенелесің.
Елшідей сол заманнан келіп тұрған,
Тарихын елдің сөйлей жөнелесін.
Сан жинақ шығарлықтай таңдамалы,
Қалдырған тасқа басып таңбалары.
Бұл тауда сан ғасырдың сыры жатыр,
Ашылмай әлі берік қамбалары.
Сұм заман қасіретке шалдықтырған,
Адам да, арғымақ та, шалды құрбан.
Қантамған қылышынан бұл өңірде,
Алаша, Жошы хандар хандық құрған.
Басынан кешірген ел аптапты өмір,
Тоқтамыс жайлы да сыр сақтапты өңір.

Жатыпты осы тауда тігіп шатыр.
Екі жүз мың түйесімен Ақсақ Темір.
Ел үшін жалғыз жаудың жолын тосқан,
Шығыпты ақ үй емес, қара қостан.
Қобыланды, Байжан, Барақ, Лақ Батыр,
Өтіпті Қарқаралы қара Бостан.
Кімкеліп бұл өмірге кім кетпеген,
Ауырған дала ауыр індетпенен.
Алғашқы өткендері кейінгіге,
Ұрпаққа жеткізуді міндеттеген.
Қаншама кен болса да аспан асты,
Бірліктің басталған жер бастамасы.
Көктөбешер ортасы осы Ұлытау,
Қазақтың болған бір кез астанасы.
Ұлтаты ауызға ол кез ілікпеген,
Біреулер қырғыз, біреу түрік деген,
Бөлініп ұлыстарға, руларға,
Көшпендіел бастары бірікпеген.
Жер дауы, өз ішінде, жесір дауы,
Әйтеуір тоқтамаған тоқырауы.
Осындай осал жерін пайдаланып.
Сан рет сан соқтырып жүрді жауы.
Қаптаған қара құрттай жонғар — қалмақ,
Қазақты құртып жерін жаулап алмақ.
Төндірді ел басына ақыр заман,
Бірігіп көтерерлік түсті салмақ.
Жау тыныш қазаққа асын ішкізбеді,
Жиналған осы тауға үш жүз бегі,
Халықты бұл апаттан құтқаратын,
Бас қосып, ақылдасып күшті іздеді.
Отыр жұрт алқа-қотан туырылып,
Бөгенбай батыр шықты суырылып.
— Уа, жұртым, — дейді батыр, — мынау заман,
Келеді күннен күнгі қуырылып.
Бұл заман адамға адам қасқыр заман,
Дерт бар ма белең алып асқынбаған.
Арқалап қасіреттің қара тасын,
Азаптың өмір сүрген астында адам.
Қайғының күйі бар ма шертілмеген,

Кереген бар ма жаудан кертілмеген?
Құлады сан шаңырақ ортасына,
Желге ұшып, түндіктері желпілдеген
Ананың екіқабат ішін тіліп,
Сәбиді шырылдатты найзаға іліп
Ойына келгенді істеп жауымыз жүр
Бізжүрміз күш қоса алмай іштен іріп
Көп жерді жоңғар-қалмақ алды жаулап
Қазақтың қаны судай ақты саулап.
Осылай бөлек-бөлек жүре берсек
Құртпай ма, жаулар бізді қоянша аулап
Қалайша қайнатпайды зығырыңды
Жүргенде жау талқандап тұғырыңды
Тұтқасын туған елдің бос ұстадық,
Ақ табан күйге түстік шұбырынды.

Жүр жаудың беті қайтып, сағы сынбай
Келеді тағдыр бізге бақ ұсынбай
Біріміз бірімізбен жауласамыз
Кәдімгі таудың жыртқыш тағысындай
Жақынның бірге туған алысымыз.
Өртенген су ішінде қамысымыз
Осылай тоз-тоз болып жүреміз бе,
Арымыз, кайда біздің намысымыз?
Айқара жауға өзіміз қақпаны аштық
Ажал боп бір жағынан қаптады аштық,
Кетіріп елдің құтын, берекесін
Жаулаған ала ауыздық, бақталастық.
Баяндыталасатын бағың бар ма?
Орнығып отыратын тағың бар ма?
Қырсықтан бұл сияқты құтылмайтын
Мойныңа тұмар болып тағылған ба?
Күніміз бар ма біздің дүрлікпеген,
Тек қана күн көру ме тірлік деген?

Уа жұртым, түсінетін жетті кезің,
Тірліктің сәні берік бірлікпенен.
Бірліксіз ел тағдыры шешілмейді,
Шындықты ешқандай күш өшірмейді.
Мынау дархан даланы қорғамасақ.

Бізді онда келер ұрпақ кешірмейді.
Жиналдық алыстағы, аймақтағы,
Үш жүздің бетке шығар қаймақтары.
Бытырап жүрген елдің басын қосып,
Ортаймас ортақ қазан қайнатқалы.
Жығылсаң қараңғы бір түнде тайып,
Тумаған ала алмайсың айдан айып...
Өткен іс өкінгенмен оралмайды,
Енді біз ел тағдырын ойланайық.
Бұрынғы кателікті түзетейік,
Үш жүзді қосып мықты күш етейік,
Тазартып жаудан мынау қазақ жерін,
Халықтың тыныштығын күзетейік...
— Демеді мұны ешкім теріс еді.
Бәрі де бір ауыздан келіседі.
Көтеріп қазақ туын осы тауда,
Бірлікке бәрі де ант беріседі.
Қосылды рулар да, ұлыстар да,
Бірліксіз бақыт бар ма, ырыс бар ма?
Осы бір көктөбенің бауырынан,
Аттанды жауға қарсы ұрыстарға.
Саңқылдап үшты таудың қырандары,
Даланың шұқырасты құландары.
Көргенде құшақтасқан қалың елді,
Тіршілік тебіренбей тұра алмады.
Сан ғасыр дара-дара жапа шекті,
Күн туды қайтаратын жаудан кекті.
Көргенде тағдырлардың табысқанын,
Көк аспан мөлтілдетіп жасын төкті.
Жоқ ешкім достық туын құлата алған,
Тау емес қалған мұра, бұл атамнан.
Қазақтың басын қосып бауырында,
Көктөбе содан бері ұлы атанған.

ЗЫҢҒЫРТАУДА

Ұлытаудыңшығыс жағында,
Қараша биік қыр жатыр.
Оралған жібек сағымға,
Тасында терең сыр жатыр.
Жазылған дастан жыр жатыр.

Зыңғырлар тастар үн беріп,
Дөп қойған атын ел тегі.
Тастарға жазған күнделік,
Ғасырлар сырын шертеді.
Секілді бізге ертегі.

Қалыптасқан халқымда,
Қәсібін, салтын тұрмысын.
Жеткізіп сол бір қалпында.
Тастарда түрлі тұр мүсін.
Сақтаған өнер тұңғышын.

Нұрымен күннің арайлар,
Өнерде ғажап күдірет.
Жалшы, малшы, малайлар,
Қалдырған салып сурет.
Таңқалар көріп талайлар.

Сырын әлі ашпаған,
Білмеймін қанша жастағы,
Көмескітарта бастаған
Бейнелер тұрған тастағы.
Бабалар жазған дастаны.

Болмаған қағаз-қалам да,
Шықпаған кітап баспадан.
Тарихы жатыр далам да,
Тастарға жазып тастаған.
Жазуды солай бастаған.

Қағазы тастан тозбайтын,
Keң дала баспаханасы.
Көнеден сырды қозғайтын,
Том шыққан миллион данасы,
Білімнің осы анасы.

Бір-бір том әрбір тас мұнда,
Бейнелер әсем қашалған,
Бұл Ұлытау аспан астында,
Ғажайып музей жасалған,
Қасиетті жерім қашаннан.

Музейдің осы зыңғыртау,
Кішкентайбір бөлмесі,
Ғасырдың бізге бұлдырлау,
Жасалған ғажап көрмесі.
Экспонаттар бөлмесі,

Даладан бәрін табамыз,
Табылған бүгін олжа аз ба.
Тастарға жазған бабамыз,
Сақталған мұнда қолжазба.
Беретін жауап болжамға,

Жазу, сызу білмеген.
Дейді атам қазақты.
Көзгеқалай ілмеген,
Жасаған мынау ғажапты,
Жолдарда жүріп азапты.

Жаныңды кейде мұнайтар,
Көребілмейалыпты.
Қараңғы деп кім айтар,
Фараби, Шоқан Ыбырай,
Абайлар шыққан халықты.

Өшкенді жаққан біліммен,
Тірілтіп қайта өлгенді
Жеткізу қиын тіліммен
Бұл жерден көзбен көргенді
Бабалар жасап бергенді,

Ұлытаудың шығыс жағында,
Осындай биік қыр жатыр.
Оранған жібек сағымға,
Тасында терең сыр жатыр,
Жазылған дастан жыр жатыр.

АЛТЫНШОҚЫ

Жай бір төбе секілді қатардағы,
Болмаса Алтыншоқы аталғаны:
Бір ғажабы шыққанда төбесіне,
Биік таулар төменде жатыр бәрі.
Сырттай көрсең дегендей қиқым қыр-ау,
Қандай сыр жатыр сенде сиқың мынау.
Төбесінен қарасаң төңірекке,
Дейсің өзі емес пе, сиқырлы тау.
Сұлулық көз алдыңнан өріледі,
Бұл төбе Сарыарқаның төрі ме еді,
Тұрғандай бүкіл аймақ алақанда,
Көкжиеккөлегейсіз көрінеді.
Жазира осы төбе құлашындай,
Таң қалмай бұған қалай тұрасың жәй.
Жасалған қолдан осы биік Шоқы
Ғасырдың он үшінші мұрасындай.
Тарихқа шықсаң оған жолыққаның,
Келедіқұлағыңа зорыққан үн.
Жалғанның жан алғышы Ақсақ Темір,
Көзіңеелестетер жорықтарын.
Қан төгіп, Өмір—Темір машығады,
Шабуға Тоқтамысты асығады.
Келгендеосы өңірге жер қайысқан,
Түмендер тамақ бітіп ашығады.
Соғысқа шабыттары шабандайды,
Бұл түрімен Тоқтамысты шаба алмайды.
Аң қырып, азық етіп, кейін қарай,
Қайтудан басқа амал таба алмайды.
Шеп құрып жендеттерін тұрғызады,
Дабылды даңғырлатып ұрғызады.
Сағымды сары даланы қанға бояп,
Жазықсыз аң біткенді қырғызады.
Ол кезде тағдыр күшке бағыныпты,
Заманда хан билеген қағыныпты.
Боялып қызыл қанға қалды дала,
Кім көрген мұндай сұмдық тағылықты.
Қыс болып жүре берді жазы мына,

Қан сінді Сары-арқаның жазығына.
Келтіргендала сәнін аң біткендер,
Айналды жендеттердің азығына.
Осылай қоректеніп бүкіл қосын,
Төбеге шығып тұрды Әмір сосын.
Қан сасып, мамыта боп жатқан дала,
Темірдің келтіреді көңіл хошын.
Көрдіол — бір құрылықты ашқанмен тең,
Ойлайды болмас бұдан асқан мекен.
Бұл жерде із қалдырмай аттануым,
Болмай ма, жаудан қорқып қашқанмен тең.
Ұлытаудыаласартып қашайын ба,
Тастарын ақ жазыққа шашайын ба?
Қалдырсам екен мұнда қандай белгі,
Тас үйіп тағы бір тау жасайын ба?
Қалмасын ұқты мұнда басқа атағы,
Осы жерде тау жасауды бастатады.
Екі күн екі жүз мың әскеріне,
Тек қана бір-бір тастан тастатады
Білдірсе сәл қарсылық бас алынған,
Қырлардан маңайдағы тас арылған.
Төгіліп қан мен тері адамдардың,
Осылай Алтыншоқы жасалынған.
Басына балқыма пеш салдырады
Метеорит тасын тауып алдырады
Балқытып «Осы жерде Ақсақ Темір,
болды» — деп, тасқа жазып қалдырады.
Батысы құз, жадағай Шығыс жағы,
Бір көрсең, көрсем дейсің шығып тағы.
Тал өртеп, көмір жасап, тас балқытқан,
Әлі де басылмаған оттың табы.
Ғасырлар сыры жатыр төбесінде,
Көргенніңсақталарлық көп есінде,
Қорыған тасты ұстасаң күйе жұғар,
Түтіннің иісі бар көдесінде.
Көпжерді Әмір—Темір басып алған.
Ажалдан құтылмайды басы бар жан.
Ойнаған өлімменен Темір де өтіп,

Осы жерге аты жазған тасы қалған.
Тексеріп байлықтарын жүріп қазба,
Шығады бұл шоқыға бір жыл жазда,
Сол тасты тауып алып Қаныш аға,
Апарып тапсырады Эрмитажға.
Жатқан тас Сарыарқаның даласында,
Жасалған қолдан биік қара шыңда.
Сақтаулы тұр бүгінде Эрмитажда,
Атақты Ленинград қаласында.
Айттым мен елден естіп білгенімнен,
Көргенді, ойға түйіп жүргенімнен.
Бүгінгі бүлдіршіндер, келер ұрпақ,
Тарихын туған жердің білгенің жөн.

1. ӘКЕ САҒЫНЫШЫ

Әкем марқұм, бір жыл бұрын өлерден,
Бой тұмарын иіскеді көнерген.
Сәл жабырқап отырды да, мұнайып,
— Қайран туған жерді аралап көрер ме ем?
Қалар едім қайтадан бір жасарып,
Мынау сырқат босатпады-ау, қасарып.
Енді бару арман шығар мен үшін,
— Деді Әкем, жанарына жас алып.
Анамның да жанарын бір бу шалды,
Қысылғаннан менің денем бусанды.
Сұрап алып, иіскедік әкемнен,
Бой тұмардың ішіндегі жусанды.
— Бал татиды үйдің қара көжесі,
Жаңадай боп көрінеді көнесі.
Басқа жердің орманынан биіктеу,
Туған жердің жусаны мен көдесі.
Өмірөтті басымыздан әр қилы,
Сағыныштан — деді адам балқиды.
Мынау тұмар ішіндегі жусаннан,
Ауылымның жұпар исі аңқиды.

— Осыншама ұялатқан жанға мұң,
Мен қарттардың сағынышын аңдадым.
Оларды елге алып — барып қайтуға,
Сыртқа шағып, машинаны қамдадым.
Кештүскен соң, жанұяға бас қосып,
Отырғанда сөз бастадым, ас тосып,
«Ертең елге апарамын» — дегенде,
Жанарлардан жүре берді жас жосып,
— Келер сенің аспанда айды әпергің,
От басына жақсылықты әкелгің.
— Деді анам, бірақ алыс сапарға,
Денсаулығы келмейді ғой әкеңнің.
— Сен сөзіңді қой, — деді әкем, барамын,
Ажал жетіп, өлсем сонда қаламын.
Мұның өзі ойламаған іс еді,
Айналайын, дұрыс мынау талабың.
— Мезі етті ме, шаң тозаңы қаланың,
Ісін аңсап қалыпсыздар даланың.
Бүгін әбден дайындалып алыңдар.
Дәм бұйрыса ертең алып барамын.
Туған жердің ыстығына қарашы ә,
Қуандыәкем кәдімгі жас балаша.
Көшпен тұрмай төсек тартып жатқан ол,
Ертеңіне тұрды таңмен таласа.
Бір қой салып, керек — жарақ затты алып,
Тиянақтап жол міндетін атқарып.
Ата-анамды, балаларды мінгізіп,
— Ия, алла, деп, кеттік елге аттанып.

2. БӨЛЕНДІНІҢ ТОҒАНЫ

Тарттық елге бетті түзеп, қасқайып, .
— Деді әкем төтелетіп аспайық.
Туған жерді аралауды, құлыным,
Бөленді әкең тоғанынан бастайық.
Талай жылдар етіп кетті оған да,
Бұдан кейін қайта айналып соғам ба?

Аман алып қалған жұртты аштықтан,
Тарих бар, қасиет бар тоғанда.
Оқымаған ғалым еді өнерлі,
Елді жинап тоған салды Бөленді.
Арық қазып, алқапқа су шығарып.
— Деді жұртым игілігін көр енді.
Мұнан пайда боларын ел ұғады,
Сондықтан да бейнетке де шыдады.
Атшап соғып, егістікті суарды,
Сол жылы егін өте бітік шығады.
Мол береді еңбегін тәлемді,
Орғызады жинап көрші — көлемді.
Келер жылы болған үлкен аштықтан,
Ауылды аман, алып қалған Бөленді.
Жалын еді жасында ағай маздаған,
Қайсар еді алған беттен жазбаған,
Сол тоғанның жан құлағын ашам деп.
Өзі суға кетіп қала жаздаған...
Көктемеді, жатқан қатты су тасып,
Терісаққан да арнасынан кетті асып.
Жан құлағын қалған сірә, сең бітіп,
Тоғанды да кеткелі тұр су басып.
Кейпінен тұр кейістік оқылып,
Тура тоған ортасына отырып,
Сеңді бұзу жолын ойлап тұрғанда,
Екі жерден әкетті су опырып.
Түсіргендей ағайды ажал аранға,
Ауыл шулап жиналды бір алаңға,
Екі жақтан су опырып тоғанды,
Қалды ағай бір кішкентай аралда,
Жан түршігер күшейді су гүжілі,
Жолын тосқан бар адамға қыжылы.
Екі жақтан сумен қоса сең жүріп,
Ағай тұрған бөлікті тез мүжіді.
Есеңгіреп қалды ауыл сенделіп,
Тұрғанымыз жоқ құтқарылар шел көріп.
Ағай тұрған кішкентай бір бөлікті,
Ұрсабітті бір шамалы сең келіп.

Шапшып басқа шыға келді қанымыз,
— Деді Бектұр арқан байлап алыңыз.
Екі атпенен түстік суға, тәуекел,
Ар ық емес деп, ағайдан жанымыз.
Тілек тілеп тұр жағаға жұрт барып,
Қырсық шалмас, тұрған жерді құт дарып.
Құдай жар боп, аруақ қолдап, ағайды,
Алдық солай бір ажалдан құтқарып.
Кезі еді бұл ала сапыран заманы,
Ер жігіттер болған елдің «қамалы».
Бүкіл ауыл «маман» дейтін ағайды.
Еді өзі де барлық істің маманы,
Бір ат әзір көтеретін зор кісі,
Ақылы да, еді ағайдың мол күші.
Басқа көлік ол кездерде болмайтын,
Өгіз — трактор, ат еді елдің «волгасы».
Жуан сіңір аты болды ақтабан,
Оны ағай, өзі күтіп баптаған.
Талай қиын жолдан аман жеткізіп,
Атта оның баптағанын ақтаған.
Кездеріңде сендердің жас балдырған,
Ауылдардан адам жннап алдырған.
Өгіз арба, жаяу тасып тас — балшық,
Сол кісі еді, «Сары тоғанды» салдырған.
Өлгендерді құрметтесек бақ қарар,
Олардың да енбектері ақталар.
Атын берсе бұл тоғанға ағайдың,
Есімі оның ел есінде сақталар.
Білер жастар осы кезге дейінгі,
Кім салдырды, білмес ұрпақ кейінгі,
Осы жағын ойласа екен — деді әкем,
Ел басқарған азаматтар зейінді.
Ол кездері тоған салу күш еді,
Ел үшін бұл игілікті іс еді.
Жолым түссе «Сары тоғанға» есіме,
Әкем айтқан осы сөзі түседі.
Ол кездегі енбек мүлдем ерек қой,
Мұның өзі шын тарихи дерек қой.

Кейінгі ұрпақ білу үшін, сұрамай,
Сол кісінің атын беру керек қой.
Бөленді әкей төзімді еді, «нар» еді,
Тұлғасында мол қасиет бар еді.
Немересі ел басқарып жүр бүгін,
Қайтқанда әкей алты-ақ айлық бала еді.

* * *

Тағылғандай өзіне бір мың айып,
Әкем үйде отыратын мұңайып.
Екі — үш күндей туған жерін аралап,
Қайтты ауылға өзі мүлдем тыңайып,
Сағынышы сәл болса да тоқырап,
Шат көңілін білдік көзден оқып-ақ.
— Мен өлгенде кәбіріме бірге сал,
— Деп бір уыс алды жерден топырақ.
Төсек тартып жатқан адам қозғалмай,
Сол сапарда уақыттан озғандай.
Туған жерді аралауы, бір жылға,
Ойлап тұрсам әкем өмірін созғандай.

ТАБИҒАТ ЖҮДЕП БАРАДЫ

Тұратын шалқып байлық, суы тұнып,
Қең дала бара жатыр қуырылып.
Тартылыпөзен, көлдер, дариялар,
Барады бірте-бірте суы құрып.
Құтқарған тіршілікті сан ажалдан,
Айырылды, нәрі азайып, дала ажардан.
«Судың да сұрауы бар» деген сөзді,
Ескермей, қалдырыппыз тыс назардан.
Бар еді не жазығы, шіркін, адам.
Кетіріп берекесін шырқын алған.
Бұйырып «басыңды и» — деп, — адамзатқа,
Дауысын естімедік шырқыраған.

Бұл күнде болып отыр жұртым алан,
Ойласақ сай-сүйегің сырқыраған.
Тынысыңды тарылтып бара жатыр,
Аралдың ақшаңдағы бұрқыраған,
Тарылған тынысымыз кеңеймеді,
Кетпей тұр бір түйткіл ой көмейдегі
Тіршілікті аздырып бара жатыр,
Жарылыстар Невада—Семейдегі.
Атом деген алапат шығып дүлей,
Қауіп төніп, адамды биледі үрей.
«Жойылсын» деп ышқына шыққан үндер,
Толқынындай теңіздің түскен үдей.
Қайтсең немен қателік өтеледі,
Қара жер эзер-эзер көтереді.
Атомдардың тұншығып тозаңына,
Дүние күрік-күрік жөтеледі.
Құтпедік табиғатты сауып тұрып.
Қайтеміз айта берігі жауықтырып.
Аластап апаттарды жер бетінен,
Алайық дүниені сауықтырып.
Болуды қойып енді барымташы,
Алғанның қайтарылсын қарымтасы.
Қалпына келтіруге табиғатты,
Ауса екен адамзаттың бар ынтасы.

ТУҒАН ЖЕР

Көзімін мөлдіреген бұлағының,
Ағынды арнасымен бір ағынның.
Өрлікті, кайсарлықты, мықтылықты,
Ұрпақтан ұрпақтарға мұра қылдың.
Табады тек өзіннен көк тірегін,
Маған да артар міндет, көп тілегің,
Торлаған аспаныңды қара бұлтты,
Басын қап шудасынан шөктіремін.

АРМЫСЫҢ АУЫЛЫМ

Армысың, ауылым, армасың ару ақ таңы,
Армысың, ақ қыс, армысың ауыл ақпаны.
Армысың, құрбым, армысың, іні-қарындас.
Армысың, шопан ағалар ауыл мақтаны.
Армысың, аға, ақ табан құрық сүйреткен.
Ауыздықсыз асауды мініп үйреткен.
Мекенің дала, жылқымен бірге жалғыз қос,
Күндерің аз-ау, көсіліп жатып үйде өткен.
Ақ күміс бейне даланың ақша қарлары,
Армысың, ата, ауылдың ақсақалдары.
Армысың, ана, өмірді мынау өрбіткен,
Сен еккен гүлдер солмайды бақшалардағы.
Армысың, ауыл азаматтар мыңдаған,
Арманын асыл еңбекпен ғана шыңдаған.
Ерлерім менің, еңбектің ардагерлері,
Сендермен ғана тыныстар мынау тың далам.
Армысың, далам, сарқылмас ырыс-несібім,
Өзіңде аштым бақытты өмір есігін.
Армысың, достар, армысың, ұям, ата-анам,
Армысың, ауылым, армысың алтын бесігім.

КӨКТЕМКЕЛДІ

Нұрын төгіп келді міне, көктем де,
Жадырайды жаның самал өкпен де.
Тоба дейік, осы күнге жеткенге,
Бұл көктемді көре алмады-ау, көп пенде.
Тағдыр қатал өз дегенін істейді,
Өтпес оған өтінішің, өкпең де.

Жатыр мұның сыры терең, әрі де,
Жас та өтті, өтті өмірден кәрі де.
Қызығымол, қызғалдақты көктемді,
Көрмейміз деп ойлаған жоқ бәрі де.
Таусылмаса татар дәмің несібең,
Талай сұлу көктем келер әлі де.

Жыл мезгілі сияқты өмір алмасты,
Көп сәбидің көктемі бұл алғашқы.
Біреу өліп, біреу туып жатады,
Туғандармен өмір өрбіп жалғасты.
Қаулап шыққан қызғалдақтай сәбилек,
Құттыболсын көштемдерің алғашқы.

ШЕҢБЕРІМ

Шеңберім, — туған жерім алтын аймақ,
Шөбің—май, топырағың-дән, суың-қаймақ,
Жатқандай жайлауында құпия сыр,
Қараймын әр гүліңе күнде абайлап.
Тауыңды көріп сенің биіктедім,
Өзімді бауырыңдағы киік дедім.
Ақынға шабыт беріп, жыр боп тудың,
О, Отан неткен сонша сүйікті едің.
Отаным—алтын ұям—туған жерім,
Бойыңа сіңсін менің аққан терім.
Арт маған, ауырыңды көтеремін,
Егер де өкінбеймін, сынса белім.

ЕЛІМ МЕНІҢ

Сүйреттің, жамандықтан жирен дедің,
Баулыдың жақсы әдетке үйрен дедің
Ұшырдыңқия шыңға қыран етіп,
Ардақты анам менің, елім менің,
Сан ауыр күнді бастан өткергенде,
Сан қиын жетектедің өткелдерде,
Мейірімді жүрегінді тосып маған,
Өзіңсін адам етіп жеткерген де.
Жараттың қиындыққа төзімді етіп,
Сен бердің — ақыл, сана, сезім жетік.
Дүниені ертіп жүріп таныстырдың,
Жүрсін деп құпиясына көзің жетіп.
Теңіздің толқынындай тулар ерім,
Жау шапса қылышын боп тұрар едім.
Өсірдің өзің мені тәрбиелеп,
Сен үшін жаным құрбан туған елім.

ЖАҢБЫР

Жер ана, жатыр төсін көкке тосып,
Аспанда шарбы бұлттар жүрді жосып,
Күн көзін жапқан кезде басын қосып,
Көк аспан қамшыменен жіберді осып.
Қабырғасынбұлттың қамшы сөкті,
Селдетіп шыдай алмай жасын төкті.
Жер тапшай паналарға тоз-тоз болып,
Маңдайын тасқа соғып, тауға шөкті.
Көкпен күн мейірленіп төкті нұрын,
Жайнатып сахараның ой мен қырын-
Ақырын жел құлаққа сыбырлайды,
Жарына ақтарғандай сұлу сырын.
Аспанда алтын егіс ашылғандай,
Ақтарған қазынасын асыл жандай.
Жер беті күміс шықпен жылтылдайды,
Сандықтан сансыз моншақ шашылғандай.

УАҚЫТ

Ей, уақыт мұнша неткен жүрдек ең,
Құрғалып бара жатқандай алар жүлдеден.
Аққан судай аялсыз өтіп барасың,
Әр күн сайын қалады бітпей бірдемен.
Арғымақ уақыт жалыпа сенің жармасып,
Өзіңменбірге өмірді келем шарласып.
Қуанамын тындырар ісім таусылмай,
Жатқанына алдағы күнге жалғасып.
Қыран құстай қияға құлаш сермеген,
Шалқыйды көңіл бойымды шабыт кернеген.
Жас жүрегім алын қашар арындап,
Арғымақ аттай босанып кеткен кермеден.
Кеудемде менің бұлқынып жүрек тулайды,
Буырқанса жігер бұлттарды буып, турайды.
Жарқ ете қалар найзағай ойың болмаса,
Сүйсініп оқыр, сүйікті өлең тумайды.
Асаудай көңілім жүген мен құрық тимеген,

Мінезім асқақ дұшпанға басты имеген.
Арнадан асып, тасыса шабыт дариясы,
Шалқыған шаттық түсемін шалқар күйге мен,
БАБАМ МЕНІҢ

Бұза алмаған атамның жау мұрасын,
Берік бірлік, татулық ымырасын.
Бабам басын имеген дұшпанына,
Сенбегендер тарихтан сұрасын.
Қажымаған жігер құм боп үгілсін,
Қайсарлығын көріп дұшпан түңілсін.
Алапатын асқар таудай, атамның,
Білмегендер ғасырларға үңілсін.
Пейілін көр, көр де бабам даласын.
Жомарттығын көріп қайран қаласын.
Ешбір жоқтық жоя алмаған ешқашан,
Меймандостық ықыласын-қаласын.
Ісетпеген жеке бастын қамы үшін,
Ешбір жауға жібермеген намысын.
Дос боп келсең туғаныңдай қарсы алар,
Мейлі сені танымасын, танысын.
Өр көнілі ұксап биік тауына,
Тұрсадағы жаны қатты ауыра.
Келсе алдына қателігін мойындап,
Кешіреді, сый көрсетер жауына.
Арамдықты бүкпей келсең ұртыңа,
Қарамайды тегің менен ұлтыңа,
Ағайын боп араласып кетесің.
Менің мынау жомарт жанды жұртыма.
Түсінбеген бұл сөзімнің түбін шын.
Араласын, архивтерге жүгірсін,
Ғажап жанды қасиетіне бабамның,
Құманданса тарихқа жүгінсін.

ҚОСДУАДАҚ

Болсам да өзім шофер, едім аңсақ,
Қол тимей бір шығуды жүрдім аңсап.
Құс аулап шықтым жаяу, күн демалыс,
Кездесті егінжайдан қос дуадақ.
Алаңсыз жайылып жүр қос дуадақ,
Жанына жакын келдім жар қуалап.
Кезеніп қабаттасса деп жатырмын,
Кәдімгі қарақшыдай қандыбалақ.
Білмеймін әлде неден секем алды,
Атқалы жатқан мені сезіп қалды.
Жануар анық көрді мойнын созып,
Өзіне төңіп тұрған сұм ажалды.
Арттағы күтіп алды балапанын,
Көрдің бе, құстың мынау балажанын.
Баласын қорғап, өзін оққа тосты,
Бала үшін қиып ана жалғыз жанын.
Бір топ қып балапанды алды жиып,
Кеткендей қарауылға бәрі сыйып
Қорғанбоп қарсы алдынан келді әкесі,
Жары үшін, балалары үшін жанын қиып.
Бала үшін төкпек ана қасық қанын,
Баласын тұрды әкесі қорғап жарын.
«Мені де осылай ғып асырады-ау
Ардақты менің ата-ана жаным».
— Деп ойлап оғымды алдым қойған оқтап,
Қызығып ұзақ қарап тұрдым тоқтап.
Жайылып жәйбарақат кете барды,
Оларда бұл ойымды сезгендей нақ.
Орнынан көтерілді қос дуадақ,
Білген соң жок екенін көңілде дақ.
Төмендеп төбемнен кеп үш айналды,
«Рахмет, сен де аман бол» — дегендей-ақ.

ЖАЗҒЫ ТҮН

Бұлтсыз, ашық мөлдіреген түнгі аспан
Ғашықтардың жүрегімен мұндасқан.
Көк жүзінде жымындайды жұлдыздар,

Екі жастың жанарындай ымдасқан,
Талай сәби туған шығар шырылдап,
Талай ару жүрген шығар сыр ұрлап,
Дүниені рахатқа бөлейтін,
Осы түнде бар әдемі бір ырғақ.
Жыр арнаған осы түнге сүйіп мен,
Қарайтұғын шығар біреу күйікпен.
Қозғала алмай жатқан шығар ыңырсып,
Кейбіреулер құлап түсіп биіктен.
Түпсіз теңіз, мөлдіреген түнгі аспан,
Ақындардан туған шығар мың дастан.
Тіршіліктің шексіз алып жүрегі,
Күйгебөлеп тұрар соғып тынбастан.

КӨКТЕМДЕ

Құтылып аяз деген сұғанақтан,
Қарайды көк жиектен сығалап таң.
Қысып ап ақ көрпесін қолтығына,
Кідірмейтайып тұрған шығар ақпан.
Табиғат дүниені көк шұғалатқан,
Адырлар айнымайды шұбар аттан.
Үнінен қой, козының, құстың даусы,
Ұласып жатыр мынау шағынақтан.
Тұрмын мен ерте келіп су басына,
Ақынға қалай шабыт тумасын ә!
Бурадай буырқанып жатыр өзен,
Жабысып таудай сендер шудасына.

ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Туған жерім — алтын ұям, астанам,
Мен өзіңнен өзен болып басталам.
Ата-бабам жазып кеткен тарихын,
Кітаптайсың, жаңа шыққан баспадан.
Сенде тұрып, өткенімді ойға алам,
Таныс бәрі, таныс қырқа, ой маған.

Тәңертеңнен кешке дейін ас ішпей,
Мынау тақыр талай асық ойнаған.
Іздеп келіп ойнаушы едім құтырып,
Талай-талай, төбелестім ұтылып.
Әкем ұрысса, әжеме келіп тығылып,
Сан таяқтан кетуші едім құтылып.
Тал-шыбықты ат қып мініп заулаған
Мынау өзен талай балық аулаған.
Тұнығына күн ыстықта шомылып,
Көгалына асыр салып аунағам.
Таба алмай да тұрмын туған үйімді,
Болу керек, осы біреу үйінді.
Бір сапарда алып келіп анамды,
Шешіп алмай болмас осы түйінді.
Біз оқыған мынау мектеп орыны,
Ұстаздар жоқ, мейірімге толы үні.
Сол ұстаздар, басқа да көп адамдар,
Жатқан анау, ата-бабам қорымы.
Қандай ауыр, осы бір ой батпандай,
Қабағыңа қалыңдап мұз қатқандай.
Өлмегендей осы адамдар, мен үшін,
Шаршап келіп, жай тыныстап жатқандай.
Жатыр бәрі осы мынау қорымда,
Өздеріне бұйырған, шақ орында.
Алар едім осыларды тірілтіп,
Егер менің болса тағдыр қолымда.
Өзгертседе әлде неше қоғамды.
Құдай менің жаңылтпасын тобамды.
Әкелерім елестейді көзіме,
Қашпен тасып, салған «Сарытоғанды»-
Суды бөгеп алқапқа егін салатын,
Сол егінді қолмен орып алатын.
Десте жинап, бастыруға керек деп,
Балаларды жинап алып баратын.
Піскенше егін оны солар қорғайды,
Үркітеді егіндегі торғайды.
Осы күнгі бала түгіл жастардың
Істеріне менің көңілім толмайды.

Жаз айлары қарбаласпен өтетін,
Шөпті шауып, далаға үйіп кететін.
Оны тасып өгіз жеккен арбамен,
Қыстақтарды қамтамасыз ететін.
Бүтіндейді жауын күні қораны,
Кірмесүшін қыстың ертең бораны.
Күзге қарай алқаптағы егінді,
Ауыл болып, қол орақпен орады.
Ойнауға онда тимейді бір қолымыз,
Мынау талай шөп тасыған жолымыз.
Шаңы шығып жатушы еді, бүгінде,
Қалыпты ғой, көмескі бір болып із.
Мынау адыр сол қалпында тұр қарап,
Қол шанамен талай тепкен сырғанақ.
Кейкүндері сақылдаған сары аяз,
Құлағымды беруші еді «Сырғалап».
Бәрі қалды, бізге үлкендік жетті де,
Үсітпейтін болдық құлақ, бетті де.
Сол бір мұңсыз шақтарымды жоғалттым,
Қол шанадан түспей сырғып кетті ме?
Осы оймен тұрғанымда алысып,
Бір топ бала жетіп келді жарысып,
Мен оларды кезек-кезек көтеріп,
Беттерінен сүйдім бәрін, танысып.
Уақыттың тездігіне қарашы,
Бұл құрдастар баласының баласы.
Енді ғана қанша екенін аңғардым,
Балалық пен үлкендіктің арасы.
— Ал «Жігіттер» — дедім-бұлай топталма,
Кел ойнайық асық бар ма, доп бар ма?
Сендерменен көрейін бір ұтысып,
Кәне,кәне, әкеліңдер, тоқталма.
Доп бар екен, араластым ойынға,
Бастан аққан тер құйылды мойынға.
Бұрқыраған туған жердің тозаңы,
Кіріп жатты қоныш пенен қойынға.
Әппақ көйлек, шаң-тозаңға көмілді,
Оған бірақ аударғам жоқ көңілді.
Балалық шақ қайта айналып келгендей,

Шаттық асып шарасынан төгілді.
Бір қарасам жұрт жиналып қалыпты,
Кімжинаған осыншама халықты.
Құрдастарым араласты ойынға,
Қарттар жағы өткенді ойлап тарықты
Биік таудан бас алғандай бұлақ бір,
Қариялар кәдімгідей жылап тұр.
Танымайтын адамдар да, көп екен,
Олар мені, «мынау кім?» — деп сұрап тұр.
Бәрі жаңа, ауыл мүлдем өзгерген,
Адамдар да азайыпты көз көрген.
Жаңа ұрпақтар қолына алған тізгінді,
Сондықтан да танымайды кез келген.
Тұяқ басып келе жатыр тұяқты,
Мұрт өсірген кей біреуі «кияқты».
Бәрі менің ауылдасым бауырым,
Бірақ олар «бөтен адам» сияқты.
Ошақта жоқ, үш аяқты мосы да,
Жапада жоқ, құрым кигіз қосыда.
Шатырлы үйлер сап түзеген, сәнді ауыл,
Елу жылда жаңарған ел осы да.
Ойын бітті бір бала кеп ересек,
— Деді, ағай, болдың ұпай берешек.
— Иә, — дедім, мойындаймын ұтылдым,
Өйткені енді сендердікі келешек.
Өмір қалқам, ұзақ сапар жол үсті,
Мынау уақыт жеңуіңе болысты.
Өздеріңненкейін келер ұрпаққа,
Сендер де ертең, боласындар борышты.
Күнбатады, тағы да таң атады.
Ащы-тұщы дәмді адам татады.
Жылдын мына төрт мезгілі сияқты,
Өмір шырақ, алмасып кеп жатады.
Адам тағдыр жетегіне ереді,
Алдыңғыны кейінгі ұта береді.
Қуанамыз асып түсіп жатсаңдар,
Айналайын, бізге де сол қерегі.

* * *

Қетті олар ауыл жаққа зуылдап,
Қолден ұшқан шағаладай шуылдап.
Балалық шақ солармен кеткендей,
Екі бетім шыға келді дуылдап.
Көңілімді жабырқатып басты мұң.
Биік таудың қиясынан асты күн.
Осы өлкенің қай жерінде қалды екен,
Ақ жалыны алаулаған жастығым.
Жастық шағым қалды осында, ол анық,
Келейінбе мынау қырды оралып.
Сол қырқаның бөктерінде бал дәурен,
Жатқан шығар қызғалдаққа оранып.
Әлде өзенге кетті ме, ару шақырып,
Жүрген шығар, қара, суды сапырып.
Саясы мол бір шоқталдың түбінде,
Жатқан шығар көк қияқты жапырып.
«Қүрең қасқа ат» астындағы танаулап,
Жанарынан жігер оты алаулап.
«БЕС АТАРЫН» ыңғайлы ұстап қолына,
Жүрген шығар орман кезіп «ан» аулап.
Іздейтіні жанның, жақсы сыңар-ау,
Тапқанша оны азапқа да шыдар-ау.
Жастық шағым жүрегінде жарымның,
Бір дем алып, ұйықтап жатқан шығар-ау.
Сергіте алмай дел-сал болған бойымды,
Жинай алмай шұбатылған ойымды.
Тұфғанымда жалғыз өзім жабықтап,
Төтеннен кеп, тосын сұрақ қойылды.
Бір қария ақсақалды, тіл қатты,
Еңгезердей адам екен сымбатты.
— Ел шетінде жалғыз өзін жабырқап,
Неғып тұрсың — деді, балам, қымбатты.
Ауылыңды келіпсің тым сағынып,
Туған жерге тұрсың білем, табынып.
Не жоғалттың, айтшы қалқам жасырмай,
Іздегенің қалар мүкін табылып.
— Болып келдім жоғымды іздеп табардай,

Қызғалдақтан мойыныма алқа тағардай.
Осы жерде қалған жастық шағымды,
Тұрмын әке, — дедім іздеп таба алмай.
— Адамды алла жаратқанда басында,
Өлшеп берген жасар жасын, асын да.
Сен жастықты жоғалттым деп қамықпа,
Жастық шағың тұр өзіңнің қасыңда.
— Жалтақ-жалтақ жан-жағыма қарадым,
Ештеңе жоқ, қарап қайран қаламын.
Өз жүрегін көрсетті қарт күлімдеп,
— Міне, мында жатыр — деді шырағым.
Көрсеңменің көңілімді ақтарып,
Барады анық сені жастық шаққа алып.
Ата-ананың біз сияқты қарттардың,
Жүрегінде тұр жастығың сақталып.
Орансақта от-жалынға, мұз-қарға,
Қырындайтын кезің есте қыздарға.
Сол боз бала қалпында сен қаласың,
Оны көрген қарияллар — біз барда.
Көрдікталай — қиындықты, аштықты,
Көрдік талай — зұлымдықты, қастықты,
Біздің жастық шақты көрген қарттар жоқ,
Рас, міне, біз жоғалттық жастықты.
Кеттік қазір сексеніңнен әрі асып,
Өлімменен тұр өмірім таласып.
Әр күн сайын ажал күтіп жүреміз,
Қашан келіп қалады деп «бал ашып».
Қалтырайсың жетпіс жастан асқанда,
Селкілдейсің сексенді нық басқанда.
Елу деген ердің жасы қарағым,
«Семсерінді» тасқа серме жасқанба.
Бұдан кейін алпыс алар кезегін,
Бұл да сенің «албөрідей» кезеңің.
Өздеріңдей азаматты көргенде,
Жастықты ойлап өртенеді өзегім.
Өткен күндер айналды- бір елеске,
Биіктен біз түсіп кеттік еңеске.

Құралайды көзден атып құлатар.
Ал сендердің дер кездерің емес пе?
Сөз зергері, айналайын ақыным,
Бұған қалай жетпей қалды ақылың.
Қапы қалма, мына өмірден есеңді ал,
— Дем қария қақты арқамнан ақырын.
Пышақ өтпес болмаса егер қайрағы,
Мені қария ұстарадай қайрады.
Бекер екен, мен үлкейдім дегенім,
Бар да осындай жастығымның айғағы.
Арқалаған жүктің не бір ауырын,
Батыр тұлға, қақпақтай кең жауырын.
Кетті үйіне, қарап тұрып сыртынан,
— Аман болшы — дедім қарттар, ауылым.

ҚҰЛАЗЫП ТҰР САЯБАҚ

Бір кездегі ұлан-байтақ саябақ,
Отыратын көп адамдар саялап.
Ал, қазір ше, ада болған ағаштан,
Күтерадам болмаған соң аялап.
Алма ағашын көп еңбекпен өсірген,
Кейбіреулер дәулетіне есірген
Тұп тамырымен трактормен қопарып,
Өз үйінің ауласына көшірген.
Бұған ешкім жинамады «айылын»,
Жоқ жанашыр, жасар баққа қайырым.
Кешке адамдар серуендейтін орынды,
Меншіктінің малдары еткен жайылым.
Бақтың іші азды әбден, былықты,
Жазда кино қоятұғын клубты
Тасып алған үйлеріне ағашын,
Қиратыпты, таза быт-шыт қылыпты.
Саябаққа жауыздарша қараған,
Қоршауларын түк қалдырмай талаған.
Соны істеген өзіміз ғой, ағайын,
Келген жоқ қой бұған ешкім даладан.

Сенбесеніз сая баққа барыңыз,
Қалай жетті аздыруға арымыз.
Жоқтан барды жасағанның орнына
Жоқ боп шықты қолымызда барымыз.

Кетіріп жүр көптің осы мазасын,
«Барды құртсаң, — дейді олар-азасың».
Тонағандар сая бақты аяусыз,
Алу керек лайықты жазасын.

Жеткіздім мен көпшіліктің кесімін
Тимесінші ортақ іске кесірің.
Кетсек егер отырғызып тақырға,
Келер ұрпақ жасамайды кешірім.

Сынау емес, деп біліңдер дос үні,
Өтер ертең қазіргінің қосыны.
Борыштымыз келер ұрпақ алдында,
Еске ұстайық бәріміз де осыны.

АУЫЛЫМДЫ САҒЫНДЫМ

Куәсі өткен балалық албырт шағымның,
Арасында асыр салған сағымның.
Қыран етіп қия шыңға ұшырған,
Алтын ұям ауылымды сағындым.
Үзілмесін деп тілейтін бүтіндер,
Бұзылмасын деп тілейтін бітімдер
Басылмасын деп тілейтін қарт әжем,
Мұржалардан будақтаған түтіндер.
Осы сөзі әлі есімде шешейдін,
Туған елін сағынбайды десе кім,
Түтін исін жұта жүріп ер жетіп,
Сол бір оттың жалынымен есейдім.
Куәсіндей жастық албырт шағымның,
Толқынында тыным тапнай ағымның.
Көрмегелі ауылымды көп болды,
Алтын ұям, аңсап сені сағындым.

Қызметім журналистік — тілшілік,
Сенсіз маған мағынасыз тіршілік.
Сенен ғана нәр аламын, сенде терең тамырым,
Мен сенде өскен солқылдаған бір шыбық.
* * * * *

Мен ақсақал, тау ұлымын.
Бұлтты құар бұрқанса дауылымын
Бір ғана тамшысымын жауыныңның,
Бір түйір топырағымын ауылымның.

КӨРШІЛЕР

Көршідеген кездеседі әр қалай,
Ауырыңды жүрер бірі арқалай.
Кейбір көрші сәл нәрсеге өкпелеп,
Өтер оның өкпесі бір тарқамай
Жақсы көршің болып кетер туыстай,
Араласып кетер араң суыспай.
Жаман көрші жазықсыз-ақ жауығар,
Оның үйі бос тұрған бір қуыстай.
Жақсы көрші мақтан етер барыңды,
Сөзімен-ақ жадыратар жаныңды,
Жаман көрші ізіңді аңдып жүреді,
Ебін тауып төксем деп бір арыңды,
Жақсы көрші сөйлер сені өсіріп,
Жамандығың болса оны кешіріп,
Жаман көрші бір жақсылық ойламас,
Армандайды жіберсем деп көшіріп.
Құмға құйсаң су тұрмайды көл сіңер,
Сол құмға да су сақтайық көрсін ел,
Бір-бірінмен мәңгі бірге қалмайсың,
Сондықтан да тату болшы көршілер,
Жамандықты жоғарыға қоймайық,
Бар адамға тек жақсылық ойлайық,
Құтты болсын, деп тілейік іргеміз,
Тойымызды бірге отырып тойлайық!

ТІЛІМІЗ ӨГЕЙСІМЕСІН

Қияға ұшқан ұқсайды көңіл құсқа,
Өттең дүние-ай, бір тұтам өмір қысқа.
Көпасылды жоғалтып алышыз-ау,
Қателік пе, білмеймін қапылыс па?
Өкінгенмен өткен күн оралмайды.
Ойласаң көңіліңе толар қайғы
Жазықсыз кетті-ау, талай марқасқалар.
Біз тіпті айталмадық олар жайлы,
Зобалаң туып бір кез басымызға.
Көбейген досымыз дан қасымыз да,
Кешегі репрессия кездерінде.
Қолдағы бұйырмаған асымыз да.
Қит еткен болып шықты халық жауы,
Оп-оңай құздан төмен құлдырауы.
Ұлтты айтсақ «ұлтшыл» деген ат тағылып,
Мойынға түсті ажалдың қыл бұрауы.
Қаптаған үрей жүрді дала кезіп,
Кетіпті әкесінен бала безіп.
Осы бір сойқан кезең соққылары
Көтертпей ел еңсесін жіберді езіп.
Бір қауызға адамның сиғаны анық.
Сол езгіден есті бір жинамадық,
«Ұлтшылдыққа» ілігіп кетеміз деп.
Өзімізді-өзіміз сыйламадық.
Отыз жеті кезінде аласұрған.
Сенім кеткен жақыннан жанашырдан.
Ұлттық дәстүр, ата-салт, әдет-ғұрып.
Сияқты айырылдық біз бар асылдан.
Бара жатты жойылып тіліміз де.
Сала берді өзгеріп түріміз де,
Өзге тілде сөйлесіп амандастық.
Кездескенде біріміз-бірімізге.
«Папа», «Мама» деп шықты бала тілі,
Дәстүр болып бұл мықты таратылды.
Бақпай кеткен баласы мейірімсіз,
Ата-анадай өксіді ана тілі.
Өзге тілде ат қойдық баламызға,

Даламызға, ауылға, қаламызға.
Ескіліктің барлығын жою керек»
Деген сөз сіңіп кеткен санамызға.
Бояуменен ағарды қара қыз да,
Арақ құйып сапырдық шарамызға
Еліктедік бәрін де ерсі көрмей,
Шегінуге жетпеді шамамыз да.
Егемендік алдық та бағымызға.
Асылды шашып алған шағымызда.
Қазір қайта жатырмыз жинастырып.
Сақталып қалғандарын жадымызда.
Енді келіп жатырмыз бағымызға.
Сынбайды енді ешқашан сағымыз да
Keң жол ашты бәріне, тіл, дәстүрге,
Отырдың өзіміздің тағымызда.
Өткен күнде кетті көп өкінішім,
Бүгін қатты ауырып отыр ішім.
Енді асылды жоғалтып алмайықшы.
Менің айтар жалғыз-ақ өтінішім.

БАБА ТАУ

Ұлытау тау біткеннің баба тауы,
Халқымның қасиетті бақ отауы.
Басқа ұлттың ортағы жоқ қара шанырақ,
«Ұлы» — деп тегін емес мұны атауы.
Төбесі тұрмаса ба бұлтқа тиіп,
Ақбасты Алатаудай берік киіп,
Төгіпті Алла нұрын осы тауға,
Болғанмен басы аласа, даңқы биік.
Өмірдің азабымен сорын ұқты,
Бір-бірін сан жыл іздеп торығыпты,
Басында осы таудың. Адам ата,
Анамыз Хауа-анамен жолығыпты.
Бұл жерде пайда болған алғашқы адам,
Тарихын жазса тозар алмас қалам,
Басынан осы таудың Пайғамбарға,
Тұрыпты әуез беріп Алла аспаннан.

Бұл тауға елші келген жаратушыдан,
Уағыздап Алла әмірін таратушы жан.
Сөйлескен құдіретпен осы тауда,
Даланың пайғамбары Заратушытан
Адамды тәрбиелер құралы да,
Алланың түскен мұнда құраны да.
Түрік тектес халықтың киелі Ұлытау,
Әу бастан айналыпты ұранына.
Уа, жұртым, құлағыңды салшы бұған
Ғибрат аз да болса алшы бұдан.
Кім білсін адамзатты жаратушы,
Ұлытаудың жасады ма балшығынан.
Ажалды көңіліне алған да адам,
«Бер дейді, ақ өлімді Аллам маған».
Қалсам деп Ұлытаудың топырағында,
Хан — қара ежелден-ақ армандаған.
Қол жеткен мәйіттерін қалдырыпты,
Басына зәулім-белгі салдырыпты.
Жете алмай Ұлытауға дүние салса,
Бір уыс топырағын алдырыпты.
Жаралған басқа таудан Ұлытау дара,
Қазаққа мекен болған мынау дала.
Басталған отырықшылық осы жерден,
Салынып тұнғыш рет сәнді қала.
Өмірге пайда болған алғаш тыныс.
Халыққа сарқылмайтын болған ырыс.
Салынып Басқамырда балқыма пеш,
Тас қортып, алыныпты алғашқы мыс.
Жиналған тарихты өлкемнен кең.
Қалдырып кетсем деймін ертенге мен.
Басталған осы жерден мәдениет,
Осы жерден халық өркендеген.
Батырлар үзеңгісін шіреген жер,
Ат басын Асанқайғы тіреген жер.
Жиналып осы тауға түнейді екен,
Алладан жақсы тілек тілегендер.
Тарихи оқиғалар осында өткен,
Ұмыт боп көбі, бізге азы жеткен.
Зерттеп ғұламалар азды көп қып,

Рухани халқымызға азық еткен.
Бөлінген кезден бастан ел тілегіне,
Көз салған бүгіні мен ертеніне.
Жетіпті содан бері оқиғалар,
Айналып аңыз бенен ертегіге.
Бұл тауға табыныпты әу баста адам,
Қасиетті бұдан жер де, тау да аспаған.
Ақ туы адалдықтың желбіреген,
Төбесін, етегін де жау баспаған.
Қарсы алып, Сарыарқаның бұла таңын,
Шығуды биігіне ұнатамын.
Ерлік, елдік-бірліктің астанасы,
Әлемді тәнті еткен ұлы атағың.
Көсіліп жатқан дала айнала айдын,
Жауларға болған жерсің айдар, айбын.
Қазақтың қасиетті жер ұйығы,
Ұлытау, топырағыңнан айналайын.



КӨҢІЛ КӨКТЕМІ

КҮРСІНБЕШІ

Ақ көйлекке кетіп пе екен кір сіңіп,
Жуып жатып қалдың неге күрсініп?
Әлде ерке шағың еске түсті ме,
«Осы екен-ау дедің бе әлде-тіршілік».
Өкіндің бе, әлде, қыз боп туғанға,
Кейідің бе, әлде, көйлек жуғанға,
Әлде, өмірде есең кетіп бара ма,
Қосыла алмай жастық дүрмек думанға?
Отыратын күндеріңмен еркелеп,
Қоштастым деп, өкіндің бе ертерек?
Сағындың ба, әлде сол бір шағыңды,
Бантик таққан шашты қиып келтелеп.
Көңіліңде әлде ескі дақ бар ма,
Қалған сонау жастық албырт шақтарда?
Әлде, арманың ұзап кетіп қасыңнан,
Әлде, басқа қонбай тұрған бақ бар ма?
Жоғалдыңнан өтіп әлде топты арман,
Жоқ па сенің албырттығың тоқталған,
Жас жүрегің жалындай ма үшқындап.
Белгісіз бір көзден түскен шоқтардан.
Шыдай алмай албырт жастық екпінге,
Жүрегіңді оймен тебіrentтін бе?
Әлде, бір кез осы өмірді армандап,
Орындалып ойың шүкір еттің бе?
Осындай ой шылауына шырмалам,
Тегін емес күрсінуің, сыр бар һәм.
Тап баса алмай тайғанақтап табаны,
Сырғып кетпей, кібіртіктеп тұр қалам.
Демің қатты көкірегіңді жарғандай,
Тұрғандайсың бір үзігің жалғанбай.
Тұла бойым тітіркеніп кетеді.
Сен күрсінсең, жер сілкініп қалғандай
Әйтеуір бір себеппенен күрсіндің,
Қандай ой бар көңіліңде, білсін кім?
«Көңіл кірі айтса кетер» деген ғой.
Айтшы, арылып қара бұлттан күлсін күн.

ЖҰМБАҚ КЕЛІНШЕК

Мұндай қызық жағдайды кім көріпті,
Шекесіне кигенді күн бөрікті.
Аты-жөні белгісіз бір келіншек,
Телефондап тұрады күнделікті.

Мен тастамай телефон жабылмайды,
Айтпайды атын, басқа ат та жамылмайды.
Күнделікті телефон соғудан ол,
Бір сәтке де құдай-ау, жаңылмайды.

Сөйлеседі үздігіп, өліп-өшіп,
Шіркін, көңілім, марқайып қалады өсіп,
Қоныстанып жатқандай қайтып келіп,
Жастық шактың ауылы кеткен көшіп.

Уақыт жылжып кетіпті-ау тез ілгері,
Осындай бір қинайды сезім мені.
Тәтті ойға беріліп отыр едім,
Тағыміне, телефон безілдеді.

— Ало, ало мен сені тыңдап тұрмын,
Аты-жөнін белгісіз жұмбақ құрбым,
Түр — түсіңді көрсетпей, атыңды айтпай,
Пұшайман ғып, сен мені жын қақтырдың.
Айтарыңды айта бер тыңдап тұрмын
Талай рет ұйқысыз түн қаттырдың.
Ілікпей-ақ келесің қармағыма,
Айдынына құлаштап мың лақтырдың.

Ало, ало сүйіктім тыңдап тұрмын,
Сенің үнің мен үшін қымбат құрбым.
Үмітімнің үкісін үлгілдетіп,
Телефоннан сылқылдап құрғақ күлдің.

Дауысыңды ынтығып тыңдап тұрмын,
Құр күлкімен келе ме құм қаптырғың.
Бір көруге өзінді ынтықтырмай
Неге жетіп келмейсің, зырлап бір күн.

Сен де мені мұқият тыңдай тұрсың,
Соныңменен кеудемді тырнап тұрсың.

Көрмесем де жүректі елжіретіп,
Үніңменен құпия сыр лактырдың

Сенің нәзік үңіңе еріп тұрмын,
Көрмесем де еркімді беріп тұрмын.
Жабырқата бермеші жүрегімді,
Көнілімді көтерші келіп бір күн.

Осы кезде келіншек сылқ-сылқ күліп,
Одан әрі әкетті ойымды іліп,
— Кездесейік кеш түсе сая бақта,
Байқа, — деді қалмасын біреу біліп.

— Жарайды деп ынтыға дыбыстадым,
Білдім үнсіз оның да ұғысқанын,
Телефонды орнына қоя салып,
Кеуде кере кеңінен тыныстадым.

Үйге қайттым кешкілік жұмыс бітіп,
Жарымды қалай алдап кетем зытып.
Сәті түсті жұбайым қонақта екен.
Қараңғылық түсуін жүрдім күтіп.

Тәтті ойға өзімше берілемін,
Қайта-қайта есінеп керілемін,
Бір ағашқа сүйеніп келіншек тұр,
Уәделі жеріне келіп едім.

Құшақтадым белінен замандастың,
Ықыласпен үздігіп амандасып,
Сүйейін деп бетіне үңілгенде,
Естен тана жаздадым, қатты састым.

Лебің өртеп барады жалын екен,
Деуші едім мен алаулап жанып өтем.
Кездесуге сайланып келіп тұрған,
Ұят-ай, бұл өзімнің жарым екен.

Рас, «көрмес түйені көрмейді» екен,
Көлде жүріп кейде адам шөлдейді екен.
— Кетейік — деді, басқа ләм демеді,
Ұяттанбірақ адам өлмейді екен...

МАХАББАТ ОТЫ СӨНБЕЙДІ

Оқиғаны кез келген тізесің бе,
Тоқсан бестің қалыпты күзі есімде.
Бір қария күнестеп далада отыр,
Әжеміз ұйықтап жатыр тізесінде.

Құдай адам пиғылын түзесін де,
Махаббаттан мәңгі қол үзесің бе?
Ұйықтапжатыр шешеміз рахаттанып,
Шалының ауыратын тізесінде.

Сол тізе сәл нәрсені ауырлайтын,
Кейдеорнынан тұра алмай бауырлайтын.
Ал, шешейдің басының салмағына,
Сол тізесі сияқты ауырмайтын.

Қандай жақсы махаббат тозбағаны,
Ұйқысынбұзбай ешпеп қозғалады.
Әкей мен шешеміздің мына қалпы,
Қызбенен елестетті бозбаланы,

Әкейді сөзге тартып сынадым мен,
Айтқаның естийн деп құлағыммен,
Ұйықтап жатқан өзі ауру тізеңізде,
Кіміңіздеп әдейі сұрадым мен.

Әкей де әзілімді қалды біліп,
Ақырын жымып бір алды күліп,
— Нақ сүйерім бұл менің, махаббатым,
Қалмасын көңіліңде деді күдік.

Осы үйдің берекесі, панасы бұл,
Әкеңнің ақыл-ойы санасы бұл.
Ұрпағымдыөрбіткен өндірісім,
Он екі баламыздың анасы бұл.

Он екі шаңырақтың тірегі бұл,
Отыз екі жанменен шешең тілегі бір.
Құдай қосты отастым елу бес жыл,
Әкеңнің кеудедегі жүрегі бұл.

Он алты жаста осы үйге кірген еді,
Талай қысып қалатын «кірне» мені.

Соның бірін білдірмей келді шешен,
Жүрегімді бір сәт те кірлемеді.

Кеткен кезде бойымды «ауру» меңдеп,
Қылығымен қызықты алады емдеп.
Он екі ұлды өсіріп шығару да,
Ойлап көрші емес пе, ерен еңбек.

— Кешір әке, — дедім мен сұрағанды,
— Дұрыс, — деді ол, мирас ет ұнағанды.
Біз сияқты сендер де боласыңдар,
Дайындап қойған тағдыр сыбағанды.

Құрмет көрсет өлгенше қимас жанға,
Бір-біріңді қолтықтап қилы асқарда,
Өмір қысқа, қас-қағым сәттік қана,
Тіршілікте не жетсін сыйласқанға.

СЕНЕН СҰЛУ ӨТПЕГЕН ШЫҒАР, ЖАНЫМ

Өртенемін жалыннан жанардағы,
Тамызық боп маздайды жан арманы.
Сенен сұлу өмірге келді ме екен,
Дүние—дүние боп жаралғалы.
Келдіме, келмеді ме, Аллаға аян,
Тарихты зерттеуге тар ғой аям.
Сенен сұлу болмаған шығар жаным,
Гүлбаршын, Құртқа, Жібек, сұлу Баян,
Келбетіңе жаутаңдап қарай берем,
Жанарыңнан сөнбейтін арай көрем,
Көкірегіңе үңілсем, есімді алар,
Қазыналы ғажайып сарай көрем.
Сол сарайды күзетіп «бүрсендеймін»,
Өзім ғана ішінде жүрсем деймін.
Саған деген жанымның тазалығын,
Жүрегіңмен сезініп білсең деймін.
Қарасыңмен бойымды балқытасың.
Көкаспанда көңілімді қалқытасың.

Қылығыңмен жанымды жаулап алып,
Күлкіңмен шабытымды шалқытасың.

Жақсылықты армандап тосқан қандай,
Арманыңа тағдырың қосқан қандай.
Сен жоқ болсаң көңілім құлазиды,
Мынау ауыл қызықтан бос қалғандай.

Дария тасып, кеудемде жүреді сең,
Аласұрған сезімге таппаймын ем.
Сенсіз менің ішкенім ас болмайды,
Сенсіз көрген қызығым уайыммен тең.

Жүрегім — шок, маздаған жаным — жалын,
Сен жоқ жерде дүние болар тарын,
Сен бар жерде бәрі бар, бақыттымын,
Қажет емес, байлығың, дүние-малың.

Перизатсың жаралған елден бөлек,
Қойған сені табиғат нұрға бөлеп.
Шабыт, жігер, сен менің ар-намысым,
Тірлігіме өзіңнен алам қорек.

Аймаласаң өртейді жалын лебің,
Құшағыңда тасиды қаным менің,
Суымасын қызуы махаббаттың,
Сенен осы тілегім жаным менің.

ӘЙЕЛДЕР-АЙ

Әйелдер-ай, махаббат тұнып тұрған,
Азаматты қызыққа құнықтырған.
Оралғанда жұмыстан шаршап үйге,
Қылығымен жаныңды тынықтырған.

Әйелдер-ай, ақыл — ой тұнып тұрған,
Жақсылыққа бетіңді бұрып тұрған.
Жүрісімен жаныңды баурап алып,
Жанарымен құпия сыр ұқтырған.

Нәзік жанды, айлакер халықсыңдар,
Азаматтың сырына қанықтыңдар.

Қармақ салса батырып, қалтқыны,
Қапшай қалған судағы балықсындар.
Қамалсындар осалға алынбайтын
Асылсындар «қалтаға» салынбайтын,
Тамызығы жігердің өздеріңсің.
Маздап жанып, сөнбестен жалындайтын.
Азаматты шыңдаған, шынықтырған,
Көңілдегі кірбіңді сырып тұрған.
Қылықтарың үшін де әр күн сайын.
Көп емес-ау шалса да қырық құрбан.
Әйелдер-ай, абзал анасындар
Кейдееректі қуырып аласындар,
Бірімізсіз күн жоқ қой бірімізге,
Сондықтан да бізбен де санасындар.

ӨКПЕЛЕМЕШІ

Неге, жаным, сен маған өкпеледің,
Сенде менің өмірлік көп керегім.
Аптаптарда саялап отыратын,
Бұтақ жайған сен менің көк терегім.
Неге, жаным, сен маған өкпеледің?
Көңілімнің шуақты көктемі едің,
Самалыңдай Арқаның өпкен едің.
Артық кеткен кездерім жоқ сияқты,
Неге, жаным, сен маған өкпеледің?
Сәл нәрсеге өкпелеу жараспайды,
Бауырыңда өскен қызына Көктөбенің.
Қалықтаған ұқсайды көңіл құсқа,
Торға түсіп қалады қапылыста.
Күдікдеген сенімнің темір торы,
Өзіңді онан әрдайым аулақ ұста.
Сетінетпей сезімді өтейікші,
Бір-ақ тұтам берілген өмір қысқа.
Бақыт деген татулық, тәтті ынтымақ,
Бұл сонау бабалардан қалған нұсқа.
Күлкімен шабытымды шалқытасың.

Табиғат та бірыңғай көктем емес,
Күншуағын тұрақты төккен емес.
Адамның да өмірі сол сияқты,
Тағдырына үнемі өктем емес.
От басында шыны — аяқ сылдырлайды,
Соған бола жабырқап өкпелемеш.
Келген құстар, көктемде, қайтар күзде,
Бұл өмірге қонақпыз аз күн біз де.
Бір күнгідей болмайды өткен уақыт,
Өте шығар зыр етіп леп-лезде,
Бір кеткен соң қайтадан оралмайсың,
Бір-ақ рет берілген өмір бізге.
Үлгі болсын кейінгі ұрпақтарға,
Гүл өсіріп, кетейік басқан ізге.

ЕСКЕАЛУ

Мынау үйдің орыны таныс маған,
Жастықты еске салады алыстаған.
Есігінің алдында кешке қарай,
Бір келіншек тұратын бала ұстаған.
Жеткенше үйге жары да болып асық.
Мына белден түсетін бермен асып.
Қарсы шығар алдынан келіншегі,
Қоңыр қаздай аяғын әсем басып.
Анасына танытып қыңыр жайды,
Құндақтағы сәби де қыбырлайды.
«Әкең келді, құлыншақ әкең әне» —
Деп келіншек балаға сыбырлайды.
Қатты айтуға жас ана қысылады,
Көңіл құсын биікке ұшырады.
Жары келіп қасына тоқтағанда,
Құндақтағы баланы ұсынады
Алабұртқан сезімге тиіспейді,
Ұялшақтапжанарлартүйіспейді,
Қолына алып әкесі нәрестенің,
Маңдайынан жай ғана иіскейді.

Сезімдерін үнсіз-ақ баяндайтын,
Жолда осылай сәл ғана аялдайтын.
Жүздеріне алаулап шаттық нұры.
Үйге қарай екеуі аяңдайтын. -
Мұны көріп қарт ана тұрар иіп,
Көңіл өсіп төбесі көкке тиіп.
Баласымен келінін қарсы алады,
Екеуінің бетінен кезек сүйіп.
Қолына алып өбектеп немерені,
Бір жағынан атасы келер енді,
Кезек, кезек көтеріп қариялар.
Ерекше бір бақытқа бөленеді,
Қуаныш пен қызыққа оранатын,
Күнде осы көрініс оралатын.
Ел сүйсіне қарайтын, тамашалап.
Татулықпен шығарған олар атын,
Қалады деме бұл үйдің жұрты ескіріп.
Сол сәби жүр бұл күнде мұрт өсіріп.
Көз алдымда бақытты сол бір сәттер,
Құлағымда тұр шаттық күлкі естіліп.
Тұрмын бақыт басталған үйінде мен,
Жырды осылай жөн болар түйіндеген.
Егде тартып калса да жарымды әркез,
Көрем сол бір келіншек күйінде мен.

БІР ТІЛЕК

Қарайсың қара көзің төңкеріліп,
Қарашық ақ жібекпен көмкеріліп.
Жалт еткен от жанарың сәуле шашып,
Алдымнан түн пердесін тастар түріп.
Жан сәуле, жанарыңда жанған шырақ.
Мекендеп жүрегімді етсін тұрақ,
Берейін жүрегімнің кілтін саған,
Өмірлік кілт иесі болсаң бірақ.
Қарама қара көзің төңкеріліп,
Арбама жас жанымды жорта күліп,
Өмірлік кілт иесі бола алмасаң,
Жай жатқан жүрегіме салма бүлік!

ҚЫЗ ЖАУАБЫ

Сүйдім сені, жаныммен, жүрегіммен,
Өмірлік ұстадым деп білегіңнен.
Сүюші ең құмарлана ақ жүзімнен,
Басқа сыр байқамаушы ем реңіңнен.
Сөзіңе нәзік жүрек нанушы еді,
Жүректе сөнбей бір от жанушы еді.
Көрмегенештеңені бала сезім,
Жігіттің қандай сырын танушы еді.
Сен сүйтіп, сүйіп жүріп безігі едің,
Мұндайға демеп едің кезігемін.
Тұрақсыз опасыз жан опық жейді,
Мен сенің өкінеріңді сезіп едім.
Сезімнің тереңіне үңілмедің,
Миға сап, ақылыңа жүгінбедің.
Жүректің шоғы сөніп күлге айналды,
Құр үміт, құрғақ қиял бүгіндегің.
Су сепсе жалын болмас сөнбейтұғын,
Жері жоқ арсыз жүрек өлмейтұғын.
Күлді үрлеп бұрқыратпа бет-аузыңа,
Құр әуре бұл жұмысың өнбейтұғын.

Н-ға

Жас жүрек басқаларға алданбаған,
Көңілсіз сенсіз мынау жалған маған.
Жылжыған жылға ілесіп үмітпенен,
Асылым сен емес пе армандаған,
Жеттім мен талмай қуып тілегіме,
Нұр құйып, гүл өсірдің жүрегіме.
Бөледің қуанышқа, бақыт бердің.
Көктемдей көрік қосып іреңіме,
Сонда да жүрек шіркін жарылмады,
Ынтығып құмар үдеп жалындады.
Тағы да білім іздеп кеттің жырақ
Сағыныш бұлты менен арылмады,
Жақсы деп жат жүрегің ардақтама,
Асыл деп айырбастап, арды аттама,

Адамның ардан асар асылы жоқ,
Ар тұрсын сақшы болып әр қақпада.

ҚАРАҒАНДЫ

Табиғат берген екен бар ажарды,
Көргендеғашық қылған бар адамды.
Армысың, кен сапырған шахтерлерім,
Армысың, қасиетті Қарағанды.
Көз тоймас келбетіңе қайран қалам,
Армысың, арулары жайраңдаған.
Армысың, көк желекті көшелері,
Құмарым қанбай талай сайраңдаған.
Толассыз қағын еңбек барабанын,
Табады әркім сенен қалағанын.
Мәңгілік кенің сенің саркылмасын,
Өсе бер, көркейе бер, Қарағандым.

МАХАББАТ ҮКІМІ

Махаббат деген ол бір от,
Тұтанса оңай сөнбейді.
Абзал жүрек-әділ сот,
Бұрмалауға көнбейді.
Жуытпа ойлан бойға дерт,
Қосылмай жүрек лүпілі.
Байласса жүрек берік серт,
Шықпасынекі үкімі.

АҚ ШАШЫМ МЕНІН - АҚ ТУЫМ

Сүйем сені жаныммен, жүрегіммен,
Сен де жақсы көресің білемін мен
Жан сырыңды оқимын жанарыңнан,
Пейіліңді ұғамын іреңіңнен.
— Дедің маған кіріпті-ау шашыңа ақ,
Түсірмесін ол сенің көңіліңе дақ.

Албырт сезім ортайып, ақыл толса,
Аққу болып басыңа қонады бақ.
Биік таудың басында қар жатады,
Ақ шашта, аппақ, кіршіксіз ар жатады,
Асау өзен буырқанып тасығанда,
Арнасынан асырмай жар жатады.
Ақ шаштының бәрі де шал дейсің бе,
Азаматқа ақ шаш мін, дейсің бе?
Өз шәшің де ертең-ақ ағарады,
Шәші ағармас сірә, жан бар дейсің бе?
Ойла ақ шашті бабамның ақ туы деп,
Қонған басқа бақыттың аққуы кеп,
Бұл өлеңді арнадым жаным саған,
Айта жүр сүйген жүрек «Гаккуи» деп.

СЕН МЕН ҮШІН

Сен мен үшін — арусың енді тумайтын,
Сен мен үшін — қызусың мәңгі суымайтын.
Сен мен үшін — жүректе күре тамырсың,
Бойымда нәзік боп тынбай тулайтын.
Сен мен үшін — тәттісің ешкім татпаған,
Сен мен үшін — асылсың ешкім таппаған.
Сен мен үшін — аққусың айдын көлдегі,
Тәуекел етіп атуға ешкім батпаған.
Жанарың сенің көктемгі күндей арайлы,
Қарасаң күліп, жаныма шуақ тарайды.
Көрмесем деймін, жабырқау тартқан жүзіңді,
Жүрегім дәйім күлкіңді ғана қалайды.

ЕСІНДЕ МЕ?

Сен дегенде ерекше сезім менде,
Сен дегенде айырылам төзімнен де.
Сені көрсем балқимын қорғасындай,
Сені жақсы көремін өзімнен де,
Тау суындай арымды сарқыраған,

Сені көрсем сөзімді сарқып алам.
Қарағанда жүректі елжіретер,
Айналайын көзіңнен жарқыраған.
Тұнып тұрған сезімді шайқайықшы,
Сыр сандығын ақтарып байқайықшы.
Күнделікті күйбіңді серпіп тастап,
Өткен күнге серуендеп қайтайықшы.
Есіңде ме, көгілдір көктем еді,
Гүлге ораған табиғат көктөбені.
Сен келгенде бала ертіп кеңсе алдына,
Ұясынаалтын күн шөккен еді.
Жердің бәрі езілген балшық еді.
Есік алды көлкіген шалшық еді.
Мені көріп тоқтадың дегің келді,
— Тік көтеріп өткізіп алшы мені,
Беттегенде-ақ ойыңды ұққан едім,
Мен де сыртқа әдейі шыққан едім.
Сүйгім келді, құшақтап, бата алмадым,
Жайда батыл өзімше мықты-ақ едім.
Айтар сөзім көп еді жүрген сайлап,
Сегіз жылдай сақтадым сабыр ойлап,
Жанарынмен тығындап көмейімді,
Кірпігіңментастадың тілді байлап.
Ықыласыңды жүруші ем анық сезіп,
Сол ықылас жанымды жіберді езіп.
Бір жылы сөз күттің сен, айта алмадым,
Көкейдегі көркем сөз кетті безіп.
Ақын етті махаббат, шешен де етті,
Өкінішті-ақ, сол жолы есем кетті.
— Сау бол, ағай, — дедің де кете бердің,
Бір айналып соғармын десең нетті?
Болды маған жүректен тигендей оқ,
Өртенді ішім, алаулап түскендей шоқ.
Өкпеледің, жанымды түсінбедің,
Сен қоштастың, мен бірақ қоштасқам жоқ.
Жамандарға жақындап, достаспаймын,
Жақсыларға тізгінді бос тастаймын,
Сен өкпелеп, менімен қоштасқанмен,
Мен сенімен ешқашан қоштаспаймын.

Есіңе алшы сол сұлу көктем күнін,
Осындай бір оқиға өткендігін.
Менің үнсіз қалғаным түсінсеңші,
Ол сенің жүрегіме өктемдігің.
Айтайыншы мен саған ашық бүгін,
Емес еді ол менің жасықтығым.
Дәрменсіздік алдыңда көрсетуім,
Ол өзіне шынайы ғашықтығым.
Неткен сұлу, сүйкімді, көркем едің,
Жанарыңнан шоқ түсіп өртенемін.
Жас балаша өзіңді еркелетіп,
Өзімніңде келеді еркелегім,
Қиындығын өмірдің өңгерем мен,
Молағырақ көтерем өңгелерден.
Айналайын, ерніңнен үлбіреген,
Айналайын, көзіңнен денгеленген.

МАХАББАТТЫҢБАЛАЙЫ

Сәуір, мамыр махаббаттың бал айы,
Жарқырайды жанның алтын сарайы.
Нұрға бөлеп тұрған мынау дүниені,
Арулардың жанарының арайы.
Сезімді кірпігімен шертеді,
Аруларда алпыс екі дерт емі,
Алаулаған жанарының жалыны,
Сібірдегі мәңгі мұзды ертеді.
Күлкісімен қара бұлтты серпеді,
Лебі көктем самалындай желпеді.
Арулардың мейірімен нұрланып,
Тұрар елдің бүгіні мен ертеңі.
Махаббатқа хан да түсер тағынан,
Мен де соған табынам.
Жаны таза, ары таза жандардың,
Жанынан мен табылам.

* * *

Өміріңді ұрлар білдірмей,
Уақыттан епті ұры жоқ.
Сақтасаң лайлап бүлдірмей,
Махаббаттан асқан ұлы жоқ.
Кірлетсеңаппақ арынды,
Ләпсінің кетсең құлы боп.
Жоғалтарсың барыңды,
Махаббаттың онда құны жоқ.
Түбіне дүние жеткізер,
Демендер өмір бір тұтам.
Қызықпеноны өткізер,
Махаббатты өзім пір тұтам.

СЕН МЕН ҮШІН АҚ ҚАНАТ ПЕРІШТЕСІҢ

Баға жетпес сүйіктім; өзің үшін,
Елжіремей тұра алмас төзіп ішім.
Жүрегімді суырып берер едім,
Тек қана мөлдіреген көзің үшін.
Алшы жаным, қаласаң бердім шын,
Жасаған болсын менің ерлік ісім,
Дүниені теп—тегіс берер едім,
Үлбіреген тамағың, ернің үшін.
Қалауыңды ал, болмайды іркілісім,
Басқаларға болса да күлкілі ісім.
Кеудемдегі жанымды берер едім,
Сенің нәзік, әдемі күлкің үшін.
Мейлі өзгелер келіссін, келіспесің,
Дұрыс десің, мейлі теріс десің.
Сен мен үшін адамдар арасында,
Жүрген бір ақ қанатты періштесің.
Жан дүнием өзіңмен бірге менің,
Жүзіп жүріп, ішінде бір кемеңің.
Сен деп соғып тұрғанын жүрегімнің,
Өкінішті-ақ сүйіктім, білмегенің.
Жас баладай киген бір көне көйлек,

Жан сырыңды бір мұң тұр көлегейлеп,
Білем жаным, өйткені, мені көрсең,
Жанарларың жарыса кетер сөйлеп.
Әкетемін жалт еткен сезімді іліп
Жан жабырқау, тұрған мен көзің күліп.
Оныа алған мақсатқа жету үшін,
Ең кажеті адамға төзімділік.
Мінбеші сен уайымның сұр атына,
Мін сүйіктім, тәуекел құр атына.
Біріншісі дайын тұр құлатуға,
Екіншісі жеткізер мұратыңа,

ҰРЫСПАШЫ

Күннен — күнге ұнамай барады ісің,
Көрінгенмен ойнайсың, баламысың.
Асқан сайын елуден егде тартып,
Қалай, өзің жеңілдеп барамысың.

Жас ұялып, қысылып, үркер демей,
Азаматтың соңынан күлкі ермегей.
Әзілдесіп жатасың сөз шығын ғып.
Бала демей, жас демей үлкен демей,

Жас кезінде салмақты, берікті едің,
Ешнәрсеге желпілдеп, желікпедің.
Түсінбеймін, бүгін де мен өзіңді,
Кімге осынша елігіп, еліктедің.

— Оның рас, мен кейін жеңілдедім,
Арбасына қасіреттің жегінбедім.
Есемді алып келемін бұл өмірден.
Тағдырыммен күресте жеңілмедім,

Әзіл—қалжың қашаннан елдің салты,
Болу керек ар таза, оның шарты.
Әзіл-қалжың емес ол егер жарым,
Балалықпен ұласып жатса арты,

Әзіл жүйрік міндім де төтеледім,
Сол арқылы достыққа өтер елім.

Үнсіз жүрген адамды ой басады,
Оны қалай айтшы мен көтеремін.
Ынтымақтан басталар ырыс басы,
Мін тағуға сүйіктім тырыспашы.
Еліме мен еркелеп өтейінші,
Ұрыспашыжан жарым, ұрыспашы.

КЕШІРМЕНИ ҚАРЫНДАС

Автобус ауаны есіп зуылдады,
Жүйткіді жол танабын қуырғалы.
Орын жоқ бір қария қысылып тұр,
Дірілдеп әлі кеткен буындары

Қартқа айттым — қасыңдағы қызды тұрғыз,
Жап-жас боп, ұятын жоқ неткен жансың,
Тұр,— дедім, — орнына қартты отырғыз.

— Мүгедек мына тұрған қарттан жаман,
Ұялмай отырғаның жоқпашаман?—

— Деп бәрі тұс-тұсынан сөкті келіп,
Осындай өзіңнің де бар ғой анаң
Үндемей төмен карап қыз жылады.
Жас жүрек неге мұнша қынжылады,
Тұрғанда қыз егіліп орынынан
Өкініп қызды аяп жұрт тұнжырады,
Сүйеуғып тұрды орынынан қыз балдақты,
Дауыл соғып кеткендей қызғалдақты.
Осы бір тіршіліктің талқысынан,
Қалқамның қабағында ызғар қапты,
Бетіне қарауға да шайдай алмай,
Үнім шықпай, тозған бір «рояльдай»,
«Кешір мені қарындас, кешіре гөр»,
Кетіп едім кешірім сұрай алмай.

ҚАБАҒЫҢДЫ ШЫТПАШЫ

Мен сені өмірімнің гүлі деймін,
Даусыңды бейне бұл-бұлүні деймін.
Қалтқысыз қабағыңмен қарағанда
Көктемнің жайма шуақ күні деймін.

Күн көзін қабақ шытсаң бұлт басқандай,
Боламын тұман түсіп адасқандай,
Шытпашықабағыңды сүйген, сәулем,
Айтайын жүрек сырын, мен жасқанбай.

КЕТПЕШІ ЖАНЫМ СУЫНЫП

Табындырар арбап адам санасын,
Тұтқын етіп тауысатын шарасын.
Соңғы кезде салқын тартқан сияқты,
Сенің сол бір әдемі көз қарасың.

Жүрегімді берейін мен суырып,
Кетпеші тек, кетпеш жаным суынып.
Өліп кетсем арманым жоқ өмірде,
Сенің анау бұрымыңа буынып.

Сәл көрмесем мың кіремін, мың шығып,
Сені көрсем, тұрғандай бір күн шығып.
Жата берсем ләззатыңа мас болып,
Сенің аппақ тамағыңа тұншығып.

Жан сырыңды болсам айтпай білетін,
Жүрегіңе саңылау тапсам кіретін.
Неге сенің қиғаш қасың болмадым,
Өзіңменен мәңгі бірге жүретін.

Бірге жүрсем, бір сәтке де бөлінбей,
Өзгеге де, өзіне де көрінбей.
Жүрегіңнің төгіп тұрсаң шуағын,
Өтередім жігіт болып өрімдей.

Қалмасыншы арадағы сый өліп,
Сезімдерге етейікші иелік.
Мені көрсең карап тұршы сүйіктім,
Сыртқа шығып, босағаға сүйеніп.

Жоғалтпашы жанарыңның арайын,
Өмір бойы сонан ләззат алайын.
Сен тұрақты кейіпкерім бол менің,
Мен өзіңнің авторың боп қалайын.

АУЫЛДАН АТТАНҒАНДА

Артыңа ұстап қолыңды,
Тұрдың қарап сүзіліп
Бағдарлап менің жолымды
Кеткенше қалам үзіліп.
Аяқты алға бассам да,
Менің де көзім артымда
Алты қырдан ассам да,
Тұрдың сол бір қалпыңда.
Аттанғанда ауылдан,
Алаулады нұр жүзің
Осынау ыстық жүректе
Өр келбетің тұр бүгін.

АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Қарсыкелсең тура қарай алмаймын,
Ту сыртыңнан көп қараймын талмаймын.
Жаутаң етіп жанап өтсең жанымнан,
Кірпігіңнің әр қағысын андаймын.
Қадаласың кейде кірпік қақпайсың,
Білем маған ешбір кінә тақпайсың.
Сенде маған жеткізе алмай ойыңды,
Амалсыздан сыр ғып ішке сақтайсың.
Қарағанда қара көзің сүзіліп,
Сыр тұрады жанарыңда тізіліп.
Жүрек қылы салмағынан сол сырдың,
Кете ме деп қауіптенем үзіліп
Жанарыңнан жан сырыңды аңдаймын,
Қарасыңнан жүрек сырын таңдаймын.
Кездескендесырт айналып кетемін,
Сәулем саған, кінәлі бір жандаймын.
Күлкінді жаз, ашуыңды күз деймін,
Қысбоп қыспай көктемді іздеймін.
Мейлі қыс боп қыссаңдағы жанымды,
Сүйем сені, күдерімді үзбеймін.

БАҚЫТ ДЕГЕН БАЙЛЫҚПЕНЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Қапаланба, мұнайма сүйген жарым,
Жоқ екен деп жинаған дүние — малым
Табыладыбәрі де аман болса,
Бала — шаға, отбасың, қара шалың
Кедейсорлы — бай болып көрсем дейді,
Содан кейін арман жоқ өлсем мейлі.
Дер едім мен оларға, олай деме,
Бақыт деген байлықпен өлшенбейді.
Қиындыққа кездескен жасымаған,
Сол әне, нағыз мықты асыл адам.
Байлық, бақыт, бәрі де табылады,
Денің сау, болса егер басың аман.

МАХАББАТ ҚАРТАЙМАЙДЫ

Жақсылыққа елеңдейді құлағым,
Жақсы кино болса барып тұрамын.
Кино көріп шыққан бір жас жігіттен,
Қандай екен, жақсы ма деп сұрадым?
Алдын ала қойғандай бір әзірлеп,
Жауап берді күле қарап әзілдеп.
Бұл киноның керегі жоқ сіздерге,
Махаббатты іздемейсіз қазір көп!
Су шықпайтын жерден құдық қазасың,
Қалам алсаң махаббатты жазасың.
Егде тартып қалдыңыз ғой ағатай,
Алмасаңшы жүрегіңнің мазасын.
Күздің лебі тұр ғой анық сезіліп,
Түсетіндей жастан кеттің тез іліп,
Жүргеніңде өзіңді жас сезініп,
Жүрегіңіз кетпесінші езіліп.
Отыратын кезің үйде шалқайып,
Өткен күнді есіңе алып марқайып.

Жиырма бесті екі еселеп тастадың,
Махаббат та қалған шығар қартайып.
— Дұрыс қой — дедім, әзіл-күлкі деген,
Ойнама жанның асыл мүлкіменен.
Болғанда біз арыстан, сендер түлкі
Арыстан тең бола ма түлкіменен?
Жақсының жүрегінен ар таймайды,
Сұлудың ажарынан әр таймайды.
Жас қартайар, кәрі өлер, өмір өтер,
Ал махаббат өлмейді, қартаймайды.
Махаббатты жаным азық етем,
Ақылмды арқан, арымды қазық етем.
Жүрек соғып тұрғанда, тілім сөйлеп,
Махаббаты өмірлік жазып өтем.
Жаным таусылмайтын азық етем.

КЕСІРЛІ КЕЛІНДЕРДЕН

САҚТА ҚҰДАЙ

Қартайғанда ата-анаң бала болар,
Жақсы бала сол кезде пана болар,
Отбасыңда жұмаққа айналдырып,
Жақсы келін абзал ана болар.
Балаң жасық, келінің шайпау болса,
Онда үйің панасыз дала болар.

Қуанышың — болса егер бала асыл.
Жақсы болса келінің ырыс тасыр,
Өтер қарттар өмірі қызықпенен,
Өкінбейді жасаса бүтін ғасыр.
Жаман келін орнатар үйге тозақ,
Жаман бала басыңа болар масыл.

Келінжақсы — кең дүниең тарылмайды,
Отқа алақан, аязға ет қарымайды.
Дәмді ас келіп тұрады күнде алдыңа,
Жамбастағы төсегің қалыңдайды,
Балаң жақсы, келінің кесір болса,
Қайғы — уайым бәрібір арылмайды.

Күндеұрыс жанжалмен күйеуді илеп,
Көк бет келін от басын алар билеп.
Ағайыннан араңды алыстатып,
Достарыңда жанашыр қалар сиреп,

Болса келін секілді нағыз тажал,
Құлазиды көңілің, үйің азар.
Еш рахат көрмейді қариялар,
Өмір емес, онда олар тілейді ажал.
Көңіліңді күдікті, күпті, етпейді,
Көрпешетін енеге бүктетпейді.

Болса ақылды келінің, жаны жомарт,
Баланың нашарлығы түкте етпейді.
Екеуі де ақылсыз, надан болса,
Ата-Ана арқасынан жүк кетпейді
Жаман келін үйге ызғар түнетеді,
Атасын құл, енесін күң етеді.
Қартайғанда баладан рахат жоқ,
Бейнетпенен қарттардың күні өтеді
Жақсы келін құрметтеп ата-енені,
Үлкенді аға, кішіні іні етеді.

Жақсы әйел — еріне болар серік,
Екі айтпайды сөзіне болар берік.
Мінезімен жаныңды жадыратар,
Мұз да болса жүрегің кетер еріп.
Араласып жатады туыс-туған,
Үйің күнде той болар қонақ келіп.

Рахат пен қызықтан қақпа құдай,
Өмір сүргіз миуалы бақтағыдай.
Үл өсіріп отырған ата-ананы,
Кесірлікеліндерден сақта құдай.

АНА АМАНАТЫ

Баллада

Мен өмірге соғысқа дейін келдім,
Қайсарлыққа бесіктен бейімделдім.
Боздақтарын майданға аттандырып...
Боздағанын көрдім мен дүйім елдің.
Азаматтар аттанды ауылынан,
Жер қайысты қайғының ауырынан.
Жұлып алды сұм соғыс еңіретіп,
Ата-ананың баласын бауырынан.
Мінезін ашық-жарқын қашандағы,
Қайғы да, қасіретте баса алмады.
Алты ұлын аттандырған Абзал ана,
Қамығып көзіне бір жас алмады.
Бәрінен ел намысын қойып биік,
Қоштасты беттерінен кезек сүйіп,
Жаулығын басындағы алты бөліп,
Туған жер топырағынан берді түйіп.
— Құлындарым сөзімді тыңда, — дейді,
Еліңнің намысы бар мұнда, — дейді.
Туған жер топырағы күш береді,
Түскенде екі талай сынға, — дейді!
Топырақ тұмар болсын бойларыңда,
Ел жүрсін әрқашан да ойларыңда.
Алуға жазсын тағдыр өз қолыммен,
Оралған, жауды жеңіп тойларыңда.
Қорғаңдар ел намысын азаматтар,
Халыққа борышыңды адал атқар,
Алтауың алты шыбық егіңдерші,
Маған да қалдырып бір аманаттар.
Ектіріп алтауына алты шыбық,
(Білдіртпей көздің жасын алды сығып),
Өздерің оралғанша құлындарым,
Жайқалып тұрар бұлар өсіп шығып.
Бұлақтан күнде ана су алатын,
Мәпелеп ағаштарды суаратын

Құшақтап әр ағашты сипап тұрып,
Көзідеп балалардың қуанатын...
... Ел бірлігі жіберді жауды түтіп,
Бейбіт өмір орнады соғыс бітіп,
Сағынышпен алты ұлын абзал ана,
Күдер үзбей жүр жолын әлі күтіп.

АНАМА

Шашыңа ақ кіріпті-ау, асыл анам,
Басыңа ненің дағы шашыраған.
Кешегі, ауыр күнгі бейнетің бе,
Қара бұлт төнігі келген басына адам,
Әдемі ақша жүздің кейшін бұзып,
Түсіпті-ау бетіңе де сепкіл сызық,
Ұры еді бұл уақыт неткен епті,
Жастықтың кейшін алған, «сейіпін» бұзып.
Уа, менің аяулы анам, асыл анам,
Болмашы кәрілікке жасып алаң.
Ұмытшы қарттығыңды қартаймашы,
Болған соң бауырың құт, басың аман.

* * *

Секілді ақылмды салмақтаған,
Қарайды ойлы көзбен барлап маған.
Бастайды айтар сөзін «құлыным» деп,
Өмірдетендесі жоқ ардақты анам.
Жадыратып көңілімді көктем еткен,
Көрсем деп қызығымды көксем өткен.
Түседі сәби күнім сонда есіме,
Жан анам айналып кеп өпсе беттен.
Ана — десе дауыл да баяулаған,
Ана — десе аспанда ай аунаған.
Ана — десе табиғат бас иеді,
Аналар жер бетінде аяулы анам.

БАЛАМА ХАТ

Жалған абырой, атаққа,
Болсын балам жаның қас.
Өтірік, өсек, шатаққа,
Қамал бол, берік, алынбас.
Көңілдекірбең болмаса,
Болады дәйім жаның жас.

Кеудеңежелік-дерт еніп,
Берілме жалған намысқа.
Қетесің өзің өртеніп,
От алып кірсең камысқа.
Құпия ішкі сырынды,
Ақтармай бір танысқа.

Екен деп мынау көрікті.
Қызықпа жылтыр ажарға,
Таппасаң жақсы серікті,
Түседі басың базарға,
Бәрі асыл бола бермейді,
Іліккен бірден назарға.

Бағалай білсең асылды,
Ұтылмайсың, ұтасың,
Еңбекпен тапсаң асыңды.
Түйілмей, балам, жұтасың,
Айлықпен тапқан мүлкіңді,
Рахатыңа тұтасың.

Құлы болма құлқынның,
Қанағат тұт барыңа.
Ұлыбол сыйлы жұртыңның,
Дақ түсірме арыңа.

Қуаныш сыйла ата-ана,
Балаңа, сүйген жарыңа.
Өмір деген бірыңғай,
Қуаныштан тұрмайды,
Өте алмайсың бұрылмай,
Бетіңді кейде тырнайды.

Алмасып келіп тұрады,
Бір қуаныш, бір қайғы.
Қиындықтан жасыма,
Көтере біл күшіңмен.
Бақ қонса балам басыңа,
Шүкірлік ет ішіңнен.
Әділ бол, қайнап тасыма,
Көрінадал ісіңмен.
Еңбекпен шығар атыңды,
Орындалар арманың,
Балама жазған хатымды,
Бәріңе жастар арнадым.

АЙНАЛАЙЫН ӘСЕЛІМ

Айналайын, Әселім, бірге келдің,
Немере ыстық боларын білмеп едім.
Қазір сені көргенше асығамын,
Менің жаным жаныңмен бірге сенің.
Неткен мұнша тәтті едің, сүйікті едің,
Өз балама осылай иіп пе едім?
Көргенсайын көңілімді баурап алып,
Өскен сайын, сен маған биіктедің,
Мен де асып барамын елуіңнен,
Қартаймаймын сен қуат беруіңмен.
Құттықтайды әжең мен атаң сені,
Бүгін, міне, бір жасқа келуіңмен.

НЕМЕРЕМНЕН АЙНАЛДЫМ, БАЛАМ САҒАН АЙТАРЫМ

Нұршайығым, сен бір тамшы қанымсың,
Жалғасысың өмірімнің, жанымсың.
Тоңсам егер аязынан тағдырдың,
Жылытатын маздап жаңған жалынсың,
Аласартып тіршіліктің асуын,
Сені көрсем тарқап кетер ашуым.

Бір он жасқа жасартады көңілімді,
Сені жүйіп, мауқымды бір басуым.

Балапандай титтей аузыңды ашасың,
Қарасыңмен жанға шуақ шашасың.
Кешкежақын қажып үйге келгенде,
Сен атаңның шаршағанын басасың.

Ұмтыласыңшыққың келіп асқарға,
Талпынасың ұшқың келіп аспанға.
Талмай талпын арманыңа жетесің,
Балапаным, қиындықтан жасқанба.

Құлашыңды биіктерге сермей бер,
Адамға ыстық болады ғой сендейлер.
Қолыңа алып, иіскеп бір сүйгенде,
«Немере ыстық» деген сөзге сенбей көр.

* * *

Нұршайықтың ештеңе жоқ ойында,
Пыс-пыс етіп жатыр қойында.
Енді балам, еркелікті соған бер,
Сен де әке болғаныңды мойында.
«Әке» — деген берілген соң төл есім,
Бұған балам, ықтиярсыз көнесің.
Біз не көрдік өсіруде өзіңді,
Соның бәрін енді сен де көресің.
Түсінесің қаншама «у» ішкенін,
Ойға оралар жасындағы істерің.
Мынау өмір қазанында білесің,
Ата-анаңның қалай қайнап піскенін.
Жақсы Көріп бауырыңа басасың,
Сәл жыласа абыржисың сасасың.
Әкеліктің ауыр жүгін арқалап,
Әлі талай құз-қиядан асасың.
Нұршайықтың ештеңе жоқ ойында,
Пыс-пыс етіп ұйықтап жатыр қойында.
Балалықты тастап енді, кұлыным,
Өзің де әке болғаныңды мойында.

БАЙҚА, БАЛАМ

Жүріппіз-ау, жұлдыз санап, ай қарап,
Өмір жолы болып кеткен тайғанақ.
Абайлап жүр, аяғыңды аңдап бас,
Байқа балам, құлап калма тайғанап
Қазіргінің етік дейтін түрі жоқ,
Өзі суық, табан жылтыр, бүрі жоқ.
Ұлтандарынағашпенен шегелеп,
Атам тіккен етіктердің бірі жоқ,
Кидікталай панасы жоқ етікті,
Етікшіде көп есеміз кетіпті,
Аңқылдаған ақ көңілдік аңқаулық,
Біздің біраз түбімізге жетіпті.
Мұзға тайып талай жандар құлаған,
Мықтыларға сүйенгендер жүр аман.
Тайып кетіп мерт болғандар құдайдан,
Соңғылардың жығылмауын сұраған.
Жабар мұзды, тұр жапалақ қар жауып,
Көбік қардан ширағанша бар қауіп.
Мұз ериді, көктем шығып, жаз келер,
Соған дейін сақтықпен жүр жол тауып.
Дұшпандарың сырттан бағып тұр қарап,
Құлауыңды тілейді олар сырғанап.
Тайғанамаснықтығыңа көз жетсе,
Сүйенуге келер тағы шырғалап.
Енді жұлдыз санамайық, ай қарап,
Жылы самал тұр ғой бетті аймалап.
Көк мұз еріп, жайланғанша көңілдер,
Байқа, балам, құлап қалма тайғанап.

ӨМІР ӨТІП БАРАДЫ, ӨМІР ӨТІП

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,
Біреулерді өзіне емірентіп.
Бақ-даулетті біреуге үйіп беріп,
Біреулерді жылатып, еңіретіп.
Өмір өтіп барады, өмір өтіп,
Біреулердің өмірі олқыланбай.

Біреулер жүр ауысып, толқығандай,
Жақсылар жүр әлсізге көмектесіп.
Жемқорлар жүр құлқынын толтыра алмай.

Маңсабына біреулер масығып жүр,
Бірақ, олар рухани ашығып жүр.
Қысқа екенін өмірдің түсінгендер,
Із қалдырып кетуге асығып жүр.

Жүрегінде мейірімнің табы қалмай,
Жүргендер бар катыгез, тағы жандай.
Өмір кейде соларға болысады,
Жақсы адамдар өтеді бағы жанбай.

Біреулер жүр, жалған сый—құрметке елтіп,
Ләпсіменен құлқынның күйін шертіп.
Алдап, арбап, қорқытып, алаяқтар,
Несібесін біреудің жейді кертіп,

Елді сорып саудагер жүрген өрін,
Біреулер жүр жағынып, күнін көріп.
Кәсіпқилып ұрлықты біреулер жүр,
Біреу туып жатады, біреу өліп.

Мастанып жүр біреулер байлығына,
Біреудің жетпейді айлық-айлығына,
Қалтасы бос, қол қысқа дарындылар.
Шыға алмай жүр өмірдің айдынына.
Тегін айтып жүрген жоқ, ақын мұны,
Ақымақтар жек көреді ақылдыны.
Көпбілгенді алысқа ұзатпайды,
Естілмей де қалады ақырғы үні,

Өмір қиын жігіттер, андамасан,
Жолынды жүрер дұрыс таңдамасан.
Қапы қалсаң өтерсің өкінішпен,
Өзінді-өзің әу бастан қамдамасаң.
Өмірді әр кім әрқалай өткізеді,
Мұратыңа жақсы жол жеткізеді.
Жаман жолға түскенді дей беріңдер,
Тұңғыыққа құлауға бет түзеді.

Ақылменен іс қылсаң ұтылмайсың,
Азабынан тағдырдың тұтылмайсын.
Бұл пәниге келген соң өлу анық,
Онан қашып ешқашаң құтылмайсың.
Көрер жарық, таусылса татар дәмі,
Кешірмейді өмірдің қатал заңы,
Қарамайды жасыңа, жынысыңа,
Хансың ба, қарасың ба қатардағы.

Есеп емес, көптігің, жалғыздығың,
Бала сүйіп, көрдің бе жар қызығын.
Ажал келсе қарамас жағдайыңа,
Ең алдымен жігіттер осыны ұғын.
Мастанбайық байлыққа шекпен шеңге.
Көзін жетпей өсекке, сөзге сенбе.
Қайырымсыз болмайық қара жүрек,
Кем болмаймыз пейілді салсақ кеңге,

Жұмсақ жерге су сінер, қақ тұрмайды
Қатты адамға баяндап бақ тұрмайды
Діні қатты жандарды, мейірімсіз,
Халық түгіл, Құдай да жақтырмайды.
Жамандықты сондықтан өктем етпей,
Мансапқа өтер қолайлы өткел етпей.
Қиындықкеп қызығы аз қысқа өмірден,
Жан біткенді өтейік өкпелетпей.

Жоқ өмірде шайтандар, албастылар,
Адамдар бар оларды алмастырар,
Дұрыс жолдан тайдырып, адастырып,
Адамдарды азғырып, алжастырар.
Өтірікші, өсекші, алақұйын,
Ебін тауып улайды адам миын.
Алдап, арбап, апарып, жарға жығар,
Ардың құны оларға соқыр тиын.
Рахаттанар еңіретіп, жылатқанға,
Шың басынан шыңырауға құлатқанға.
Жамандықтан басқаны білмейді олар,

Көздегенін құлатар бір атқанда,
Тесіп өтер кеуденді атылғанда,
Шырмай түсер аяғын шатылғанда.
Азабынан, адамның ләззат алар,
Мәз болар тұңғыққа батырғанға.
Шебер болар жалған сый мадақтауға,
Сәл сүрінсен дайын тұр мазактауға.
Жағымпаздар кәңігі коммерсанттар,
Сезімімен адамның жасар сауда.
Әлде қалай туссе егер басың дауға,
Өздері ұстап берер сені жауға,
Көленкең боп жүретін жағымпаздар,
Сұрағанмен бермейді жанға сауға.
Жалған сыйға сезімді алар сатып,
«Көмейінді тығындар», байлар шатып.
Сыйпап тұрып арканнан қанжар салып,
Мақтап тұрып өлтірер қансыратып,
Міне, осылар, шайтандар, албастылар,
Адамдардың соңынан қалмас бұлар.
Жазды күні соқтырып, ақ боранды,
Қара жерді шілдеде қар бастырап.
Жалған құрмет, жалған сый, жалған мақтан,
Ол жолында, құрулы жатқан қақпан.
Сол қақпанға қақпалап түсіретін,
Екі жүзді, тұрақсыз жаннан сақтан.
* * *

Ей, жігіттер, ұмытпайық Құдайды,
Тәубе қылсаң Құдай өзі құрайды.
Мас болғандар, дүниеге, мансапқа,
Құлдырайды, құздан төмен құлайды.
Ұмытпайық Құдайды!
Мықтымын деп, әділетті аттама,
Бірдей кара жақынға да, жатқа да.
«Құдай» деп сал үзеңгіге аяқты,
Отырарсың сонда мықты атқа да.
Арды, дәмді аттама!

Тіршілікте жалғандықты жамылмай.
Жаман атақ жанымызға таңылмай.
Бір-ақ тұтам, қас-қағым сәт өмірден.
Өтейікші тәубамызды жаңылмай
Тәубамызды жаңылмай!
Қанағат қыл, Құдай өзі құрайды,
Ақылды адам тек Құдайдан сұрайды.
Тәубасы жоқ, қанағатсыз адамдар,
Бір күндері күздан төмен құлайды,
Сондықтан да, ұмытпайық, Құдайды.

ӘЖЕМЕ

Әлдилеп бесігімді тербетіп ең.
Мен үшін түн ұйқыңды сергітіп ең.
Екі елі маңайымнан ұзап шықпай,
Қасиетті құшағыңда ер жетіп ем.
Сағындым қайда кеттің қайран әжем,
Мен сені таба алмадым жер бетінен.

ҚАРЫНДАСЫМ МАҒРИПАҒА

Бір сыйлық алдым деп жүр күнім менен,
Көзіннен айналайын күлімдеген,
Бауырым шын жүектен құттықтаймын,
Өмірге келген сенің күнің менен.
Серігім, жанарымда қарашығым,
Өмірден алшы бәрін, бар асылын.
Қайда бол, өмір бойы тілектеспін,
Жанынның жаз боп мәңгі жарасуын.

АЙГҮЛ ТУҒАНДА

Қошенді, кош бол қайран бойдақ күнім,
Өмірге келген сенің күнін менен
Балауса кеше ғана жас бала едім,
Отырмын әке атанып тойлап бүгін.

Бүркеймін қуаныштың неменесін,
Ұрғандай жүрек тулап кенересін.
Ата-анам аялаған жастайымнан,
Иіскеп, сүйді бүгін немересін.

БЕЙСЕНКҮЛІМЕ

Сен біздің кенжемізсің Бейсенкүлім,
Айтуға қызығыңды жетпес тілім.
Қырмызыот басының қызғалдағы,
Жарасқан тал бойыңа өнер—білім.

Өстің сен азамат боп ақылы мол,
Өзіңе лайықты таңдадың жол,
Бар жақсылық басында болсын сенің
Құлыным, ата ананың тілегі сол.

НЕМЕРЕМ ШАХЕРИЗАДАҒА

Сен біз үшін шырақсың жанып тұрған,
Жансарайын сәулесін жарық қылған.
Базарымыз, қуаныш, қызығымыз,
Қылығыңмен күлкіге қарық қылған.

Төл басымыз, алғашқы немереміз,
Сені көрсек шаттыққа кенелеміз.
Жасқа да толдың, ұлы әжең, қуанып жүр,
Дейді ол, құлыныма не береміз?
Құдай сенің ғұмырыңды ұзақ қылсын,
Ұрпақпененкөркейіп, көгереміз.

Шахеризада алтыным, Шәкем менің,
Деме асыл дүние әпермедің,
Тозбайтұғын өзіңе жыр сыйлайды
Ұлыәжең, кіші әжең, атаң сенің,
Елге елеулі, халқыңа қалаулы бол,
Ұзақжаса, беретін батам менің.

ӘКЕМЕ

Арнаймын жүрегімнің алқынысын
Өзіңсің өмірдегі ар-тынысым
Үлгі боп ұрпақтарға қала берер,
Жан әке сенің мұра, жарқын ісің.

Ажалдың құлып салып қақпасына
Өмірдіңгүл өсірдің бақшасына.
Қараймын бетіңдегі әжімдерге
Бейнеттің ізі ғой деп ақшаңыңа
Айналып келетұғын айдаладан
Меірімің лебің ыстық аймалаған
Таппадымәке саған ешбір теңеу
Осынау кең жазира айналадан
Арнаймын жүрегімнің ар-тынысын
Келемін еңбек етіп халқым үшін.
Кейінгі ұрпақтарға қалса деймін
Меніңде үлгі болар жарқын ісім.

КӨКЕМ МАЙЛЫБАЙ БЕКТҰРҰЛЫНА

Қарызым көп өзіне қайтармаған
Алғысым көп алдыңда айта алмаған
Көңілімніңкөктетіп көк терегін
Жапырағын жайқалттың жайқалмаған
Біреутосса алдыма бар апатын
Басар сенің айбарың, алапатын.
Төнген кезде басым сың сағаты,
Тиіп жүр-ау әрдайым шарапатың
Мен үшін қасиетті, киелісің,
Маған үлгі-мінезің, жүйелі ісің,
Талай қиын өткелден алып өттің,
Айналайын камқоршы, сүйенішім
Қарызым көп өзіне қайтармаған
Алғысым көп жеткізіп айта алмаған
Мен өзіндей бола алсам өзгеге аға,
Талайінім алғысын айтар маған.

АЗАМАТСЫҢ ҚАЛАТЫН ЕЛ ЕСІНДЕ

Серік Тілеубайұлына

Қалады ел есінде ер ісімен,
Тарылмас таланттысын өрісі кең
Тудырған көсем, шешен, даналарды,
Дарынсын шыққан дарқан ел ішінен.

Халықтың жанашыры жақынысың,
Таусылмас тақырыпсың ақын үшін.
Нұрсұлтан елдің алғаш Президенті,
Ұлытаудыңсен алғашқы әкімісің.

Демейсің—атағымды таратайын,
Демейсін—елді аузыма қаратайын.
Аруағы бабалардың қолдап жүрген,
Қазақтың бір ұлысың қарапайым.

Еңбектен, ізденуден жалықпадың,
Ойладың касиетті халық қамын.
Сенімнің шықтың биік асқарына,
Енді оның аспанында қалықтарсың.

Сөйлесем адалдық пен ар атынан,
Ел үшін азаматсың жаратылған.
Нарықтың түскенде ел қысымына,
Көрінді іскерлігің, дара тұлған.

Адалдық, іскерлік пен жаңашылдық,
Ізгілік, жан біткенге жанашырлық.
Терен ой, асқақ ақыл, өнер—білім,
Бойыңнан тапқан бәрі жарасымдық.

Әкімсің-ел тағдыры шын бататын,
Халықтың қамын ойлап түн қататын.
Сен өте қабілетті азаматсың,
Шарықтап шығар, биік шыңға атағын.

Ерекше елдің ыстық ықыласы,
Тілейді тілеуіңді кәрі жасы.
Жазылар өзің жайлы талай дастан,
Солардың менің жырым болсын басы.

БАР МЕНІҢ КӨҢІЛІМДЕ БІР АРМАНЫМ

Бергеніне шүкірлік бір Алланың,
Бермесе егер егіліп жылдар жаным.
Бәрі де бар, жар, бала, бақ—дәулет те,
Көңілімде бар бірақ бір арманым.
Бойыменен ақты өмір бір арнаның,
Биіктерге самғады қыран жаным.
Халқым қадір тұтады, ардақтайды,
Көңілімдебар бірақ бір арманым.
Былай тұр деп бір адам айта алмады,
Дұшпандарым қаймығып, қайқандады,
Ойыма алған ісімді орындадым.
Ешкім менің бетімді қайтармады.
Қайрат, жігер бойымда тұрды тасып,
Еш нәрседен көрмедім асып-сасып.
Ойласа егер дұшпаным бір жамандық,
Іске аспады, тұрды оны мысым басып.
Кім болса да ойымды айттым ашып,
Қиындықтан көргем жоқ, қажып-жасып.
Өнерім мен, ісіммен, мінезіммен,
Талайларды өзіме еттім ғашық.
Бар қауіптен қорғанар құралдарым,
Адалдық, әділетті ұрандадым.
Құдай маған өрелі өнер берді,
Көңілімде бар бірақ, бір арманым.
Кінәлімінмен өзім бұған жаным,
Дер кезінде түсініп ұға алмадым,
Өзімшыққан биікке амал қанша,
Үмітімді бірге алып шыға алмадым.

ӨЛЕҢМЕН СЫРЛАСУ

Жанымдай жақсы көремін,
Бұрымындай қыздың өремін.
Өмірлікменің серігім,
Өнерім, өршіл өлеңім.
Елеусіз жүрміз екеуміз,
Еленбей түбі қалмаспыз,

Біріміз қайрақ екенбіз,
Біріміз өткір алмаспыз.
Салғанын тағдыр көремін,
Тәлкегіне көнермін,
Шырағы сөнбес ешқашан,
Өрісі кең өнердің.
Үмітім менің ақталып,
Сен тұрсаң жақсы сақталып.
Алмасын тапқан ұрпағым,
Қайрағын табар ақтарып.
Таусылса дәмім өлемін,
Сен өлмейсің өлеңім.
Болашақты мен ертең,
Сен арқылы көремін.



ПОЭМАЛАР

МАМЫТА

Поэма

I.

Өмірде қайран қазақ не көрмедің,
«Саясат» желісіне көгенделдің.
Келдідеп жаңа заман қуанғанмен,
Көркейіп онымен де көгермедің.
Барыңды қолыңдағы тартып алып,
Ас таппай аштықтан да көп өлгенің.
Алдандық аңқаулықтан арандадық,
Теңдікті бостаңдықты ала алмадың
Аштықтан миллиондаған өлді қазақ.
Ақ ордаң, жиған мүлкің қараң қалып.
Баладан әке, әкеден бала безіп
Халықты «саясатпен» талады езіп.
Айырылып, байлығынан, күн көрістен,
Кетті ел тышқан аулап, дала кезіп.
Бұл өмір несін бізден аяп қалды,
Жегізді небір сойқан таяқтарды.
Айырылып салт—дәстүрден, тіл мен діннен,
Құруға қазақ аты таяп қалды.
Халыққа белсенділер бермей ырық,
Байлығын алып, өзін кейін сырып.
Атақты отыз екінші жылы келіп,
Қазақты ашаршылық салды қырып.
Жар болып жаратушы, қолдап пірі,
Қарттар бар сол апатты көрген тірі.
Жыр етіп айтып берді Нұрақ атай,
Аштықтан азап шеккен қарттың бірі.

II. АТАЙДЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Болғанмен көңіл түзу ауыл бірге,
Тұрмасаң араласып сусиды ірге.
Қыс бойы қолым тимей көктем шыға,
Атайға сәлем бере бардым бірде.
Қуанып қалды қария мені көріп,
Рахмет, келгеніңе, көңіл бөліп.
Әдейі саған сыйға тартайын деп.

Ер жасап, отыр едім жүген өріп.
Шырағым, көптен қалай көрінбедің,
Тосқауылқоя алады өлімге кім.
Көреалмай кетем бе деп қорқып едім,
Төрімнен жақын тұр ғой көрім менің.
Аяқты атаң мықтап баса алмайды,
Денсаулық күннен күнге нашарлайды.
Алмаған жастық шақта есем кетті,
Қайтейін, қайтып атаң жасармайды.
Кеттідеп отырғаным жастық та есем,
Бір күнде қайтыс болды әке-шешем.
Панасыз жеті жаста жетім қалдым,
Дегем жоқ адам болып жұртқа ілесем,
Ауылдың берері жоқ маған бөліп,
Бәрі де отыр зорға күнін көріп.
Жылменен отыз екі апат келіп,
Аштықтан көп адамдар жатты өліп.
Сыпырып елдің түгел малын алған,
Сол жылы еккен егін шықпай қалған,
«Болмасын асыра сілтеу, ашатұяқ,
Қалмасын» деп белсенді ұран салған.
Ауылдың халі сондай аянышты,
Табамын қайдан қамқор таянышты.
Кейкүні нәр татпаймын аш жүремін,
Барады шағып аштық — шаян ішті.
Ізіме түсті менің ажал аңдып,
Көріне келіп елді жатыр лаң қып.
Жанашыр жақыным жоқ, пана болар,
Ас іздеп, ел жағалап, кеттім қаңғып.
Тігулі үй, қалды иесіз жиған мүлік,
Ойрандап аштық елге салды бүлік.
Жол бойы босыған жұрт, зарлаған ел,
Кімқайда бара жатыр болмас біліп.
Ажалдың түсті адамдар аранына,
Қамалып қияметтің қамалына.
Көл тұрып, көз жасынан сахараға,
Айналды дала өліктер алаңына.
Халықты қан қақсатты аштық жайлап
Жол бойы өлген адам, жатыр жайрап.

Біреулер пала-жансар ыңырсыды,
Жусанның жұлып алып, түбін шайнап
Тырыстым жүруге мен жолдан қашық,
Келемін аяғымды әзер басып.
Кетеді көзім кейде қарауытып
Өртеніп, өзекті талып, қарным ашып.
Келген соң бұл өмірге тірлік керек,
Бес құрт бар салып алған бөліп, бөлек.
Өртеніп, өзек талып, қарным ашып.
Біреуін сорып, соның етем қорек.
Аттасам аяғымды ажал шалып,
Бойымды бір әлсіздік барады алып.
Алдымда тұр аласа қара төбе,
Құласам деймін соған жетіп барып.
Жеттім-ау, сол тебеге өліп-талып,
Бұл қазақ неткен ғажап дана халық.
Құлына өлмейтұғын, жаратушы
Дейді екен кездестіретін балық».
Төбеденағып жатыр мөлдір бұлақ,
Сол суға әзер жетіп түстім құлап.
Бас алмай жұта берсем керек сірә,
Бірдауыс — деді маған — тоқта, шырақ!
Сылдырап миымда тек бұлақ ағып,
Бұлдырап көрінбейді адам анық.
Білмеймін одан әрі не болғанын,
Құлаппын әлім кетіп, естен танып.
Титықтап, әбден қажып қалған сүлде,
Білмеймін өткен уақыт көп пе мүлде?
Есімді жиып бір кез көзімді ашсам,
Бір жігіт алпамсадай отыр бірге.
Көрмеген көптен бері бір тірі жан,
Лүпілдеп тамырымда жүгірді қан.
Қарап ем жан-жағыма зәрем ұшты,
Жағалай өліп жатқан адам не сан.
Айналып бас, шыңылдап кетті құлақ,
Өлгідей естен танған жоқпын бірақ.
— Ағатай, енді мені тастамашы —
Деп оны күшақтадым өксіп жылап.
— Қой, — деді — жігіт жылап, жалынбайды,

Ондайға маңдайда сор қалыңдайды.
Өмір мен өлім сынға түскен кезде,
Ер жігіт жасымайды, жалындайды.
Тағдырдың адам үшін көп сынағы,
Ойлашы жылағаннан не тынады?
Емендей болу керек, қиын кезде,
Ал, емен майыспайды, морт сынады.
Алды ажал не бір дана, ғұламаны,
Олардан сен кімсің деп сұрамады.
Мінеки, жатыр жайрап, көмер жан жоқ,
Деймісің осылар да жыламады.
Ыңырысып дем ала-алмай дала жатыр,
Қуырылып мына дүние бара жатыр.
Өтеді көп ғұмырың, ит тірлікпен,
Бір күні жаныңды ажал алады ақыр.
Өлімгерас ешкім емес асық,
Кетпейсіңзаңдылықтан бірақ асып.
Бар шығар үлкендерден естігенің,
Ажалдан құтылмаған Қорқыт қашып.
Бақытқа ақылды жан тасымайды,
Ер жігіт әлем-ау деп, жасымайды.
Қонақсың дүниеге келген аз күн,
Бұл өмір берілмеген басыбайлы.
Уақыт аялдамай өтер зырлап,
Білдірмей өмірінді жатады ұрлап.
Сұм ажал қарақшыдай жол торыған,
Бір күні темір торымен алар шырлап.
Ажалда жоқ мейірім, тойымы да,
Салады бұғалықты мойыныңа.
Босатпай сол бетімен апарады,
Сұп-суық кара жердің қойынына.
Тасыды апат — дария, соқты елді сең,
Табылмай бұл індетке ешқандай ем.
Нәр таппай жатыр міне аштан өліп,
Дейсің бе осыларды біздерден кем.
Жасады адамдарға адам қастық,
Арзанға түспей отыр бұл қысастық.
Топалаң тиген қойдай қырылды ел,
Миллиондап, жұтып жатыр адамды аштық.

Отыз екі жыл болмады елге құтты,
Быт-шыт қып талқандады жақсы үмітті,
Ата-анам, бірге туған бес бауырды,
Аранын ашқан апат — аштық тұтты.
Таба алмай жүрек жалғар бір үзім нан,
Жоқ болды бір-ақ күнде бір үйлі жан.
Қайғыданкөкірегім қарыс айырылып,
Ойласам екі көзге толады қан.
Көтеріп жүрмін зорға ауырлықты,
Орданды ойрандады, дауыл жықты,
Көрініп, келсе айқасып кек алар ем,
Қайтейін, көрінбейтін жауым мықты.
Дорбадан қойды алдыма тамақ алып,
— Ал, — деді — аздап қалқам, тамақтанып.
Құр сөзден ауыр қайғы жеңілдемес,
Жүрейік жетуге елге талаптанып.
Дорбада үзім нан жоқ, құрт-ірімшік,
Әлденіп алдым аздап, «тамақ ішіп».
Алла деп, алға қарай кеттік жүріп,
Келемінзорға ілесіп, еңсем түсіп.

III.

Жеттік біз бір ауылға ұзақ жүріп,
Шықпады алдымыздан ит те үріп.
Он үйден бір тірі жан таба алмадық,
Жағалай бәріне де шықтық кіріп.
Бірүлкен ақбоз үйге келдік кіріп,
Жайнатып ақ шымылдық қойған құрып.
Есімді танып қала жаздадым мен,
Қарап ем шымылдықты жайлап сырып.
Шыдамас адам дәті оны көріп,
Сәукеле, бастарына киген бөрік.
Үстінде ақ төсектің жас жұбайлар,
Айқасып құшақтары жатыр өліп.
Ақ үйдің іші толған дүние-мүлік,
Қамқа тон, қалы кілем қойған іліп,
Ас іздеп адамдары босып кеткен,
Болмаған мынау дүние азық-түлік.

Бұл өмір бірде бие, бірде түйе,
Ашықсаң азық болмас қу дүние.
Қаңырап қараң қалды деген осы,
Бұларға емес енді ешкім ие.
«Ауылдан» кеттік жүріп, таппай тұрақ,
Кезболдық бір әйелге жатқан сұлап.
Шама жоқ кимылдауға шала-жансар,
Басында бес жасар қыз отыр жылап.
Қарады жалынышты көз сүзіліп.
Келмейдісөзге тілі тұрмыз біліп,
«А-за-ма-т... а-ман-ат... Жа-ма-лым...» — деп,
Айта алмай басқа сөзін кетті үзіліп.
Қолқамды жібергендей біреу қиып,
Менің де жүре берді денем ұйып.
Қайғының жүректегі қара бұлты,
Көзімнен нөсерлетіп өтті құйып.
Шырылдап апатайлап жылады қыз,
Панасы қыздың мықты, құлады құз.
Тебіреніп бүкіл дүние егілгендей,
Шыңылдап кетті біздің құлағымыз.
Күрсініпағай жүрді ауық-ауық,
Қалың шөп арасынан шұңқыр тауып.
Мүрдені сол шұңқырға түсірді де,
Әйтеуір күркеледі, бетін жауып.
Көтеріп алды қызды ағай барып,
— Деді ол, — біз сияқты бұл да ғаріп,
Ананың аманаты осы ғой деп,
Арқалап қызды бірге кетті алып.

IV.

Тоқтадық бір бұлақтың басына кеп,
Осы жерге зорға жеттім шұрылдап шек.
Су ішіп ірімшік жеп ес жинадық,
Ашыққан ас қазанға болғандай сеп.
Жүруге шамамыз жоқ бұдан әрі,
Салдырап сүйектердің қалған бәрі.
Бес жасар қызды арқалап күніменен,
Ағай да шаршады әбден, қалжырады.

Күн батты, қас қарайды, басты түнек,
Басына сол бұлақтың қалдық түнеп.
Бір елге жетіп асқа тойсам деймін.
Казіргі мендегі бар, жалғыз тілек.
Бар шығар бір жазуы жасағанның,
«Арқауы деген рас ас адамның»,
Дөнбекшіп көпке дейін көз ілмедім,
Ұйқысы келмейді екен аш адамның.
Бастады ағай қызық әңгімені,
Әңгіме еліктіріп алды мені,
Тып-тиыш, тыңдап жатып ұйықтап кеттім,
Ұмытып ашыққанды әлгідегі.
Жатса да өзі шаршап, жинап күшін,
Алаулап аштық өртеп жатса да ішін,
Ойласам осы күні ағай сонда,
Әңгіме айтқан екен тек біз үшін.
Күлдіргі әңгіме айтты бұрқыратып,
Қалыппыз қатып ұйықтап тыңдап жатып.
Оянсам ағай тұрып жатыр екен,
Келеді күланиек таң да атып.

V.

Қалтада қалған аспен жүрек жалғап,
Тағы да жолға шықтық бір аллалап.
Алдайтын асқазанды таусылды азық,
Сұм ажал енді бізге салды қармақ.
Қажыдықжүре-жүре түске таяп,
Кері кетіп алға қарай басқан аяқ.
Діңкесі құрып, күші азайса да,
Келеді қызды ағай тастамай-ақ.
Келеміз белден-белге эзер асып,
Жан-жағың елген адам, ауа сасық.
Койнын өлгендердің ақтарамыз,
Бірдеңе табылар деп асып-сасып.
Қалады түк таба алмай жасып мысың,
Үмітін жібі ұстатпай қойды ұшын.
Жүретін алға қарай халіміз жоқ,
Енді ажал жеткен шығар дедік шын.

Құладым ет-бетімнен жайып құлаш,
Таба алмай талғажаулық бір түйір ас.
Өкіріпжылағым да келіп жатыр,
Не үнім, не шықпайды көзімнен жас.
Тұр-тұрлап ағай келіп жұлқылады,
Жүрегім әлсіз ғана бұлқынады.
Келеді құлағымға еміс-еміс,
Ас сұрап Жамал жылап шырқырады.
Көтеріп басты, мойын бұра алмадым,
Орнымнан үш ұмтылып тұра алмадым.
Шынымен мейірі түскен пендесіне,
Шырағым, берері көп бір алланың...

VI.

Осы жерден отағасы үзді сөзін,
Жас толы, орамалмен сүртіп көзін.
Менің де сай сүйегім сырқырады,
Отырмын эзер ұстап өзімді-өзім.
Бәріміз түсіп кетіп кешегі «ізге»,
Шәй құйған суып қалған кесемізде.
Кәдімгі жас баладай бетін басып,
Солқылдап жылап отыр шешеміз де.
Мақтайды ауыл-аймақ бәйбішені,
Ақ жарқын, ақылға өте бай кісі еді.
Мүз болып өткен күннен қатып қалған,
Бар сірә, көкірегінде қайғы-шері.
— Бәйбіше, әр нәрсенің жүйесі бар,
Жаралған тіршіліктің иесі бар.
Құдайдың бергеніне шүкірлік ет,
Жылама көз-жасыңның киесі бар.
Жылаудан өшкен жанып, келмейді өлген,
Тек қана біз емеспіз азап көрген.
Тілеуін тіле енді балалардың,
Өзіңнің бауырыңнан өніп өрген.
— Деп атай жұбатады бәйбішесін,
Мұндайда өзін бірге қайғы ішесін.
Азапты өткен күндер еске түссе,
Жоғалтып алады екен байғұс есін.

Таппаған балалық шақ жарасымын,
Жалмаған ашаршылық жанашырын.
Атайдың айтқан мынау әңгімесі,
Алғандай аузын тырнап жарасының.
Жаншылып жан дүние езіледі,
Табылмай жаралы бір сезім емі.
Шешейдің тебіреніп жыласынан.
Қайғының суық лебі сезіледі.
Тым ауыр байқауымша қайғы-мұңы,
Дәл қазір сұрап білу қиын мұны.
Қасіретті шешей үшін осы сәтте,
Көктіынболмас еді тірлік құны.
Көтергенардақты ана он бір құрсақ,
Бәрі аман, немере көп қарап тұрсақ.
Келеді қосағымен қоса ағарып,
Енді бұл — қандай қайғы алған құрсап.
«Сырлы аяқ жоғалтпаған әлі сынын»,
Биязы, сұлу кісі, сөзі шырын.
Осынша егілуге мәжбүр еткен,
Шешейдің білгім келді ішкі сырын,
Мен енді кездескендей керегіме,
Ынтықтым осы сырдың дерегіне.
Атайдың сөзін бұрып басқа арнаға,
Сүйендім үміттің бәйтерегіне.
— Құлаққа бір жағымсыз күй келеді,
Адамдай қаралы бір күймедегі,
Бәрі бар, қасыңда өзін, ұрпақ аман, —
— Дедім мен шешей неге күйзеледі.
Шынтақтап жатқан жерден атай тұрып,
Отырды дұрысталып, малдас құрып.
Жайылған дастарханның бір жақ шетін,
Ақырын, әрегірек қойды сырып.
— Мол қылсын алла астықты,
Ақылды етсін бастықты.
Адамға-адам ешқашан,
Жасамасын қастықты.
Жанбастан калын төсекті,
Алмасын бастан жастықты.
Ортаймасын дастархан,

Көрсетпе құдай аштықты.
Көздерін жаңа ашқанда,
Аулақ қыл аулын азаптың,
Мәртебесін көтер аспанға,
Жаны жомарт қазақтың.
— Аллаһуақпар!
— Деп атай дәм қайырды қолын жайып,
Ол кезде мұның өзі еді айып.
Атадан қалған талай асыл мұра,
Жоғалып көзімізден болған ғайып.
Жастықты басқа жаққа алмастырып,
Қарады бәйбішеге мойын бұрып.
Кідіріпсәл ойланып отырды да,
Әкетті атай сөзін жалғастырып.
— Өтті ғой небір күндер алақұйын,
Жүректе жазылмаған жара қиын.
Кінәлі болса оған өкініш жоқ,
Жабылған нехақ жанға жала қиын.
Отыр ғой жаны ауырып, жүрек кейіп,
Қайғысын, қасіретін үдетпейік.
Бұл сырды кейін айтып берем шырақ,
Шешенді қазір мүлде жүдетпейік...

VII.

Көп көрдім бұл өмірдің көлденеңін,
Түскен жоқ өліп денем көрге менің,
Әйтеуір, кеудемнен жан шықпаған соң,
Тырмысып биіктерге өрмеледім.
Адамның болады екен — «жаны сірі»,
Жуылар біреуге айтса көңіл кірі.
Асығып отырсың ғой білгің келіп,
Сол жолы қалғанымды қалай тірі.
Дедім ғой «берері көп бір Алланың»,
Адамның орындайды бір арманын.
Өмірден әбден үміт үзген кезде,
Шықылыестіледі бір арбаның.
Ағайда бізді арқалар жоқ еді хал,
Жетті ғой деп ойлағам бізге де ажал.

Өлімге мойын ұсынып отырғанда,
Кездесті сиыр жеккен арбакеш шал.
Орнымнан тұрдым құдай қуат беріп,
Сиырдың бауырына кеттім еніп,
Әкелді бір жағынан Жамалды ағай,
Екеуміз қорек алдық сиырды еміп.
Жылады қария да мұны көріп,
Қойнынан тоқаш алып берді бөліп.
Ас барып асқазанға ес жинадық,
Шырағым, деген осы тірілді өліп.
Біз үшін алу қиын ол күнді еске,
Ілестік Әбдікәрім арбакешке.
Арбада біз, ағай мен қарт жаяулап,
Әйтеуір бір қалаға жеттік кешке.
Тапқандай өзімізге мықты тірек,
Жадырап елді көріп қалдық түлеп.
Ауылдың шет жағында орналасқан,
Тоқтадық жеркепеге мандай тіреп.
Арбадан түстім әзер құрып әлім,
Үйіне алып кірді Әбдікәрім.
Мейірімді адам екен бәйбішесі,
Әкеліп алдымызға қойды барын.
Белгілі қариялар көп көргені,
Тамақ мол, бірақ бізге көп бермеді.
— Өлтіріп алма, байқа, — деді әкей,
Кеп қарын болған койдай көктемдегі.
Көрдік біз мейірімге бай ананы,
Өзініңбаласындай аялады.
Жинадық есімізді бес күн жатып,
Үйінде барды бізден аямады.
Ауырды алтыншы күн Жамал қатты,
Нәр татпай көзін ашып сұлық жатты.
Қалыппын оған мүлде бауыр басып,
Жаныма ауруы оның жаман батты.
Көзімнен жас домалап тізбек-тізбек,
Сұм ажал бүршік жарған өмірді үзбек.
Қарттар жүр қатты абыржып, бәйек болып,
Киінікетті әкей дәрігер іздеп.
Түс ауа терлеп-тепшіп дәрігер келіп,

Тамырын ұстап, төсін тыңдап көріп,
Күн сайын өзім келіп, көріп тұрам,
— Деді де кетті ішкіз деп дәрі беріп.
Мөлдіреп жасқа толы әлсіз жанар,
Қимылсыз, үнсіз, сұлық жатыр Жамал,
Мені алып кетпек болды ағай келіп,
Таппадым ермей оған, қалуға амал.
Қарияберді біраз жаңа киім,
— Қашан да — деді — шырақ, бұл өз үйің,
Ал, қазір жібермеуге дәрменім жоқ,
Өйткені көтермейді тұрмыс — күйім.
Төніп тұр бүгін бүкіл елге қауіп,
Шұбырып кетіп жатыр жерден ауып,
Түзеліп заман ертең ес жиған соң,
Қайтсемде алам сені іздеп тауып.
Көнбейді тағдыр адам қалауына,
Дүние озбырлықтың талауында.
Апаттан аман қалу үшін сені,
Беремін үкіметтің қарауына.
Жамалдың тұрсың өзің халін көріп,
Осында болады ол, қалмаса өліп,
Шешеңе тірі болса серік болар,
Соны ойлап алып қалдым сенен бөліп.
Міне, енді азық салған қалтаңды ал,
— Деп сүйді кезек-кезек кемпір мен шал,
Пойызға мінгізеді мынау ағаң,
Хош қалқам, болсын саған құдайың жар.
Мен үйден ағайды ертіп шықтым боздап,
Қасіретішімдегі жатты коздап.
Көнесің Алла басқа салған іске,
Маңдайға жазғанынан жоқ қой озбақ.

VIII.

Ағай бір қалың топқа алып келді.
Көрдім мен, онда егіліп тұрған елді.
Жаздырып ат-жөнімді бір кісіге,
Құшақтап қатты қысып тебіреңді.
— Ал, енді көріскенше қош бол Нұрақ,

Барасың елден кетіп жерге жырақ.
Бауырым, елің осы, жерің Арқа,
Осыны еске сақта — деді шырақ.
Мекендеп Сарыарқаға қанат жайған,
Орта жүз — Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Наймаи,
Сол елден келдім дәм-тұз бұйырған соң,
Дерсің сен, дегендерге келдің қайдан.
Інішек, жақсылықтан күдер үзбе,
Аз күндік нәубет қой бұл келген бізге.
Өз қолың аузына жеткен кезде,
Қол үзіп кетпей осы еліңді ізде.
Біледі жұрттың бәрі Қарсақбайды,
Көп адам қазір мұнда жан сақтайды.
Ата-анаң жоқ болғанмен ағайын бар,
Көз көрген сенің әкең Кәмшатбайды.
Қарсыалар туғанындай ертен олар.
Бір әке, бірі ақылшы аға болар.
Өкпелеме, ешкімге заман мынау,
Ержеткен соң інішек ауылға орал.
Білмеймін алда сені не күтіп тұр,
Берік бол қиындыққа босама құр.
Талаптан, халқымыздың мақалы бар,
Талапты ерге әр қашан жауады нұр.
Сыбанып алған жігіт жеңін түріп,
Келдіде қолтығынан әкетті іліп.
Мінгізіп бір вагонға жауып алды,
Белгісіз бір бағытқа кеттік жүріп.

IX.

Бұлдырап артымызда қалды қала,
Сыздайды жүректегі бітеу жара.
Тоқтыдай топырлатып қамай салған,
Отырмыз бір вагонда он бес бала.
Бізді алып келе жатыр екі-үш кісі,
Пагонды біреуінің суық түсі.
Түксиген қабақтарын бір ашпайды,
Бар сірә өмірге бір өкініші.
Қашеке, дейді оны Аты Қашау,

Шамасы қатал кісі мінезі асау.
Серігі Ахмет пен Әлиса апай,
Еш нәрсе жатқызбайды жерде шашау.
Бір жерге дорбадағы жиналды азық,
Сыртына атымызды қойды жазып.
Күніне екі-ақ рет ас береді,
Жетеміз кешке зорға жүрек сазып.
Шықпайды Әлиса апай қасымыздан,
Береді өзіміздің асымыздан,
Ертең-ақ азамат боп шығасындар, —
Деп сыйпайды ол басымыздан.
Отырмын көңіл дал-дал қырық құрақ,
Сүйеніш бәйтерегім шіріп құлап.
Ауылда қалған біздің кіміміз бар,
Ахмет жазып алды бәрін сұрап.
Әкесі, біреуінің анасы бар,
Байқаймын бәрінде бар жанашырлар.
Түгім жоқ, тұлдыр жетім мен ғанамын,
Көз сүзіп, көрінгеннен пана сұрар.

IX.

Әкемнің бар Деуші еді бір інісі,
Баукеспе болған бір кез ұры кісі.
Үйірлеп айдап келіп сояды екен,
Болыпты етке қарық ауыл іші.
Өтебір өжет адам алабөтен,
Қаймықпай топты жауға барады екен.
Күздегі жабағыны ат үстінен,
Егесте көтеріп-ақ алады екен.
Өзі әнші, домбырашы, әрі мерген,
Оншақты жігіті бар соңына ерген.
Әкеліп ойдан орып, қырдан қырып,
Ауылды аш қылмаған Құдайберген,
Мойнында кісі өлтіріп, құн кетпеген,
Алдына келген адам құр кетпеген.
Осындай қасиеттерін білгендіктен,
Байлардың өзі оны құрметтеген.
Ел қойған лақап аты екен «Құйын»,

Жол тауып кетеді екен жерден қиын.
Тал түсте құйындатып жетіп келіп,
Егескен жуандардың берген «сыйын».
Басқадан қорықпаған, бір Алладан,
Еш адам батып қарсы тұра алмаған.
Малыңды Құйын алды деп естісе,
Артынан қуып барып сұралмаған.
Десе егер ауылға ет керек екен,
Кез келген байдан айдап келеді екен.
Қуғыншы келін байдан шұлатпаса,
Түгендеп кейін малын береді екен.
Келгенсоң жаңа заман бәрін тастап,
Өмірді жүреді екен қайта бастап.
Жәмила деген сұлу әйел болған,
Күйеуісекілді екен қотырбаспақ,
Ашушаң бай баласы адыраспан,
Кезіеді байдан билік, қадір қашқан.
Әйелге жаңа заман теңдік беріп,
Жәmilә күйеуінен ажырасқан.
Келіншек ауылының ардағы екен,
Қолжетпес бозбаланың арманы екен.
Қылықты, өте сұлу жас келіншек,
Құйынның жанын жаулап алған екен.
Бір-бірін ертеден-ақ сүйген құлай,
Жасырын кездесіп те тұрған бұлай...
Жүргенде қосылудың жолын тапшай,
Әйелге еркіндікті берді құдай
Екеуі болды енді көңіл қоспақ,
Қуанып ауыл тегіс жүрді қоштап.
Бір уәкіл Жәmilәға ғашық болып,
Болады ол екеуінің жолын тоспақ.
Ол кезде қорқады ел уәкіл десе,
Шайқалып қолда тұрған кетер кесе,
Ауылдың берекесін алады екен,
Ауданнан қалпақ киген уәкіл келсе.
Ал, егер келсе ауылға қызыл жаға,
Кетеді елден безіп қызыр баба.
Алады үлкендерді үрей билеп,
Жатады үйде бұғып бала-шаға.

Бұл уәкіл Ордабаев Әбіл еді,
Секілді түсі суық әзірейлі.
Қасына қызыл жаға ертіп келіп,
Бір күні салды ауылға әбігерді.
Құйынды ұстатады ұрысын деп,
Біреудің тартып жеген ырысын көп.
Құпия милицияға тапсырады,
Қайткенде бүгін көзі құрысын деп.
Қайырып артына екі қолын байлап,
Кетедіоны ауылдан жаяу айдап.
Әбілдің әділетсіз қылығына,
Тұрады адамдардың қаны қайнап.
Бәрі де тұрып қалды шұқып жерді,
Осылай дүрліктірді уәкіл елді.
«Қонтр» деп аталатын кигіз үйге,
Кештете Жәмиләні алып келді.
Төрде отыр былшық Сары, түсі суық,
Келіншекалыс тұрды, бармай жуық.
Отырған адамдарды бұл келген соң,
Бәрін де Әбіл үйден шықты қуып.
— Таян! — деп Жәмиләны шақырады,
Ұрыныңғашығы деп ақырады.
Мен сені айдатамын ит жеккенге,
— Деп оған боқтық сөзді сапырады.
— Сен байдың келінісің мыңды айдаған,
Арамдық, ойларыңды жын жайлаған.
Халықтың жауысыңдар қанын сорған,
Сендерге ұнамайды мұндай заман.
Қетесіңәлгі ұрының кебін киіп,
Кешірім сұра менен басынды иіп.
Ешкім де тиіспейді бұдан былай,
Егерде мына маған алсаң тиіп.
Сен енді ол ұрыдан күдеріңді үз.
Бәрін де ойластырып қойғанбіз біз.
Тастайды бүгін түнде атып оны,
Қалдырған қарақшыны, талай қанды із.
Сен менің намысымды жүрсің басып,
Енді өлмей құтылмайсың менен қашып,
«Тиём» — деп қазір маған серт бермесең,

Тастаймын өзім атып, сөзім ашық.
Нығарлап арам ойын айтты кесіп,
Барады Жәмиләні көзі тесіп.
Орнынан маңғаздана түрегеліп,
Белбеуді наған таққан қойды шешіп
Өзінше әйелге бұл сес бергені,
Жәмила одан бірақ сескенбеді.
Жеңіне үйден тығып ала келген,
Таянса тұр қанжарға дес бергелі.
Уәкілдің сырқыратып сай сүйегін,
Ағытты Жәмилә да сөз тиегін.
— Мен саған ешқашан да жар болмаймын,
Сұмырай қышымасын — деді иегін.
Қолыңда билік бар деп тұрсың тасып,
Өтер ем жолда жатсаң белден басып.
Адамдық қасиет жоқ хайуансың,
Ойлашы, кімге дәрі сендей пасық.
Басыңа бақ қонғанға жүрсің шалқып,
Қай жерің қарақшыдан сенің артық,
Жазықсыз жанды өлімге ұстап беріп,
Сен оның алмақшысың жарын тартып.
Барады дәтің қалай солай деуге,
Дайынсың тірі адамды аспай жеуге.
Барғанша саған қор боп өлген артық,
Дәметпе сары майдан, сасық кеуде.
Бүтін түн ол өлмейді, сен өлесің,
Атанып о, дүниеге жөнелесің.
Тозақтан жезөкшелер қарсы алады,
Сол жерде «ләззатқа» кенелесің.
Жанына келіншектің сөзі батып,
Тастайын сені қаншық қазір атып.
— Деді де нағанды алып, көздеді оны,
Боратып боктық сөзді бұрқыратып.
— Берейін жүрегінді оқпен тесіп,
Тіліңді сайрап тұрған алам кесіп.
Тек қана құтылатын бір-ақ жол бар,
Жатасың киімінді қазір шешіп.
Өлсем де өкінбеймін сенен кейін,
Істеймін білгенімді оған дейін,

Шеш кәне, киімінді түк қалдырмай,
Мен сені жаңалаштап сілкілеймін.
Жинатпай келіншектің Әбіл есін,
Қайырды нағанының шүріппесін.
— Мен қазір санап шығам беске дейін,
Үлгеріп соған дейін шешінесің.
Әйелдің бір міндетін атқарасың,
Күнәңнан сүйтсең ғана ақталасың.
Анамның атыменен ант беремін,
Әйтпесе о дүниеге аттанасың.
Сұмырай, болмасын деп сырттан қауіп,
Есікті іштен мықтап алды жауып.
Жәмилә ыңғайланып үлгермеді,
Қанжарды салмақшы еді ебін тауып.
Келіншекөні қашып безеріп тұр,
Еріні шелдегендей кезеріп тұр.
Тұп-тура екі емшектің арасынан,
Зұлымның ажал оғы кезеліп тұр.
Деуші еді сұмырайдың қолы қанды,
Өмірі аямаған тірі жанды.
Қеліншек білді аман құтылмасын,
Сабырлы ұстап өзін күтті ажалды.
Тұрғанда Жәмиланың басып мысын,
Уәкілдің бағыт алып желке тұсын.
Жабықтан жайлап еніп келе жатқан,
Бақанның көзі шалды үшкір ұшын.
Жылт етті, үміт оты қалған сөніп,
Өлімге мойын ұсынып тұрған көніп.
Ұзарып әлгі бақан бірте-бірте,
Әбілдің желкесіне келді төніп.
Үлгерді айтып залым бір, екі, үшті,
Шүйдеден тиді тура соққы күшті.
Жайылып екі қолы екі жаққа,
Оқ тиген қара құстай құлап түсті.
Жәмилә қайран қалды ең бе-түс пе,
Жабықтан Құдайберген кірді ішке.
Мылтықты қалтасына салып алып,
Кірісті алаңдамай бірден іске.
Уәкілді көтерді де жерден жайлап,

Тастады керегеге керіп байлап,
Жетектеп Жәмиләні сыртқа шықса,
Тұр екен екі жігіт екі ат сайлап.
Бірінің аты Сапар, бірі Мекен,
Құтқарған Құйынды да солар екен.
Сенімді бірге жүрген серіктері,
Демепті арты қалай болар екен.
Келдіде атқа мінді жедел басып,
Қоштасып достарымен кетті қашып.
Көрмеген содан былай оларды ешкім,
Кімбіледі кеткен шығар Қытайға асып.

X.

Сондықтан ағай бар деп айта алмадым,
Болмады басқа ауылда айтар жаным.
— Бар — дедім Жамал деген қарындасым,
Меселін Ахметтың қайтармадым.
Аттарын атамадым ағайынның,
Заман сол, кімге айтып шағайын мұң,
Түспеді аты есіме өкінішті-ақ,
Ажалдан алып қалған ағайымның.
Келемін өзімді-өзім түсіне алмай,
Білмеймін, десе ағаңның түсі қандай,
Арада 60 жылдай өтсе дағы,
Келемінатын еске түсіре алмай.
Бар болса алғысымды айтар едім,
Өлсе егер дұға кылып қайтар едім.
Басына атын жазып көктас қойып,
Өмірдің өсірер ем бәйтерегін.
Жүректе жүрген бұл бір ірі арманым,
Есімін еске сақтап жүре алмадым,
Өркімнен сұрау салып келем іздеп,
Бір дерек сол ағайдан біле алмадым.
Есімде жастағы істің бәрі қалған,
Сол кезден жүрегімде қалыпты арман.
Ұмытқанопасыздай сезінемін,
Адамды бізді ажалдан алып қалған.
Жоқ менің көңілімде басқа қайғым,

Өттіол кез, енді адамды баспағай мұн.
Аты-жөнін білмесем де сол сабазды,
Дұғадан бес уақыт тастамаймын.

XI.

Қария сәл тыныстап тағаттады,
Тістерінаршаменен шабақтады.
Шешейге су алдырып, аузын шайып,
Қайтадан әңгімесін сабақтады.
— Сонымен, өңшең жетім қайғы-шерлі,
Күнкөріс іздеп кеттік тастап елді.
Өмірдің буырқанған толқыны айдап,
«Түлкібас» деген жерге алып келді.
Бәріміз интернатқа орналастық,
Осылай жаңа өмірге қадам бастық.
Бар екен жүзге тарта бала онда,
Тамақ жоқ тойып ішер, мұнда да аштық.
Табамыз үй жағалап қорек кейде,
Береді біреу тамақ, біреу жейде.
Әйтеуір меселіңді қайтармайды,
«Бишара панасы жоқ жетім» дей ме?
Бір түнде екі-үш бала шығады өліп,
Жүрген жоқ бұған ешкім көңіл бөліп.
Бір күні жоғарыдан адам келіп,
Жағдайын жетімдердің кетті көріп.
Ол кісі жоғарыға барғандағы,
— Жетімдер дозақта жүр жалғандағы,
Егерде шұғыл шара қолданбасaq,
Қырамыз балаларды қалған тағы.
— Депті ол, екі-үш айда осы жазда,
Аштықтан құрбан болған қазақ аз ба?
Жатамыз қашанғы біз әрекетсіз,
Жалбырап шаш шығар деп жалтыр тазға.
Адам жоқ жетімдерге жағдай жасар,
Ел үшін кез ғой осы жанталасар.
Жиналған Түлкібасқа жетімдердің,
Күн сайын өліп жатыр халі нашар.
Біз қалай жол береміз көріп тұрып,

Келешек кешірмейді алсақ қырып,
Ұрпаққа жасамасақ қамқорлықты,
Кетумүмкін қазақ мүлдем құрып.
— Бұл өзі алқалы бір жиын еді,
Ол кезде заман өте қиын еді.
Осындай шындықты айтқан талайларды,
Шыңғыртып қыршынынан қиып еді.
Өктемдік тырп еткізбей басып мысты,
Мұндай сөз айтқызбайтын заман сұсты.
Талайлар шындықты айтып мұрттай ұшты,
Солардың бұл да келіп жолын құшты.
— Тұр мынау ұлтшыл — арам, намысты ұштап,
Іш-мерез Әбенев, бұл шыққан тыстап,
Халықты үкіметке қарсы қоймақ,
— Деп оныәкетеді табанда ұстап.
Осылай оның арты болған шулы,
Ал, бірақ жетімдерге жағдай туды.
Тексеріп интернатты оншақты күн,
Ондағы басшылардың бәрін қуды.
Көмекке сол жердегі келді халық,
Кішкентай балаларды үйлерге алып.
Көбісін басқа жаққа алып кетті,
Түзеліп қалды жағдай асқа жарып.
Бұл жерде 40 шақты бала қалдық.
Оқыдық сонда жүріп білім алдық,
Азапты арқамызға таңып алып,
Өмірдің орларынап өттік қарғып.
Осылай өтіп жатты өмір легі,
Көп арман орындалмай көңілдегі.
Аштықпен, қысастықтан қырылды ел,
Сүйегі өлгендердің көмілмеді.
Бай елді, момын, жомарт, ғажап елді,
Сорлатты сылып алып барлық шелді.
Байлығын шырқыратып тартып алып,
Аштықтан 3 миллион қазақ өлді.
Бас салып байды құртам демегенде,
Байларға кедейлерді теңегенде.
Аштықтан қазақ мұнша өлмес еді,
Несібесін біреу тартып жемегенде.

Кәңфеске жасап елге кырғын салып,
Мал-мүлкін байдың тегіс тартып алып.
Көл-көсір, көп дүние, қаптаған мал,
Белгісіз жоғалғаны қайда барып.
Байлығы өздеріне бұйырмады,
Ел көрді рахатын қиырдағы.
«Ортақ» — деп ұран тастап жинағандар,
Қазанға ортадағы құйылмады.

XIII.

Бай өткен осы өңірде Жомарт — Дәуле,
Түсірген байлығымен елге сәуле.
Қаптағанқара құртай төрт түлік мал,
Жете алмай басқа байлар болған әуре.
Шығарған жомарттықпен халыққа атын,
Ел көрген байлығының рахатын.
«Өз малы бұйырмаған өзіне» деп,
Кейбіреу оны көздеп сын ататын.
Ақылды болған Дәуле, саналы адам,
Әр істі ойға салып саралаған.
Соншама мол байлығы бола тұра,
Жоқ өзін өзгелерден даралаған.
— Мәз болма, жүр деп Жомарт атым тарап,
Малынды тұс-тұсынан жатыр талап.
Қаласың бір күні сен жүген ұстап,
Осылай бола берсең салдыр-салақ,
Дегендердің бетіне күле қарап,
— Байығам жоқ, сендердей жұртты қанап.
Несібесі, тілегі, шығар жұрттың,
Байыдым құдай колдап, Қыдыр қарап.
Сендердей бола алмаймын керең, зағип,
Несі айып өзі жесе өзі бағып.
Дәулетім одан менің ортайған жоқ,
Кедейдің көргенім жоқ қолын қағып.
Жұртым бар, болғанменен өзім салақ,
Малымды жан емеспін көрген санап.
Ноқта ұстап қалған күні жаның ашып,
Сен маған бермей-ақ қой айран-шалап.

— Деп аузын ондайлардың жабады екен,
Аямай улы тілмен шағады екен.
Сондықтан үзенгілес бай-манаптар,
Дәуленің алдында аузын бағады екен.
Болсада байлығы мол «колы ұзын»,
Жібiткен жүрегiнiң қатқан мұзын.
Бередi Мамай деген бiр кедейге,
Өзiнiң Ақбiлектей жалғыз қызын.
Сай едi Ақбiлекте ақыл-көрiк,
Талай бай құда түскен оны көрiп.
— Өмiрлiк серiгiндi өзiң тап деп,
— Әкесi, Ақбiлекке бергең ерiк.
Ұқсаған ажары күн арайына,
Сұлу қыз аты шыққан маңайына.
Өнерлi, өрт мiнездi, кедей жiгiт,
Қол артқан Қыдырбектiң Мамайына,
Бұл сұмдық iс керiндi талайына,
Бердi деп жалғыз қызын малайына.
— Бай да адам, кедей де адам—дептi Дәуле,
— Адамды адам сүю анайы ма?
Қедейлiк ешкiмге де емес айып,
Бiрiне болса, азамат бiрi лайық.
Соқыр қыз тiлегенде берiгi едi,
Шүкiрлiк ұшты ұядан қанат жайып,
Өрiсте төрт түлiк мал жүрген өрiп,
Қайтем берем мен соның бәрiн бөлiп.
Жалғызым екеу болды тәуба Құдай.
Арманжоқ кетсем ендi бүгiн өлiп.
Ақыл да, даналық та, бастан өнер,
Адамды аш қылмайды асқан өнер.
«Бiр жұттық байдың малы» деген сөз бар,
Ақылсыз бай жұтаса аштан өлер.

XIV.

Осылай жүрген байды елдi жебеп,
Мал-мүлкiн алды тегiс кәмпесекелеп.
Өздерiн баска жаққа жер аударған,
Болмапты одан кейiн ешбiр дерек.
Кедейлерқатарында қалды Мамай,

Жүрді ол сақтық жасап, болып абай.
Әйелі байдын қызы демепті ешкім,
Дәулеге болған депті бұлар малай.
Қуантты елдің жақсы пейілдері,
Дегенмен, қауіп-қатер сеіілмеді.
Жүрді олар екі-үш жылдай ел ішінде,
Бір сұмдық жағдай содан кейін келді.
Күйзеліп Ақбілектің жүрді жаны,
Жұбаныш, бес жасар қыз, сүйген жары,
Қайғыдан кара барқыт шашы ағарып,
Дер кезі 25-те солды ажары.
Тағдырдың салғанына жүрді көніп,
Жанардың жалт-жұлт еткен нұры сөніп.
Жанашыр біреу келіп хабарлады,
Тұрғанын екеуіне қауіп төніп.
Жосылған белсенділер жолды шаң қып,
Тауықтай бұларға да кеткен саңғып.
Екеуін бүгін, ертең ұстамақшы,
Біреу бар оған дейін жүрген аңдып.
Естіген, бірақ ешкім айтпаған,
Кезғой бұл, таңқалмайтын ғайыпқа адам.
«Әйелі байдың қызы жау деп бұлар,
Сенімсіз адамдар» — деп айыптаған.
Бұл кезде елді аштық алған торлап,
Айрылып күнкерістен қалған сорлап.
Қалмаған ақылдасар ақсақалдар,
Енді ауыл қала алмайды мұны қорғап.
Кетпекші болды бұлар түнде қашып,
Мамай да атқа қонды асып-сасып.
Сол кезде аңдып жүрген әлгі жауыз,
Мылтықтың-шүріппесін қалды басып.
Құлады Мамай аттың жалын құшып,
Жөнелді ат жігітті алып, құстай ұшып,
Ақбілек шықты ауылдан жаяу қашып,
Бес жасар бауырына қызын қысып.
Ол енді ауылына оралмайды,
Жағдайы оралғанмен оңалмайды.
Өлтірді Мамайды атып қанішерлер,
Жауыздар ойламады-ау, обал жайлы.

Кетеді сонан беті ауған жаққа,
Хал бітті екі-үш күндей өткен шақта.
Ең соңғы бойындағы күшін жинап,
Жетіпті біз кездескен сол бұлаққа...

XV.

Осындай өткен шырақ заман канды,
Осылай Дәуле ұрпағы тамамдалды.
Кездесіп мейрімді, ер жігітке,
Әйтеуір Жамал тірі аман қалды.
Ызғары өткен өмір мұздатқандай,
Түнерді қабағына мұз қатқандай.
Күрсініп атай ауыр, қалды үнсіз,
Ескі дерт көкірегін сыздатқандай.
— Уақыт — дедім неткен жүрдек еді,
Табамыз, жоғалтамыз бірденені,
Ауырып қалды Жамал деп едіңіз,
Барма, оның өлі, тірі, бір дерегі.
Кеткендей кенет қызық өмірге еніп,
Қабакқа қатқан мұз да төгілді еріп,
Жадырап менін қойған сұрағыма,
Күлді атай ерекше бір көңілденіп.
Үйіріліп жанарына әлем ізге,
Кейпінесалды шаттық әдемі ізді.
— Өлмескүл, уа, Акбибі мұнда кел деп,
Шақырды ас үйдегі әжемізді.
— Өлмескүл! Бұл атты ешкім білмейді әлі,
Бар сірә, мұның да бір мемуары.
«Ақ әже, Ақ бәйбіше, Акбибі» деп,
Атайтын шешемізді жұрттын бәрі.
— Не, болды, — деп күлімдеп келді ана,
Қасыңнан кетіп ем ғой жаңа ғана.
— Бәйбіше — деді атай кенк-кенк күліп,
Сұрайды Жамал жайлы мына бала.
Бұл есім екеуіне қымбат қандай,
Тастады ойды сырып мұң батпаңдай.
Екеуі рахаттана күліп алды,
Құпиябұлкүлкіде сыр жатқандай.

— Тасытып отырушы ең сөзді селдей,
Бәйгеден озып келген ақтангердей.
Кәртайып қалғансын ба отағасы-ау,
Несіне киналасың айтып бермей.

— Бәйбіше, койма маған олай нүкте,
Жетпіс жас біздей ерге ауыр жүк пе.
Аштықтан аман қалған, соғыстан да,
Мен енді бой бермеймін кәрілікке.
Соғыста мергендікпен дараландым,
Бес рет, соңғыда ауыр жараландым.
Татар дәм бітпеген соң қалдым тірі,
Жарығы шығар мынау балалардың.
Шыдаған бұл өмірдің аштығына,
Шыдағам фашистердің қастығына.
Касірет, қайғыға да қайыспаған,
Бәйбіше, ризамын жастығыма
Мәңгілік өмірге ешкім жаралмайды,
Соны ойлап көңіл аздап алаңдайды.
Кездестім ажалмен де сан бетпе-бет,
Жанымды ол да оңай ала-алмайды.
Адамға ажал сеуіп заман көшкен,
Қаншама ауыр азап амал кешкем.
Қанкешіп, оқ пен отқа орансам да,
Бір сәт те шығармадым Жамалды естен,
Кідірмейсоғыстан соң елге тарттым,
Бетке ұстап Әбдрахман үйін қарттың.
Жамалды тірі болса табамын деп,
Өзімеіштей үлкен міндет арттым.
Елінсіз сыртта жүріп ер болар кім,
Жиырмада туған жерге елге оралдым.
Әбекең өліп, үйі көшіп кеткен,
Жан білмейді кеткендерін қайда олардың.
Тірелдім тағы келіп бір тұйыққа,
Батқандай түпсіз терең тұңғыыққа.
Кетіпті Жамал тірі бұл арадан,
Бір міндет — іздеп табу тұрды иықта.
Колхоздан келгендерді іздеп барып,
Әркімнен жүрдім үзбей сұрау салып.

— Жамал көп аулымызда — дейді олар,

Қайтпадым қуанарлық хабар алып.
Олардың үйін біреу алған сатып,
Зауытта еңбек еттім сонда жатып.
Бала етіп алды мені Құлыбек қарт,
Жақсы адам шешеміз де өте жатық.
Жастары екеуінің қатар екен,
Негізі шешеміздің татар екен.
Өзінің айтқанынан қайтпайтұғын,
Мінезі әкеміздің қатал екен.
Бір ұлы екеуінің Мұсасы бар,
Әкейдің көңілінің құсасы бар,
Сеземін, өмірдің де көрсеткен көп,
Аямай әкемізге қысасы бар.
Бір күні әкей қатты сырқаттанды,
Кештетескі-үш рет естен танды.
Бір есін жиған кезде қуып шықты,
Қалдырмай үйде менен басқа жанды.
— Деді әкей, құпиямды ашам шырақ,
Мен өлмей тірі жанға айтпа бірақ.
Құлыбекемес атым Мамай менің,
Қинама мұның мәні-жәйін сұрап.
Керімбекемес әкем Қыдырбекті,
Бақ тайып, басымыздан қыдыр кетті.
Өзімнің аты-жөнімді жасыруға,
Келген бұл жаңа заман құзыр етті.
Басшынын ол кездегі болмай сауы,
Жыртылған талайының омырауы.
Өкеткен көпшілігін бір түнде ұстап.
Тағылған деген атақ «халық жауы».
Кеткенмінбір себеппен елден безіп.
Күнкөрдім тау паналап, дала кезіп.
Төрт-бес жыл болды мұнда келгеніме,
Адамныңмені білер жоғын сезіп.
Нұрақжан, азаматсың өте зерек,
Өлгенде болу қажет дұрыс дерек.
Сұрайды мен өлген соң ат-жөнімді.
Сен сонда осылай деп айту керек.
Иебол от басына, кетсем өліп,
Қайырым азаматқа берер көрік.

Ержетіп Мұсамды бір үйлендіріп,
Қызығын деп ойлаушы ем кетсем көріп.
Шырағым ықаласқа едім сараң,
Көзіме көрінгеннен сенің қараң.
Ерекше жақсы көріп кеттім сені,
Сені де деймін менің туған балам.
Түзеліп келе жатыр мынау заман.
Көруге қызықтарынды жетпес шамам.
Габамыз Жамалды да үйлендірем,
Осыдан өлмей тірі қалсам аман.
Мейірім онда менің қанар еді,
Ошақтан отым сөнбей жанар еді.
Менің де болып еді жалғыз қызым,
Шырағым, оның да аты Жамал еді.
Әкейдің жүре берді түсі суып,
Тістенді көкірегін қасірет буып.
Көзінен моншақтап жас төгіліп,
Бастағы ақ жастықты кетті жуып.
Сездім мен іші қатқан мұз екенін,
Қатырғаноны өмірдің сызы екенін.
Сол сәтте білмедім ғой мен іздеген,
Жамалдың сол кісінің қызы екенін.
Үндемейжатыр әкей өңі қашып,
Қасіреткөкіректегі дертке ұласып.
Есімнен танып қала жаздадым мен,
Қалғанда дәрі ораған газетті ашып.
«Сауыншы Жамал» деген тақырып тұр,
Нүреке мен мұнда деп шақырып тұр.
«Қызылту» колхозында сауыншы екен,
Табысты жүрген судай сапырып бір.
«Өсірген тәрбиелеп болып қорған,
Әкесі Әбдірахман қайтыс болған.
Қолыңда 65-те анасы бар,
Ал, Жамал 18-ге биыл толған.
Өмірі жаза берсе болар дастан,
Еңбекке он бес жаста араласқан.
Көрінді стахановтар қатарынан,
Өзінің жастығына қарамастан»...
Жанарым қуанышты жасқа толып,

Шыға алмай мақаланы оқып толық.
«Қуанған қорыққанмен бірдей» деген.
Отырмын бүкіл денем дел-сал болып.
Домалап көзімнен жас тізбек-тізбек,
Артымда жатыр «сайрап» азапты із көп.
Егер де әкей сау боп, жолды білсем,
Жамалды кетер едім сол түні іздеп.

XVI.

Арада бір азғана күндер өтті,
Әкей де айығуға бұрды бетті.
Алаңдап сол кісіге жүр едім мен,
Жамалды іздеп шығар күн де жетті,
Шыдауға шамам жетпей бұдан артық,
Алдағы күндеріме үміт артып.
Әкейдің қаракерін сұрап мініп,
«Қызылту» колхозына кеттім тартып.
Жүрісі кандай майда Қаракердің,
Сілтеуі, адастырмай жолдағы елдің.
Араға екі қонып, үшінші күн.
Жамалдың ауылына жетіп келдім.
Күн батқан, әйелдер жүр сиыр сауып,
Сол жерде Жамалды да алдым тауып.
Білгенде менің Нұрақ екенімді,
Жанбырдай көзінен жас кетті жауып.
Құшақтап егілді қыз, төгілді шер,
Кеткендей болды маған айналып жер.
Жұбатып екеумізге ақыл айтып,
Шешейге алып келді жиналған ел.
Танымай қалды мені шешей Рәш,
— Апатай, — деді Жамал — мынау Нұраш,
Сол кезде айқай салып көрісті ана.
— Құлыным, сені де аман көрдім бе рас?
Атаң да ықыласын арнап еді.
Өзіңді іздеп табу арман еді,
Жете алмай кетті әттең мақсатына,
Өлерде сені еске алған еді.
Тарқатып ана шерін мауқын басты,
Көрсетті туғандайықыласты.

Тай сойып, ертеңіне, ел жиналып,
Табысу, ұлан-асыр тойға ұласты.
Бұл тойға келді колхоз басқармасы,
Кісі екен елулерден асқан жасы
— Деді ол: — Ауылда бол-ферма басқар,
Өміріңніңболар осы басты арнасы.
Шешей мен Жамал мұны көрді мақұл,
— Бұл ағаң айтып отыр дұрыс ақыл.
Келіссе әкеңді де көшіріп ал,
Тұрармыз көмектесіп келмесе ақыр.
Өттік қой бәріміз де кезден қиын,
Заманнан кешегі бір ала құйын.
Сарыла күтіп едік, келдің аман,
Иебол, мал-жаныңа, мынау үйің.
Болады жат та жақын қадірі асса,
Кейбіреу ұмытады адыр асса.
Ұмытпай Жамалыңды іздеп таптың,
Екеуің — деді енді ажыраспа.
— Әр адам тағдырына болар малай,
Өмірдіжас та болсақ көрдік талай.
Арманым осы еді ғой менің күткен,
Ал, бұған қарайды екен Жамал қалай
— Мен сені — деді Жамал, — жүрдім тосып,
Мінеки, құдай бүгін отыр қосып,
Қарсыалды ауыл тегіс жатсыңбады,
«Бұл кім». — деп қараған жоқ саған шошып.
Өмірдің оңай емес жүгін тиеу,
Тұрғаным жоқ, жан-жағымда толып сүйеу.
Болайын аға болсаң қарындасың,
Келісем, қалам десең болып күйеу.
— Дегенде қапелімде қалдым сасып,
Кеудемді шаттық кернеп, қаным тасып.
Жамалым өткір болып өскен екен,
Жасқаншақ, тым бұйығы болмай жасық.
— Өтерем — дедім іздеп, табылмасаң
Деуші едім сені тауып дамылдасам.
Табылдың, енді көзден таса етпеймін,
Сол болам өзің кім бол деп қабылдасаң.
Бәрінің жүрегіне жылы тиді,
Шешеміз екі беттен кезек сүйді.

«Тағдырың енді менің қолымда» — деп,
Шаттана күліп Жамал басын иді.

XVII.

Лаулады, үміт оты қалмай өшіп,
Мақсатым орындалып, көңілім өсіп.
Әкейге келіп барлық жағдайды айтып,
— Барайық — дедім сонда түгел көшіп.
— Сағынып жүруші едім қайран елді,
Бұл жақсы ой қаперіңе қайдан келді.
Келістім, өлсем елде қалайын-деп,
Ауылға әкей бірге көшіп келді.
Кеттім мен бастық болып бастап істі,
Ай өтпей келің болып Жамал түсті.
Бірігіп екі үй үлкен той жасады,
Сол тойда бір оқиға болды күшті.
Колхоздан келген алыс, қарттың бірі,
Ерекше өзгелерден денесі ірі,
Құшақтап әкемізді жылады ол,
— Мамайым, жүр ме едің, — деп, аман — тірі,
Не дерін білмей әкей қалды сасып,
Өзінің құпиясын алғанға ашып.
Қарттыертіп біз отырған үйге кірді,
Әкейдің кеткен екен өңі қашып.
Қария мұның жәйін бірден біліп,
Бетіне карап оның жәйлап күліп.
— Сен — деді — заң жүзінде ақталғансың,
Ұсталған, белсенділер салған бүлік.
Өзінді билетіндер қалды азайып,
Кездесу болды мынау, бір ғажайып.
Қалдың сен қалай тірі, келін қайда,
Қысқаша соны айтып бер, отырайық.
Отырды екеуі де малдас құрып,
Бір шетін шымылдықтың қойдым сырып.
— Құреке, — деді әкей, — сол жылдары,
Тұқымы талайлардың кетті-ау құрып.
Балам мен әйелімнен алды бөліп,
Азап пен қасіретті келем көріп.
Өкінем өлмей тірі қалғанымға,

Кетуім керек еді сол жолы өліп.
Оқ тиіп, аттан түспей кеттім шауып,
Құлапшын таң алдында есім ауып.
Күншықпай бір ауылға атым барған,
Қызылқан омырауым кеткен жауып.
Көреді жүрген әйел сиыр сауып,
Қояды ат кісінеп ауық-ауық,
Айтады әйел келіп күйеуіне,
Сол ауыл жабыла іздеп алған тауып.
Жатқанда ес-түсім жоқ, ауру мендеп,
Келеді оншақты адам қару теңдеп,
Бар екен іштерінде дәрігерлері,
Оқты алып иықтағы кетеді емдеп.
Жазылған иықтағы жара шала,
Естідім жоғалғанын қатын-бала.
Соларды ел жағалап кеттім іздеп,
Қалмады менде бұдан басқа шара.
Жіберді торықтырып мүлде мені,
Қаптаған дала адамның мүрделері.
Көргендетірілерді жан түршігер,
Тышқан ба, жеп отырған бірдеңені.
«Токшылық адамға не дегізбейді,
Жоқшылық кісіге не жегізбейді». —
Дегендей, көрдім не бір сұмдықтарды,
Кездессеңсенен осал жер іздейді.
Қайғыдан, қасіреттен үгілдім мен,
Бетіне өлі әйелдер үңілдім мен.
Не өлі, не тіріден таппасам да,
Демедім енді олардан түңілдім мен.
Кетседе жау талқандап қамалымды,
Таба алмай, тауыссам да амалымды.
Бір жерден шығар-ау деп күтіп жүрмін,
Сүйікті Ақбілек пен Жамалымды.
— Дегенде Жамал тұрды айкай салып,
— Әке, ...! — деп құлап түсті, қалды талып,
Түсінбей не болғанын отыр әкей,
Көтеріп Жамалды ел кетті алып.
Сол кезде қызды өсірген шешей келді,
Егіліп еңіретті тұрған елді.

Өзі де ағыл-тегіл жылап тұрып,
Жамалдың өмір-жолын айтып берді.
— Бұл сенің жазылмаған бітеу жараң,
Болған жоқ тумаса да менде де алаң.
Мамай мен Ақбілектен тудым дейтін,
Сен Мамай болсаң, Жамал сенің балаң.
Әкейдің сұп-сұр болып кетті ажары,
Көрген жан деп қалғандай жетті ажалы.
Мелшиіп отыр көзден жас сорғалап,
Қалғандайсөйлеуге де жетпей халі.
Тебіреніп кетті халық, мұны көріп,
Бір кезде кетті әкей күңіреніп,
— Жұртым-ау, әкелсейші, Жамалымды,
Арман жоқ кетсем енді бүгін өліп.
Жамал да осы кезде кірді жылап,
Алдына әкесінің түсті құлап.
Жиналған көпшіліктің ортасынан,
Осылай маздап жанды жалғыз шырақ.

XVIII.

Біріміз-бірімізді солай таптық,
Қосылдык өшкен ошақ отын жақтық.
Табысып Жамал туған әкесімен,
Қарттарды өле-өлгенше күтіп бақтық.
— Мұндайда жыртық көңіл жамалмай ма,
Құлшырып өмір қайта жаңармай ма?
Қосылған осыншама тарих кешіп,
Ал, енді сол шешеміз Жамал қайда?
Бетіме қарады әкей кеңк-кенк күліп,
Ойлап ем, отыр ғой деп сезіп біліп,
Шырағым мұнша аңқау боларсың ба,
Деп мені әзіл сөзбен тастады іліп.
— Біз жүрміз содан бері аман-есен.
Мол болды жігіттіктен алар есем,
Анасы балалардың, менің жарым, —
— Деді атай — мына отырған Жамал шешен.
— Торындай өмір жолы өрмекшінің,
Талшынып биіктерге өрлеш күнім,
Аштықтан, сан аурудан аман қалған,

Бұл менің Әбекең Өлмесгүлім.
Сол аты еркелетіп айтқан бірде,
Жамалмен келе жатыр жасап бірге,
«Ақбибі», «Ақбәйбіше», деймін өзім,
«Ақәже» деген аттар — деді кірме.

XIX.

Осындай басымыздан кештік күйді,
Бір үйдей болып кетті жан екі үйлі.
Мен — Жамал, Мұса — келін, еңбек етіп,
Мол болды ырысымыз тұрдық дыйлы.
Алмасын бастан алла бағымызды,
Азаппен суалтпасын жағымызды,
Қөрмесін қазіргі жас кейінгі ұрпақ,
Қасіретті біздің жастық шағымызды.
Өткізген ел басынан не бір сұмдық,
«Құдайдың жазуы» — деп мойын ұсындық,
Бұл менің өз көзіммен көргендерім,
Бір ауыз қоспасы жоқ бәрі шындық.
Соқпасын енді қайтып ол ауыр жол,
Еңсесін халқымыздың баспасын сор.
Бақытан, молшылықтан айырмасын,
Құдайдан жатсам-тұрсам тілегім сол.
Соғысып халық сеңдей ағыстағы,
Қырылды миллиондар бағы ұшпады.
Отырып, әкей бір кез шарт жүгініп,
Бір құран өлгендерге бағыштады.
Майлары қорытқанда торта болмай,
Тірінің қазандары орта болмай.
Құдай рахым, пайғамбар шапағат қып,
Өлгендердің топырағы торқа болғай.
Аллауһақпар!!!

XX.

Түйін:

Ол кезде болған өте бірлік мықты,
Ұлдарыинабатты, қыз қылықты,
Екі-үш үй бір бөлмеде қыстап шыққан,
Ешқашан жоғалтпаған татулықты.

Бірлесіп өмір сүрген болып қауым,
Біреудің алмай біреу бір бұрауын.
Келіспей қалған жағдай болса ауылда,
Ақылмен ақсақалдар шешкен дауын.
Ал, қазір бір арнаға құймай жүрміз,
Бақытты басқаларға кимай жүрміз.
Екі-үш үй бір бөлмеде тұрмақ түгіл,
Екі адам бір ауылға сыймай жүрміз.
Ұмыттық үлкендерге кішілікті,
Шіреніп, көрсетеміз кісілікті.
Жоқ кезде тату-тәтті, болған едік,
Өзгертті-ау, бұл тоқшылық түсінікті.
Ойланып отыр міне, ақын бүгін,
Біле алмай ақымақ кім, ақылды кім,
Азамат көтереді әкім жүгін.
Кез келген көтермейді ақын жүгін.
Біреулер-біреулерге жүр ор қазып.
Қорқамың, бара ма деп адам азып
Жақсылық ойламайтын жандар бар-ау,
Тек қана жамандықты еткен азық.
Келгенде толғау соңғы тарауына,
Су құйып шабытымның алауына,
Барынша кедергісін жасап бақты,
Құрт кірген інішектер танауына.
Жасады не бір қикар қылықтарды,
Есіктер кіріп — шығар құлыпталды.
Малтығып батпағына шылықтардың,
Толғауда кібірткітеп тұрып қалды.
Мастанған бір кішкентай қонған баққа,
Ақыл сөз өтпеді ол ақымаққа.
Шарық ұрып кетпей шабыт тоқырады,
Бөлініп ойым онға, санам саққа.
Машина бұзылғанмен шофер аман,
Шабыт та сол сияқты тоқыраған.
Түсінсін оны қайдан ол сияқты,
Ой саяз, көкірек көз соқыр адам.
Көнбейді тағдыр адам қалауына,
Келтірмей алды-артыңа қарауыңа,
Құртыңды домалатып түсіреді,
Бір күні сым жүгіртіп танауыңа.

Ақылды азаматтар ел басқарған,
Ешқашан қарамайды жерге аспаннан.
Сөз ұстар басшы шығып жарытпайды,
Кияңқы бұл сияқты желбастардан.
Жатқаным қатты айтып ий қандырып,
Шындықты жеткізу ғой иландырып.
Мен саған тілемеймін жамандықты,
Тілеймін болса екен деп имандылық.
Тұр елді қазір мынау қинап заман,
Өмірде адам біткен болсын аман.
Кездескен кедергіні жеңе отырып,
Осымен поэма да болды тамам.

1987 жыл.

САМҒАУ

Толғау

Әліпбек Бекетаевқа

Өткіздік өмір кенеусіз,
Ешкімді желеп-жебеусіз.
Лайықты теңеусіз,
Қолтығынан демеусіз.
Не бір асыл азамат,
Өтті өмірден елеусіз.
Бәріміз дана, дарамыз,
Жақындамай арамыз.
Жатады іште аламыз.
Күншілдік жеңіп сезімді,
Жақсыны іштен шаламыз.
Жасағанын жақсының,
Жасауға жетпес шамамыз.
Іштен бықып жанамыз,
Жабуға дайын жаламыз.
Біреулерді біреуге,
Көзбе-көз айдап саламыз.
Жолына бомба жарамыз.
Қанағат таппай қанамыз,
Елуге дейін баламыз.
Қартайып сон-соң қаламыз.
Осылай қапы қаламыз.
Оянбай сәби санамыз,
Өмірден өтіп барамыз.
Ақыл айтар кемеңгер
Жоқ па, біздің данамыз.
Дананы туар анамыз,
Жоқ шығар рас, демендер,
Таусылмасын шарамыз.
Бәрі де бар, бірақ біз
Танымай кетіп барамыз.
Кетердеп асып қорқамыз,
Суырылардай қолқамыз.
Сырт көзге толық болғанмен,

Ойсырап тұрар ортамыз.
Өлекеңдей жақсыны,
Байқамаймыз жорта біз.
Даналар өтіп кетіпті,
Еттен шыққан сорпамыз.
Майдан шыққан тортамыз,
Жақсыларды дәріштеп,
Көрсетуге қорқамыз.
Адамның бәрі ез емес,
Матаның бәрі бөз емес.
Тот баспайды асылды,
Алтын деген жез емес.
Ақылды, абзал адамды
Көреді басқа өз емес.
Аққуға мылтық кеземес,
Адамның кейбір кезі елес.
Болады ақын турашыл,
Айтарын қорқып тежемес.
Жақсыны сезбес жүрек тас,
Жақсыны көрмес көз емес.
Жетпесе өзге жүрекке
Айтқаның онда сөз емес.

II.

Әліпбек жайлы дастаным
Сан рет жыртып тастадым.
Сан рет қайта бастадым.
Бәрі бір алға баспадым.
Ойламайтын бас қамын,
Жағдайын ойлар басқаның,
Біртуар марқасқаның,
Болсам да сөздің зергері,
Тұлғасын айқын ашпадым.
Сөге алмай ойдын астарын,
Қиялдың шарлап аспанын.
Жүрдім талай ашқарын,
Әлекен асқан асудан,
Сөзбен де болсын аспадым,
Жаза алмай жырды сүйсінтер,

Достары түгіл қастарын.
Өтті үш-төрт жастарым.
Мен көтере алмадым,
Көтерген оның тастарын.
Әлекең асқан еңбекпен,
Аса алмай қойдым асқарын.
Өрбіте алмай өмірін,
Сөзіме толмай көңілім.
Әлекем жайлы дастаным,
Сан рет жыртып тастадым.
Болар деп мұным жасықтық,
Қиындықтан қашқаным.
Тәуекелге бел буып,
Тағы да қайта бастадым.
Алпысқа келді Әлекен,
Мен елу үш жастамын.

III.

Даланың асқар тауы көп,
Ақынның достан тауы көп.
Сақтанғандардың сауы көп,
Жақсыдан тарар тағылым
Шаппаған жердің қауы көп
Жаманның жанжал — дауы көп.
Көліксіз жанның лауы көп,
Ешкімге сүзбей көзінді,
Еңбегінді сауып өт.
Құратпайгүлін көңілдің,
Нөсерлетіп жауып ет.
Тұтамдай қысқа өмірдің,
Әркүнін думан-сауық ет.
Сияқты мынау Әлекең,
Кібіртіктемей шауып өт.
Қалаулы болып халқыңа
Ортаңнан орын тауып өт.
Өйтпесеңісің өнбейді,
Икемге тағдыр көнбейді.
Ел жаққан шырақ сөнбейді,
Қолдаса халқың өзінді,

Төтеден қауіп тенбейді.
Астан-кестең су тасып,
Жүрсе де жойқын сең мейлі.
Атқарған ісін алыптың,
Демейтін шаршап-жалықтым.
Еңбегі сіңген еліне,
Өміріне, қанықпын.
Бекетай ұлы Әліпбек,
Адал ұлы халықтың,
Аша алмай жарқын бейнесін,
Шабытымды сарықтым.
Қыспағына түскендей,
Көңілім мынау нарықтың.
Кейде күнін кешемін,
Құрлыққа шыққан балықтың,
Шегіне жетіп төзімнің,
Таң ата кейде көз ілдім.
Дарынымды сөгіп өзімнің
Өленненкейде безіндім.
Әлекең жайлы жаза алмай,
Дәрменсіз жандай сезіндім.
Шалкуын күттім шаббытың,
Серпінін күттім сезімнің.
Өткерген ыстық-суықты
Адамды ажал қуыпты.
Аштықпен матап буыпты.
Сан шаңырақ құлаған,
Сындырып мықты уықты.
Миллиондар жылаған,
Жоғалтып жақын-жуықты.
Отыз екінші жыл еді,
Әлекең сонда туыпты.
Қиындықпен шыңдалып,
Мыңды беріп, мыңды алып.
Азамат болды уытты.
Көтерді ауыр салмақты,
Әкемен бірге мал бақты.
Шоферда болды біраз жыл,
Ауылына ардақты.

Алды білім жетерлік,
Бітірмесе де Қарнақты.
Мектептен өтіп бірнеше,
Азамат болды жан-жақты.
Түсіп түзу калыпқа,
Қалаулы болды халыққа.
Ерекше қайыр қылады,
Әлсіздер мен ғарыпқа.
Әділетті ту еткен,
Ісіне риза халық та.
Дұшпаны құлата алмады,
Көрді талай шалып та.
Ел үшін еткен еңбегі,
Шығарды оны жарыққа.

IV.

Сенімі елдің өтелді,
Өмірден мұңсыз өт енді.
Шоферлықтан көпшілік,
Басшылыққа көтерді.
Әділетті ту етті,
Жатсынбайды бөтенді.
Дәріштеуге лайықты,
Жасады қолдан ғайыпты.
Ақ-жаркын, ашық, ақылды,
Қабілетті, жомарт, байыпты.
Толқындай теңіз бетінде,
Ескексіз ескен қайықты.
Түнере шыққан қара бұлт,
Сан рет төніп айықты.
Өсірген өзін халықтың,
Алдында болмай айыпты.
Құлашын кеңге жайыпты,
Қай жерде жұмыс ақсаса,
Жіберді Бекетаевты.
Артта қалған кеншарға,
Басшы біп келіп байытты.
Ел талай алғыс айтты,
Қосылған жары Мәриқұл,

Болды өзіне лайықты.
Екеуін көрсе болды жұрт,
Көргендей Еділ—Жайықты.
Қиындық бастан кешірді,
Еңбекпен еркін көсілді.
Заманына сай етіп,
Сегіз бала өсірді.
Ата-ананың олар да,
Жақсылығын көшірді,
Түспеді жолға кесірлі,
Жамандық жолы кесілді.
Тәрбиенің түйіні,
Шиеленбей шешілді.
Әлекең мен Мәкеңнің,
Мерейін сөйтіп өсірді.
Әлекең алған асқарды,
Жаңалық талай ашқан-ды.
Мүз төсеп, қарды жастанды,
Демейді ешкім Әліпбек,
Қиындықтан жасқанды,
Тәрбиелеп шығарды,
Тамаша талай жастарды.
Сабасына түсірді,
Мейманасы тасқанды,
Табыстырды қайтадан,
Ақылдан ажырасқанды.
Биікке шығып бұл күнде,
Тұрғандай сыйпап аспанды.
Ес білгелі көрмедім,
Әлекеңнен асқанды.
Өрен жүйрік тұлпардай,
Құтқармайтын қашқанды.
Ақылымен досты қуантып,
Дұшпанның мысын басқан-ды.
Еңбегі жанып Әлекең,
Отыз жыл кеншар басқарды.
Ілтипатпен атын ататты,
Жақсылықпен жауын матапты.
«Ауыл шаруашылығы үздігі»,

Деген алған атақты.
Тағдырын налып сөкпеген,
Абыройын ешкім төкпеген.
Елеулі болып еліне,
Батамен өсіп көктеген.
Қиындықтан жол табар,
Тіл табысып, көшпенен,
— Бар — дейді — асыл Азамат.
Ұлытауда мынау көптеген
Болаттай мықты берікті.
Елінен алған ерікті,
Азаматқа халық сеніпті.
Табиғат оған аямай,
Таусылмас талант беріпті.
Мектебінен өмірдің,
Түгелдей өтіп келіпті.
Сенімін елдің ақтап жүр,
Дей аламыз Серікті.
Сабыржан елдің ағасы,
Арналы өлең сағасы,
Еңбегі сіңген ауданға,
Ерекше оның бағасы.
Бойында жігер-қарқын көп,
Жастар бар жүрген халқым деп.
Үлкен үміт күттірер,
Теңізбай ұлы, Жарқынбек.
Болсын деп бүгін тілейік,
Болашақтары жарқын тек, —
— Деді бізге Әліпбек.
Азаматтарды дәріштеп.

V.

Әлекендерді айту да,
Артық емес алып деп.
Бойында жігер бөртеді,
Сөйлесе мұзды ертеді.
Тарихын елдің сұрасаң
Шежірені шертеді.
Тындағанда адам елтеді.

Көзалдыңнан өтеді.
Данасы елдің, тентегі,
Түсінгендерге ғибарат,
Кейбіреулерге ертегі.
Қасиеттерін түгенден,
Жеткізе алмай отырмын,
Ауызбен айтып мен тегі,
Алпыста абзал азамат.
Өмір неткен келте еді,
Шабыт беререр ақынға,
Бай өнерге, ақылға.
Мейрімін төгеді,
Дәрменсіз кейбір пақырға.
Өсіреді көгалды,
Құлазыған тақырға.
Әлекеңнің тұлғасы,
Ұқсайды көзсіз батырға,
Алпысқа келді азамат.
Той болды жақында.
Далаға жаса тойынды,
Қамап қойма шатырға.
Әлеке, тойға барамыз,
Шақыр, мейлі шақырма.

МАЗМҮНІ:

I. Ар — таразы.

| | |
|--|----|
| Татулық | 5 |
| Мінездеме | 6 |
| Мінәжат | 8 |
| Борышын | 9 |
| Алтын жима | 9 |
| Өмір соқпақтары | 9 |
| Дегізбейік ағайын | 13 |
| Неге бұлай? | 14 |
| Шайқалмасын тыныштық | 15 |
| Өткеннің тірі куәсі | 16 |
| Қазақтың бөрік киген қара шалы | 17 |
| Мейман | 19 |
| Тәтеме | 19 |
| Ініме хат | 20 |
| Жаралы киік | 23 |
| Атайдың мұңы | 25 |
| Мен де шәкірт болғанмын | 29 |
| Ұстаздар аманаты | 31 |
| Ардагер | 32 |
| Абыржыма ағайын | 32 |
| Бәрі де керек өмірде | 35 |
| Ойлаушы едім дұшпаным жоқ деп менің | 36 |
| Кезі бар | 37 |
| Ойлан достым | 37 |
| Бар жақсы | 38 |
| Жомарттық | 38 |
| Болмаса екен өмірде тастандылар | 39 |
| Жаялық қасиеті | 41 |

| | |
|-------------------------|----|
| Қамқоршы қарт | 43 |
| Бір сәт | 45 |
| Жақсылық зая кетеді | 45 |
| Сәбилік кез | 47 |
| Өмірдің жаздым дастанын | 48 |

2. Туған жер — алтын тұғырын

| | |
|-------------------------|----|
| Таудан тамған тамшы сыр | 51 |
| Зыңғыр тауда | 55 |
| Алтыншоқы | 57 |
| Әке сағанышы | 59 |
| Бөлендінің тоғаны | 60 |
| Табиғат жүдеп барады | 63 |
| Туған жер | 64 |
| Армысың ауылым | 65 |
| Көктем келді | 65 |
| Шеңберім | 66 |
| Елім менің | 66 |
| Жаңбыр | 67 |
| Уақыт | 67 |
| Бабам менің | 68 |
| Қос дуадақ | 69 |
| Жазғы түн | 69 |
| Көктемде | 70 |
| Туған жер туралы толғау | 70 |
| Құлазып тұр саябақ | 76 |
| Ауылымды сағындым | 77 |
| Көршілер | 78 |
| Тіліміз өгейсімесін | 79 |

Баба тау 80

3. Көңіл көктемi

| | |
|----------------------------------|-----|
| Күрсінбеші | 84 |
| Жұмбақ келіншек | 85 |
| Махаббат оты сөнбейді | 87 |
| Сенен сұлу өтпеген шығар жаным | 88 |
| Әйелдер-ай | 89 |
| Өкпелемеші | 90 |
| Еске алу | 91 |
| Бір тілек | 92 |
| Қыз жауабы | 93 |
| Н-ға | 93 |
| Қарағанды | 94 |
| Махаббат үкімі | 94 |
| Ақ шашым менің ақ туым | 94 |
| Сен мен үшін | 95 |
| Есіңде ме | 95 |
| Махаббат | 97 |
| Сен мен үшін ақ қанат періштесің | 98 |
| Ұрыспашы | 99 |
| Кешір мені қарындас | 100 |
| Қабағыңды шытпашы | 100 |
| Кетпеші жаным суынып | 101 |
| Ауылдан аттанғанда | 102 |
| Алғашқы махаббат | 102 |
| Бақыт деген байлықпен өлшенбейді | 103 |
| Махаббат қартаймайды | 103 |
| Кесірлі келіндерден сақта құдай | 104 |

| | |
|---|-----|
| Ана аманаты | 106 |
| Анама | 107 |
| Балама хат | 108 |
| Айналайын Әселім | 109 |
| Немеремнен айналдым, балам саған айтарым | 109 |
| Байқа балам | 111 |
| Өмір өтіп барады, өмір өтіп | 111 |
| Әжеме | 115 |
| Қарындасым Мағрипаға | 115 |
| Айгүл туғанда | 115 |
| Бейсенкүлге | 116 |
| Немерем Шаһеризадаға | 116 |
| Әкеме | 117 |
| Көкем Майлыбай Бектүрұлына | 117 |
| Азаматсың қалатын ел есінде | 118 |
| Бар менің көңілімде бір арманым | 119 |
| Өлеңмен сырласу | 119 |

4. Поэмалар

| | |
|--------|-----|
| Мамыта | 122 |
| Самғау | 158 |

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ

ҰЛЫТАУДА ҰЛАР БАР...

(өлеңдер)

Редакторы Т. ӘЛЖАНТЕГІ.

Суретшісі Б. БЕГІМБЕТОВ.

Қорректоры Ж. МАХАТҚЫЗЫ.

Көлемі 9.2 баспа табак. Таралымы 1000 дана. Қа
ріп түрі — әдеби. Бағасы келісім шарт бойынша.

ISBN 5-7667-3865-X

Жезказған қалалық баспаханасы. Тапсырыс 461.

